

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ



4(28) шығарылым

қазан — қараша — желтоқсан

Жылына 4 рет шығады

Тарих, филология, педагогика,
экономика, жаратылыстану ғылымдары

Бас редактор

Т.З.РЫСБЕКОВ

тарих ғылымдарының докторы, профессор

Редакция атқасы:

- И.А. Тайманов** физика-математика ғылымдарының докторы,
РФ Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,
Новосибирск мемлекеттік университеті;
- Д.А. Усанов** физика-математика ғылымдарының докторы, профессор,
Чернышевский атындағы Саратов мемлекеттік университеті;
- Р.А. Абузьяров** педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
- М.К. Бисімәлиева** филология ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
- Б.Қ. Бірімжаров** тарих ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
- Т.Е. Дарбаева** биология ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
- С.С. Джубатырова** ауылшаруашылығы ғылымдарының докторы, М.Өтемісов
атындағы БҚМУ;
- А.С. Қыдыршаев** педагогика ғылымдарының докторы, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
- А.Мұханбетжанова** педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
- З.К. Мұхлисова** тарих ғылымдарының кандидаты, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ;
- М. Сабыр** филология ғылымдарының докторы, доцент,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ.

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен
07.12.1999ж. тіркеліп, № 971 – Ж куәлігі берілген.


Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен
09.08.2000ж. қайта тіркеліп, № 1432 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша диссертацияның
негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігі саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылым тізіміне енді.

Шығаруға жауапты: **А.Ә.Кожевникова**

ISBN 9965-553-82-3

© М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2007.
ТІРКЕУ НӨМІРІ 1432-Ж





Выпуск 4 (28)

октябрь - ноябрь - декабрь

Жылына 4 рет шығады

Исторические, филологические, педагогические,
экономические, естественные науки

Главный редактор

РЫСБЕКОВ Т.З.

доктор исторических наук, профессор

Редакционная коллегия:

Тайманов И.А.

доктор физико-математических наук,
член-кор. Академии наук РФ

Усанов Д.А.

Новосибирский государственный университет;
доктор физико-математических наук, профессор,
Саратовский государственный университет
им. Чернышевского;

Абузаров Р.А.

доктор педагогических наук, профессор, ЗКГУ;

Бисималиева М.К.

доктор филологических наук, ЗКГУ;

Бримжаров Б.К.

доктор исторических наук, профессор, ЗКГУ;

Дарбаева Т.Е.

доктор биологических наук, ЗКГУ;

Джубатырова С.С.

доктор сельскохозяйственных наук, ЗКГУ;

Кыдыршаев А.С.

доктор педагогических наук, ЗКГУ;

Муханбетжанова А.

доктор педагогических наук, профессор, ЗКГУ;

Мухлисова З.К.

кандидат исторических наук, доцент, ЗКГУ;

Сабыр М.

доктор филологических наук, доцент, ЗКГУ.

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999 г., выдано
Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации № 1432-Ж от 09.08.2000 г., выдано
Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в
сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для
публикации основных результатов диссертаций по филологическим,
историческим и педагогическим наукам.

Ответственный за выпуск: Кожевникова А.А.

ISBN 9965-553-82-3

© Западно-Казахстанский государственный университет им. М. Утемисова, 2007.
РЕГИСТРАЦИОННЫЙ НОМЕР 1432-Ж

ҒЫЛЫМИ ХАБАРЛАМА

НАУЧНЫЕ СООБЩЕНИЯ

ӨОЖ 342.725

Ұ.Р. Ержанова
ф.ғ.к., БҚМУ доценті

Ұлт тілі – ұлт дүниетанымын жеткізетін негізгі құрал

Қазіргі таңдағы ұлт тілдерін дамытуға және тануға жан-жақты мән беріліп отырған кезеңде тілді зерттеудің нақты үрдісі ұлттық ойлау жүйесіне тән ерекшеліктер мен заңдылықтардың тілдік деректері арқылы қарастырылу бағытымен сипатталады. Тіл мен ойлаудың бірлігінің арнасында қарастырылатын сондай жекелеген өзекті мәселелердің бірі – бірі тіл мен танымның арақатынасы. Осымен байланысты жеке ұлт тілі ретінде казак тілінің дүниетанымдық қызметі қарастырылуының маңызы оның ұлт мүддесі үшін қызметін анықтауында. Керісінше, ұлт дүниетанымындағы қасиеттердің, арнайы ұғымдардың ана тілімізде көрініс табуы олардың қолданыс ерекшеліктерін, тілдік айналымдағы орнын көрсетіп беру сияқты сұрақтар ауқымын жан-жақты аша түсуді қажет етіп отырғандығы да ақиқат.

Осы бағыттағы зерттеулердің алдыңғы легінде А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Р.Сыздыкова, Қ.Жаманбаева, т.б. ғалымдарымыздың есімі тұрады.

Ұлт болмысын тілмен тығыз байланыста қарап, «тіл мен ұлт біртұтас» деген қағида негізінде оларды өзара бірлікте қарау нәтижесінен туындап отырғандығы да шындық. Осы тұрғыдан әр тілдің өзіндік даму, қалыптасу ерекшеліктерін көрсететін танымдық негіздерін ашуға бағытталған жұмыстардың маңызды болатындығы да түсінікті.

Тіл – әр ұлт өмірінің тарихы мен мәдениетін, әдет-ғұрып, салт-дәстүр, тыныс-тіршілігін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші құрал.

Тілдің табиғатын ұлттың тарихымен, таным-түсінігімен байланыстыра тани түсудің қажеттілігінің мәнін тіл білімінде, соның ішінде казак тіл білімінің де ұлттық танымға негізделген жаңа үрдісті зерттеулері көрсетіп отыр. Мұндай бағыттағы

жұмыстардың жүргізілуі ұлттық болмыс пен тұрмыс-тіршілігіне, дүниетанымына қатысты ерекшеліктерді сипаттап, сайып келгенде, тіл мен ұлттың тығыз бірлікте екендігін дәйектейді. Сондықтан казак тіл білімінде тіл мен ұлттың тығыз байланысын, тілдің дүниетанымдық негізін, біртұтастығын, тілдің әртүрлі қырынан тарихи-мәдени тілдік деректер негізінде қарастырып, тілдік тұрғыдан кешендік сипатта саралаған жұмыстардың болашағы зор болмақ.

Шындық болмыс ойлау арқылы ғана жүзеге асады, тіл оны бейнелеу құралдарының бірі ғана. Дүниенің тілдік суреті антропоцентристік ұстаным негізінде құралады. Адам қоршаған шындық болмысты өзі арқылы, өзіне таныс дүниелер арқылы бағалап, танып-біледі. Дүниенің тілдік суреті адамның танымдық іс-әрекеті, ұлттық мәдениеті негізінде түзіледі және белгілі бір ұлт қауымдастығының өкілдеріне ортақ болады.

Когнитивтік лингвистика – тілдік білімнің табиғатын және оны қалай қолдану керектігін меңгертетін ғылым. Адамзат тілі ежелгі дәуірден-ақ таным құралы ретінде дүниені танып білуге, санада сәулеленген ұғым-түсініктерді жарыққа шығаруға қызмет етіп келеді. Адамзаттың алуан түрлі танымдық ұғым-түсініктерін оның тілдік танымынан ажырата қарауға болмайтындығы жөнінде аз айтылып жүрген жоқ.

Бүгінгі таңда ғылым алдында тұрған үлкен мәселелердің бірі – адам жөнінде біртұтас тұжырымдамалық бағыттар белгілеу. Адамға тұтастық деп қарау бірнеше ғылымның зерттеу әдістер мен құралдарының бір проблема үстінде тоғысуына әкелмек. Бұл мәселеден шығатын ең басты тұжырымды түйін: таным мен тілдің ара қатысының адам проблемасын шешуімен түйінделуі.

Ал тіл мен таным процестерінің ара қатысын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның ара қатысы адам баласының интеллектуалды өмірінде (оған тіл де кіреді) құндылықтар қаншалықты роль атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен таным ара қатысын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі. Аталған құрылымды жіктеп, бөлшектеп ұсыну өте қиын, дегенмен оны процесс ретінде алып қарау арқылы белгілі бір түйіндер жасауға болады.

Таным мен тілдің ара қатысы, сайып келгенде, адам проблемасының өзегі дара тұлға тұжырымдамасымен шешіледі. Оның себебі мынада: таным сыртқы дүние заттарына бағытталған тәрізді көрінгенмен, оны жүзеге асырып отырған

адам болмысы тұрғысынан бағдарласак, айтылған процестің үнемі ішке қарай (адамның ішкі дүниесіне қарай) бағытталғанын көреміз. Таным процесі адамның ішкі дүниесінің күрделі құрылымдарын тудырады және соған сәйкес сипаты да өзгеріп отырады. Осылайша, танымның жүрісін адам баласының ішкі қажеттіліктер дәрежесі белгілейді. Күрделі терең қажеттіліктердің біріне адамның өздігінен жетілуі кіреді. Өздігінен жетілу – ерекше дара қасиет. Іштей құптау, өзін-өзі өзектендіру, үздіксіз ішкі қозғалыста болу, өздігінен даму – терең беймәлім себептерден туындайды.

Ішкі терең қажеттіліктер ғана таным процесінің қозғаушы күші болады. Ішкі терең қажеттіліктер адам болмысының типі тілдік моделді анықтайды.

Қажеттілік - өте күрделі категория. Ағзаның биологиялық, психологиялық, әлеуметтік, рухани проблемалары қажеттілік негізінде туысады. Қажеттілік – ағзаның өзін-өзі сақтау және өзін-өзі дамыту, жетілдіру мақсатындағы әрекетін ұйымдастырушы тетік. Жеке адамның жетілу дәрежесі – қоғамның болашақ мүмкіндіктерінің көрсеткіші болып есептеледі. Жетілу - өте күрделі ішкі процестердің нәтижесі арқылы жүзеге асады. Ең қиыны – болашақ қажеттіліктерін бейнелейтін, әлеуметтік прогресті тудыратын жетілудің – өздігінен жүретін процесс екендігі. Адамның өздігінен даму түйсіктері ішкі қажеттілік шамасына қарай дамып жетіледі. Жетілу таным арқылы жүреді. Ал танымның шексіз жолы ішкі қажеттіліктердің сипатына байланысты.

Ішкі терең қажеттіліктер символдар арқылы оянады. Бұл процесс санаға эмоция арқылы белгілі болады. Енді өз кезегінде сана ішкі қажеттілікті қанағаттандыру үшін қайтадан символдар дүниесіне жүгінеді. Сөйтіп, терең негізі бар қажеттіліктердің сипаты символдар арқылы анықталады. Яғни, сана сыртқы факторларға тандаулы түрдегі тәуелділігін немесе ішкі өсу, жетілу қажеттілігін белгілі бір модельдің, форманың бойына жинақтау арқылы шешеді. Дара тұлға болмысы тудырған модель, форма – тілдік сана тетігі іске қосылғанда барып көптің қолданысына көшеді.

Өткен ғасырдың өзінде-ақ тілдік зерттеулер өзінің қалыпты шеңберінен шыға отырып, жаңа бетбұрыстарды қажет ете бастады. Тіл табиғатын зерделеу тек формалық сипаттамалармен шектелмей, адам өмірінде алар орны мен атқарар қызметін анықтауға, оның физио-анатомиялық негізін айғақтауға ұласты. Сондықтан тілдік құралдар құрылымдық лингвистиканың ғана

емес, сан алуан экстралингвистикалық салалардың нысанына айналды.

Осы қатарда қазіргі тіл білімінің маңызды мәселелері тізбегінде тілдің танымдық қызметін айқындайтын когнитивті лингвистиканың қалыптасып дамуын ерекше атауға болады. Тіл ғылымының бұл саласы адамның ойлау жүйесінің табиғатын, ішкі заңдылықтарын қарастырудың жаңа үлгісін құрады. «Тіл – амал, құрал, оның аркасында адам бір-бірімен қарым-қатынаска енеді, пікір алысады және бірін-бірі түсініседі. Тіл ойлаумен тікелей байланыста болғандықтан, сөзді және сөйлемдегі сөздердің бірлігінде ойлау ісінің жетістіктерін тіркеп отырады. Демек, адамның дүние танудағы жетістіктері сөзде, сөйлем құрылысында тіркеледі, сөйтіп, адам қоғамында пікір алысуға мүмкіндік жасайды» деп көрнекті ғалым С.Аманжолов атап көрсеткендей, тіл мен таным ұғымдарының сабақтастығы, тілдік құралдар арқылы адам санасында орнығатын танымдық белгілер мен үлгілер. Бүгінгі күні лингвотанымдық зерттеулер тілді танымдық әрекеттің жемісі деп қарастыру арқылы адам бойындағы ерекше табиғи қабілеттерге көңіл бөлуді мақсат етіп отыр. Когнитивистер адам тілді саналы түрде ғана қолданбайды, ол рефлексі түрде санасында орныққан танымдық қорды ретімен пайдалану арқылы қарым-қатынас жасайды, ойын сыртқа шығарады, пікірін айтады, тіпті жаңа затты да сәйкестендіре-салыстыра таниды деп есептейді.

Қазіргі тілдік зерттеулер ой, таным, тіл ұғымдарының ажырамас бірлігіне негізделген тың теориялық тұжырымдармен, ғылыми ұстанымдармен әр кез толығып отырады. Тілдің қоршаған болмыспен қарым-қатынасын анықтау, олардың үйлесімді сабақтастығын сұрыптау, бір-біріне құрал болар қабілеттерін жүйелеу, филогенез, этногенез принциптерін ғылымаралық байланыстың нәтижесі деп зерделеу секілді мәселелердің баршасы адам мен оны қоршаған әлем заңдылықтарынан туындайтын факторлар ретінде танылғанда ғана, адам санасының қызметі, қабылдау, тану әрекетінің табиғаты шынайы дүние арқылы, оның әсері негізінде қалыптасқан құбылыстар деп айкындалады. Соның негізінде «...шындықтан ой арқылы тілге жеткен және керісінше, тіл арқылы ой тізбегі мен шындыққа қайта оралған хабарлар мен деректер» болмысын саралау мүмкіндігі пайда болады.

Демек, тілді немесе қоршаған әлемді зерттеуге арналған тұжырымдар әр ғылым саласында, соның ішінде лингвистикада,

«тілде я болмаса тіл арқылы бекітілген деректер мен ілімдер» (Ж.Фолконье) арқылы дәйектеледі.

Адам баласының таным дүниесіндегі ең керемет сыйы – тіл феномені. Тіл кез келген табиғи құбылыстың белгіленуіндегі танымдық және коммуникативтік міндет атқаратын белгілер жүйесі. Тілдегі белгілер жүйесін іске қосып, ұғымдағы қабылданған бейнені сөзбен танбалау үшін, оған атау беруді жүйелі түрде орындап отыратын сөзжасамдық процесс.

Әдебиеттер:

1. Караулов Ю.Н. «Русский язык и языковая личность» М., 1987.264 б.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.320 б.
3. Аманжолов С. «Қазақ тілі теориясының негіздері» Алматы: «Ғылым», 2002. 368 б.

УДК 333.97(4/5:574)

Ауанасова К.М.
к.и.н., доцент КазҒЮУ

Евразийские идеи в Казахстане и их воплощение на современном этапе

Время, прошедшее после распада СССР показало, насколько трудным и противоречивым был процесс становления независимых республик. Сложный путь был проделан многими республиками для достижения стабильного уровня развития. Последствия распада государства, воспринимаемого ранее как единый организм, еще имеют свои отголоски и сегодня воспринимаются как исторический опыт развития советской евразийской государственности.

Интерес к евразийскому научному наследию возродился в условиях поиска путей развития государств постсоветского пространства, определения интеграционных приоритетов и выбора международной программы развития. В этой связи, среди других интеграционных проектов возродился к жизни евразийский императив, который содержит в своей основе взаимодействие евразийских государств на новой политической, экономической, идеологической основе, на базе современной евразийской концепции развития.

Современная евразийская концепция основывается на осмыслении многовекового опыта историко-социального взаимодействия народов Евразии и учитывает реалии наступившего тысячелетия, содержанием которого становится конкурентная борьба в мире между крупными геополитическими, экономическими и военно-стратегическими силами, представленными государствами.

Республика Казахстан, являющаяся по своему географическому расположению «сердцем» Евразии, представляет собой уникальное сочетание азиатского и европейского начал. Представители различных народов составляют единство в своем многообразии. Сочетание разных культур, религий и традиций позволило впитать лучшие достижения европейской и азиатской культур. Тысячелетняя история казахского народа тесно вплетена в историю Евразии и является ее неизменной частью, без которой нельзя было бы представить историю древних кочевников, тюркской государственности, этногенеза многих народов и народностей.

Геополитическое расположение на стыке Азии и Европы, экономические и военно-политические интересы, а также экономический потенциал, создали предпосылки формирования Казахстана в качестве крупного государства, заинтересованного в создании в своем окружении зоны стабильности и добрососедства на принципах взаимной безопасности, уважения суверенитета, территориальной целостности. Все это привело к появлению в 1994 году идеи о создании Евразийского Союза, автором которой является Президент нашей республики Н.А. Назарбаев.

В современной евразийской концепции, выдвинутой Н.А. Назарбаевым, подлинная интеграция предопределяет безусловное соблюдение и уважение суверенитета и независимости государств и их подлинное равноправие. Наиболее перспективной формой многостороннего взаимодействия должно стать формирование Евразийского союза государств (ЕАС) на основе осознанного волеизъявления заинтересованных стран, стремящихся в максимальной мере сблизиться друг с другом при решении практически идентичных проблем переходного периода.

В период создания ЕАС существовавшая структура органов СНГ не позволяла реализовать интеграционный потенциал в полном объеме, было принято множество документов, касающихся экономики, социальных, политических проблем, коллективной обороны, которые так и не были реализованы на практике. В создавшихся условиях Евразийский союз государств предстал в качестве необходимой и востребованной интеграционной

структуры, основная деятельность которой была направлена на усиление взаимодействия экономического характера между пятью постсоветскими республиками. Евразийский союз государств был провозглашен союзом равноправных независимых государств, направленным на реализацию национально-государственных интересов каждой страны-участницы и имеющегося совокупного интеграционного потенциала. ЕАС явился формой интеграции суверенных государств с целью укрепления стабильности и безопасности, социально-экономической модернизации в постсоветском пространстве.

В период становления евразийской интеграции Президент Н.А. Назарбаев предполагал, что будущий Евразийский Союз имеет ряд существенных отличий от СНГ. Первое и основное – это наличие в ЕАС парламента, сформированного по двум принципам: первый – делегирование депутатов национальных парламентов и второй – проведение прямых выборов. Автор ЕАС считал, что наличие единого законодательного органа решит ряд задач, в том числе формирования единой законодательной политики – в первую очередь в области экономических реформ. Растут расхождения между типом национальных экономических законодательств стран СНГ, поэтому формирование валютного рынка или единой денежной единицы на территории СНГ довольно проблематично из-за расхождений в законодательствах. Вторым отличием станет принцип вступления в ЕАС, предусматривающий прекращение военных действий между странами-участницами союза. По мнению Н.А. Назарбаева, этот принцип позволит предотвратить существующие межнациональные конфликты. И третья особенность – в ЕАС не допускается ассоциированное членство [1].

Для реализации проекта Евразийского союза существовало два варианта: первый – ЕАС формируется внутри СНГ, если государства СНГ сочтут нужным перейти на режим большего взаимодействия. Другой вариант – это постепенная трансформация СНГ в ЕАС. Необходимо отметить, что евразийский проект Президента Н.А. Назарбаева сдвинул с мертвой точки вопрос налаживания межгосударственных контактов и объединения усилий стран СНГ по взаимовыгодному взаимодействию. И как первый шаг в этом направлении, уже в 1995 году был подписан ряд соглашений о Таможенном союзе, с помощью которого были открыты границы между Россией, Казахстаном и Беларусью. Помимо этого, Казахстан, Узбекистан, Кыргызстан заключили между собой Центральнo-азиатский союз, а зимой 2001 года к ним присоединился и Таджикистан.

Следующим мероприятием стало заседание Интеграционного Комитета, состоявшееся 13 апреля 2001 года в Алматы, в котором приняли участие представители республик Казахстан, Беларусь, Российской Федерации, Кыргызстана. В процессе заседания Интеграционного Комитета был окончательно утвержден проект формирования Евразийского экономического сообщества с учетом положений Программы мер по обеспечению создания Единого экономического пространства, были приняты положения о порядке формирования и исполнения бюджета ЕАС. Кроме того, были определены правила процедуры Межгосударственного Совета Евразийского экономического сообщества (порядок работы, председательство, делегации и др.) [2].

Первым существенным шагом в реализации идей создания ЕАС стало создание на базе доказавшего свою эффективность Таможенного Союза Евразийского Экономического Сообщества в составе Белоруссии, Казахстана, Кыргызстана, России и Таджикистана.

В октябре 2000 года в Астане президентами Белоруссии – Александром Лукашенко, Казахстана – Нурсултаном Назарбаевым, Кыргызстана – Аскармом Акаевым, России – Владимиром Путиным, Таджикистана – Эмомали Рахмоновым был подписан договор об учреждении Евразийского экономического сообщества.

В начале июня 2001 года на саммите руководителей СНГ в Минске в рамках Содружества были определены основные приоритеты, цели и структура Евразийского Экономического сообщества. Признанием заслуг президента Н.А. Назарбаева стало то, что казахстанская сторона получила в новой структуре абсолютное большинство на ключевых должностях. Целью ЕвразЭС стало согласование экономической политики и принятие обязательных для исполнения государствами участниками совместных программ проведения экономических реформ.

Членами Евразийского экономического сообщества с момента его образования являются пять государств – Белоруссия, Казахстан, Кыргызстан, Россия и Таджикистан. В мае 2002 года по просьбе руководства Молдавии и Украины этим государствам был предоставлен статус наблюдателя при ЕвразЭС. В 2003 году была удовлетворена аналогичная просьба Армении. В январе 2006 года членом ЕвразЭС стал Узбекистан.

Евразийское Экономическое сообщество стало международной экономической организацией, наделенной функциями, связанными с формированием общих внешних таможенных границ и входящих в нее стран выработкой единой

внешнеэкономической политики, тарифов, цен и другими составляющими функционирования общего рынка.

Эволюция евразийства от классического содержания, наполненного русскими эмигрантами в 1920-1930 годах до современного евразийского императива пережила значительное изменение в восприятии, содержательной части интеграционных обобщающих евразийских народов от философских, историко-культурных к экономическим, геополитическим составляющим. Исторические приоритеты развития евразийских народов на современном этапе основаны на сохранении и уважении суверенитета государств, поддержании мира и стабильности в регионе, взаимовыгодных партнерских отношениях, обеспечивающих динамичное развитие стран-участниц ЕврАзЭС.

К числу основных направлений в деятельности ЕврАзЭС на ближайшую перспективу относятся:

- Транспорт – решение проблем единых тарифов, увеличение грузопотока, упрощение таможенных процедур, завершение внутригосударственных процедур по подписанным соглашениям, создание транснациональных транспортно-экспедиционных корпораций.

- Энергетика – совместное освоение гидроэнергетических комплексов Центральной Азии и решение проблемы снабжения электроэнергией и водопользования, выход на единый энергетический баланс.

- Трудовая миграция – социальная защита мигрантов, создание действенной системы регулирования и контроля за миграцией трудовых ресурсов, борьба с сопутствующей миграции преступностью, решение проблем, связанных с уплатой мигрантами и их работодателями налогов.

- Аграрно-промышленный комплекс – согласование сельскохозяйственной политики государств ЕврАзЭС, формирование единого продовольственного рынка стран Сообщества, сокращение издержек на транспортировку, хранение, реализацию сельскохозяйственной продукции, образование новых рыночных институтов в этой сфере (страховых, банковских, лизинговых, биржевых и других).

- Условия перемещения граждан стран, входящих в ЕврАзЭС, по территории Сообщества. В соответствии с межправительственным соглашением граждане государств – членов ЕврАзЭС, независимо от места постоянного проживания, имеет право въезжать, выезжать, следовать транзитом, передвигаться и пребывать на территории государств Сообщества без виз.

- Взаимодействие в культурной, образовательной сферах. В соответствии с заключенным соглашением, любой гражданин стран ЕврАзЭС имеет право поступать в любое гражданское высшее учебное заведение любой страны Сообщества на тех же основаниях, что и граждане той страны, на территории которой находится это высшее учебное заведение.

Выгоды от участия в ЕврАзЭС для реального бизнеса пяти стран заключается прежде всего в том, что деловая активность развивается в рамках единого экономического пространства, которое поддерживается благодаря унификации национальных законодательств стран Сообщества и создания равных условий для хозяйствующих объектов, действующих на этом пространстве. При перемещении товаров и услуг, произведенных на территории ЕврАзЭС, через внутренние границы Сообщества не взимаются таможенные пошлины. За счет снижения трансакционных издержек товары, произведенные на территории стран ЕврАзЭС, становятся более конкурентоспособными по сравнению с товарами третьих стран. Немалую роль играет также возможность использования имеющегося потенциала инновационных технологий и интеллектуальных ресурсов пяти государств Сообщества.

Многочисленные противоречия, разночтения и идеологическое противоборство в рамках неоевразийства наблюдаются в среде различных политических партий и течений, в основном в Российской Федерации.

Современное неоевразийство является наиболее разработанной идеологией различных течений, возникших в России в 1990-х годах и к настоящему моменту разделяется на три основных течения. Первое из них – это идеологическое течение, возглавляемое Александром Дугиным. Второе евразийское течение, тяготеющее к журналу Эдуарда Баграмова «Евразия», больше делает упор на культуру, фольклор. Основными темами являются славяно-тюркское смешение и славяно-тюркский союз, история Монгольской империи и тюрко-мусульманских меньшинств в русской истории, сопоставление православной религиозности с суфийским мистицизмом. Третье течение, возглавляемое Александром Панариным и Борисом Ерасовым, отличается большой уклон в теорию и политику. Оно пытается защитить понятие «империя», доказать, что империя не является ни узким национализмом, ни агрессивным империализмом, а особой формой «государственности», которая покоится на ценностях и

принципах, а не на культе нации, и потому реализует в политическом плане национальное многообразие Евразии [3].

Литература:

1. Нартова В. ЕАС – это СНГ? // Панорама. 1994. 11 июня
2. Сборник документов Интеграционного Комитета. Алматы. 2001. Протокол от 13.04.2001 № 23.
3. Дугин А. Консервативная революция. М., 1993; Мистерии Евразии. М., 1996; Основы геополитики. Геополитическое будущее России. М., 1997; Панарин А. Россия в цивилизационном процессе. М., 1995; Панарин А., Ильин Б. Россия: опыт национально-государственной идеологии. М., 1994

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

ӘОЖ 94(574) "19"

С.Н. Әлібек

т.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы Қазақстанда халыққа білім беру мәселелері тарихынан

1917 ж. Қазан төңкерісінен кейін, казактың ұлттық мәдениеті, білім мен ғылымы өз даму жолында жаңа кезеңге аяқ басты. Ең алдымен ерекше тоқталатын мәселенің бірі жер-жердегі білім алуға деген жастардың құштарлығы, ұмтылысы болды. Оған алғаш жағдай да жасала бастады, білім берудің барлық түрлерін игеруге мүмкіндіктер беріле отырып, әрбір азаматтың дініне, ұлтына, әлеуметтік жағдайына қарамастан ақысыз, тегін білім алуға жол ашылды. РСФСР Халық комиссарлары Кеңесінің 1917 жылғы 11 желтоқсандағы шешімі бойынша барлық оқу орындары бір орталықтан – Халық Ағарту комиссариатының басшылығымен жұмыс жүргізу белгіленді және де бір ғана большевиктік саясат бағытында жастарға білім беру мен тәрбиелеуге міндетті болды.

Бұл кезеңде жылдан-жылға мәдениет ошақтары мен білім беру мекемелерінің саны арта түскені мәлім. Патшалық Ресейдің бұрынғы отарлық аймақтары болған Орта Азия мен Қазақстанда оқу-ағарту саласында алғашқы қадам ретінде мектеп ісін ұйымдастыру қолға алынды. Мәселен, 1914 ж. Түркістан өлкесінде (ол кезде оған бүгінгі Орта Азия және Оңтүстік Қазақстан жерлері енген болатын) азды-көпті 500-ден астам бастауыш (2 сыныпты) мектеп және 30000 оқушысы болған болса, 1920 ж. 2000-нан астам бастауыш мектеп және онда 170 мыңнан астам оқушы білім нәрімен сусындады. Жергілікті ұлт өкілдері: казак, тәжік, түркімен және өзбек балалары бұл мектептерде 1915 ж. салыстырғанда 16 есе көп болған [1].

Бұл өлкеде тұңғыш жоғары оқу орнының пайда болуына Ташкентте алғаш құрылған казак мәдениеті жанашырлары қоғамының (Общество ревнителей казахской культуры) жұмысы да өз әсерін тигізді [2]. 1922 ж. 14 желтоқсанда жаңадан құрылған

қоғамның жиыны өтіп, оның алғашқы басқармасы сайланды. Қоғам төрағасы болып Х.Досмұхамедов, орынбасары Испулов, қоғам қазынашысылығына М.Тынышбаев, хатшылығына М.Әуезов сайланып, белгілі ағартушылар А. Шмидт, И. Токтыбаев және Тыныстанов енген [3]. Бұл кезеңде республикада жоғары оқу орнын ашу мәселесі күн тәртібінен түскен жоқ болатын. Оның басы-қасында әрине, казак зиялылары жүрді. Олар өлкеде мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орнын ашпай, халыққа білім беру мәселесін дұрыс жолға қою мүмкін емес екендігін түсінді. Осылайша Ташкентте мұғалімдер институты ашылып, оған Тұрар Рысқұлов, Сұлтанбек Қожанов тағы басқа да казак жастары оқуға қабылданған еді. Дегенмен «аталмыш оқу орнын аяқтауға мүмкіндік болмады, - деп жазады өз өмірбаянында Тұрар Рысқұлов - себебі ақпан төңкерісінен кейін бірден революциялық жұмысқа бас бұрып, Әулие-Ата уезінде Уақытша өкіметке қарсы күресуіме тура келді» [4]. Сол сияқты мұғалімдер даярлайтын институтты С.Қожанов та аяқтай алмады.

Кенес билігі орнағаннан кейінгі жылдарда ашылып, Орынборда, Оралда, Семейде, Ташкентте жұмыс істей бастаған халық ағарту институттары тарихта маңызды орын алды, ұлттық білім мен мәдениеттің тұңғыш түлектерін даярлады. Сөз жоқ, бұл алғашқы қадамдар үлкен маңызды іс-әрекет болды. Өйткені, педагог мамандарға деген сұраныс сол жылдардағы күрделі мәселе еді. Олар тек білім ошағы ғана емес, жан-жақты халық-ағарту және мәдени орталығына айналған. Мұғалімдер кадрларын дайындауда зор роль атқарды.

Түркістан АКСР Оқу-ағарту Халық комиссариатының шешімімен орыс педагогикалық училищесінің сапында қырғыз (казак) бөлімі ашылып, 1919 жылдың 1 маусымынан бастап, қырғыз (казак) бөлімі өз алдына жеке училище ретінде жұмыс жүргізді. Бұл оқу орны Ташкенттегі педагогикалық қалашықтағы (педагогический городок) оқушылар саны бойынша ең үлкен оқу орны болды.

Ал, 1920 жылы 1 қазаннан бастап Өлкелік Ағарту институты болып, қайта құрылып, ол жерде М. Тынышбаев, Х. Досмұхамедов, С. Қожанов, И. Токтыбаев, М. Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, т.б. дәріс берген [5].

Сонымен қатар оқу құралдары, оқу-әдістемелік және педагогикалық тұңғыш еңбектер осында жазылды. М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығы да алғаш осы жерде жарық көрді.

Ташкентте 1922 ж. барлығы алты: өзбек, казак, түрік-татар, тәжік, түркімен, қырғыз ағарту институттары жұмыс істеген. Сол

жылы Қазақ халық ағарту институтында (Казинпрос) 231 студент білім алып, ең ірі ұлттық халық ағарту институтына айналды [6].

Түркістан АКСР Кеңестерінің XI съезінде Халық Ағарту комиссариатының баяндамасы бойынша өлкедегі халыққа білім беру мәселесінде қиыншылықтары мен мұғалім кадрлерге аса мұқтаж екені атап көрсетілген. Мамандарға деген сұраныстың жоғары болуы, сонымен бірге қаражат тапшылығы жаңаша істерге қол байлау болды. Сондықтан білім беру мәселелеріне қаржылай көмек көрсету шаралары белгіленді. Қазақ ағарту институтына 6 млн. рубль, Алматы, Шымкент, Алматы қыздар педагогикалық училищесіне әрқайсысына 1,5 млн. рубль қаржы бөлу көзделді [7]. Сонымен бірге мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылып бірқатар мектептер мен кәсіптік училищелер де жұмыс істеді. Олардың қатарында 200 оқушыға арналған Әулие-Ата (Тараз) және Верный (Алматы) ауылшаруашылық мектептері; Алматыда көркемсурет техникумы, музыкалық және колөнер мектептері; Жаркент қаласында ауылшаруашылық мектеп; Верныйда орналасқан техникалық мектеп болды [8]. Бұл аталған кәсіптік мектептер мен курстар өнеркәсіп-техникалық, аграрлық-шаруашылығына қажетті жұмысшы кадрларды дайындай бастады. Мұндай кәсіби оқу орындарының қызметін реттейтін басқарма 1920 ж. желтоқсан айынан бастап Ташкент қаласында, облыстық бөлім Шымкентте, уездік бөлімдері Мерке, Әулие-Ата, Түркістан, Перовск, Қармакшы және Қазалыда шоғырландырылды.

1897 ж. халық санағы бойынша Қазақстанда сауаты бар адамдар 8 пайызды құраса, ал оңтүстік облыстарда бұл көрсеткіш одан да төмен болды. Сырдария облысында - 2,3 пайыздың шамасында, Жетісуда 1,8 пайызды құрап [9] және де басты бағыт ретінде мектепте берілетін білім болып саналды. Ал, казак мектептеріне мұғалімдер мен мамандар жоғарыда айтылған Орынбор, Омбы, Семей және Орал қалаларымен бірге Ташкентте орналасқан білім ордаларында даярланды. 1918 жылы сәуір айында Орталық Азиядағы алғашқы Халық университеті осы Ташкентте ашылып, оның ректоры болып А.В.Попов сайланған болатын. Университеттің құрылымы, оқу жоспары мен бағдарламалары жасалынып, оқушылар құрамы 1918 жылдың наурыз-сәуір айларында белгіленген еді. Бұл университеттің ресми ашылу салтанаты 1918 жылдың 21 сәуірінде Бостандық үйінде (Дом Свободы) өтті. Бес факультетіне - әдебиет пен философия, әлеуметтік-экономикалық, математика, ауыл шаруашылығы, техникалық – студенттер қабылдай бастады [10]. Патша өкіметі кезінде офицер кадрларын дайындаған әскери училище орнында

Түркістан Шығыстану институты құрылып, оны ұйымдастыруда және жұмыс жүргізуіне барынша атсалысқан академик В.В.Бартольд болды.

1918 ж. Ташкентте құрылған Қазақ ағарту институты Қазақ АКСР Халық Ағарту комиссариатының шешімімен 1925 жылдың қазан айынан бастап, Қазақ педагогикалық институты ретінде жұмыс жүргізе бастады және де «жоғары педагогикалық оқу орны» деп есептелінді [11]. Себебі бұл жерде қазақ ұлттық интеллигенциясының көрнекті өкілдері еңбек еткендері баршаға белгілі. Директорлары болып Сегізбай Айзунов, Темірбек Жүргенов, Смағұл Садуақасов, Сәкен Сейфуллин, проректоры болып Халел Досмұхамедов жемісті еңбек атқарған. Осы оқу орны жөнінде сирек кездесетін деректің бірі «Қазақ жоғары педагогикалық институтының біржылдық жұмысы» жөніндегі басылым дер едік [12]. Ұлттық білім мәселесімен шұғылданып жүрген мамандарға, ғалымдар мен зерттеушілерге сол сияқты қалың оқырман қауымға да оның тигізер пайдасы зор. Аталмыш басылым осы институт ректоры, кейіннен Халық Ағарту комиссары болған Темірбек Жүргеновтың мақаласымен ашылған. Мақалада институтқа басқа да жоғары оқу орындарынан белгілі профессорлардың шақырылғанын, олардың ішінде профессор С.Малов болған. Бұл ғалым белгілі түркітанушы, В.В. Радловпен бірге шығыс халықтарының, мұсылман жұртының тарихын, әдебиетін, мәдениетін жан-жақты зерттеп, ғылыми еңбектер шығарған. Қазинпроста В.В. Бартольд, Н.А. Димо, С.С. Богословский, А.Н. Паройкова, В.В. Русинов тағы да басқа да белгілі ғалымдар мен педагогтар дәріс берген.

Сол жылдары бірнеше пәндер ана тілінде (қазақ тілінде) оқылғаны белгілі, өйткені, Халық ағарту комиссариаты 1918 жылы 12 желтоқсанда ұлттық мектептерде оқушы балаларды өздерінің ана тілінде оқыту туралы нұсқау берілген [13].

1928 жылы қазақ педагогикалық институты жабылуына байланысты студенттердің бір бөлігі Орта-Азиялық мемлекеттік университетіне (САГУ) ауыстырылған. 1928 жылдың қыркүйек айынан бастап, М.Әуезов бір мезгілде Орман техникумында жұмыс істей жүріп, осы университеттің аспирантурасында оқыды. Сонымен бірге орыс және қазақ әдебиеттері тарихынан дәріс те берген [14]. Алматыда жұмыс істей бастаған тұңғыш педагогикалық институт жөнінде айтар болсақ, ол РСФСР Халық Комиссариаты Кеңесінің қаулысымен 1928 жылдың 15 мамырында ашылған болатын. Ал Қазақстандағы ашылған екінші педагогикалық оқу орны - Орал педагогикалық институты болды,

ол 1932 жылы құрылған болатын. Орал қаласында Педагогикалық институт және жұмысшы факультетін ашу туралы Қазақстан Өлкелік партия комитеті 1932 жылғы 9 шілдедегі қаулысында бұл институт республикадағы екінші педагогикалық жоғары оқу орны болатынын атап өткен. Біраз жылдар бойы РСФСР оқу-ағарту комиссариатының орынбасары академик Н.М. Покровский атында болды [15]. Бүгінгі таңда М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті – республикадағы алдыңғы қатардағы білім ордасы. Міне, Қазақстанда халыққа білім беру мәселелері ХХғ. 20-шы жылдарында қысқаша осындай сипат алды.

Әдебиеттер:

1. Культурное строительство в Туркестанской АССР. 1917-1924. Сборник документов. Том 1. Архивные управления при Совете Министров Казахской, Киргизской, Таджикской, Туркменской и Узбекской ССР. Ташкент. 1972, 5-б.
2. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. 693 к. 1 т. 1525 іс, 10 п.
3. Қазақ тарихы 2005, № 3. – 46 б.
4. Өзбекстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. (ӨРОММ). р 86 к., 1 т, 1525 іс, 10 п.
5. Бұл да сонда, 372 к. 1 т, 60 іс.
6. «Наука и просвещение». Журнал Народного Комиссариата просвещения Туркестанской АССР, 1922 г, №2. 78 б.
7. «Наука и просвещение», 79 б.
8. «Туркестанский учитель» 1917, №1-2, 52-53 беттер
9. Асылбеков М., Жаркенова А. Население Казахстана в конце XIX – нач. XX вв. (1897-1971). Алматы, 2001, 26 б.
10. ӨРОММ. Р-368 к. 1 т. 91 іс, 169 п; Культурное строительство в Туркестанской АССР. 288, 293 беттер.
11. Бұл да сонда, 372 к., 1-т, 95-іс. 9,18-20 парақтар. қараңыз: «Егемен Қазақстан», 29 тамыз 2007 ж.
12. Қараңыз: А.И. Исмаилов, С.Н. Алибек. Из истории Казахского педагогического образования. «Вестник КазНУ». Серия историческая, № 3 (46). Алматы, 2007. 140 – 143 беттер.
13. Культурное строительство в Туркестанской АССР, 172 б.
14. Қараңыз: М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы. 1997, 106 бет.
15. Тарихпен тамырлас білім ордасы. «Егемен Қазақстан». 17 қазан 2007 жыл.

В данной статье рассматривается краткая история народного образования в Казахстане в 20-е годы XX столетия.

This article deals with pedagogical educational institutes in Kazakhstan of 20 the years of the XX century.

Қазақстан мұнайшы мамандары 1960-1990 жылдарда

1960-1990 жылдары Қазақстанның жоғарғы мектебі және орта арнаулы оқу орындары халық шаруашылығының мамандарымен, оның ішінде инженер-техникалық кадрлармен қамтамасыз ете бастады. Перспективалы және жаңа өндіріс салалары үшін, әсіресе мұнай-газ өнеркәсібі үшін маман даярлау басты міндет деп белгіленді. Бұл үшін техникалық мамандар дайындайтын жоғары оқу орындарын ашу қажет еді.

1960-1961 жылдары Қазақстанда 28 жоғары орындары болған болса, оның 5-і техникалық жоғары оқу орны болды. Онда 9885 студенттер білім алды. Сонымен бірге 1960-шы жылдардың бас кезінде мамандарды жергілікті жерлерде дайындау мақсатымен шет аймақтарда филиалдар құрылып, оқу консультациялық пунктері жұмыс істей бастады. КСРО Жоғары және арнаулы орта білім беру министрлігі 1964 жылы 12 тамызда жоғары және орта арнаулы техникалық білім берудің Қазақ ССР-індегі жағдайы жөнінде мәселе қарап, инженер кадрларды дайындауда Қазақстанда қол жеткен табыстар атап көрсетілді.

1960-шы жылдардың соңында Қазақстанда 44 жоғары оқу орындарының 8-і инженерлер мен техниктерді даярлайтын техникалық жоғары оқу орындары болса, 69-ы техникумдар бар еді.

Техникалық жоғары оқу орындарының жүйесінің қалыптасуы, қазақ жастарының назарын аудара бастады. Егер соғыстан кейінгі уақытта олар негізінен педагогикалық оқу орындарына құлшыныс білдіріп гуманитарлық интеллигенцияның қатарын толықтырса, 1960 жылдардың ортасынан бастап, техникалық білім алуға бағыт алды.

1960 жылы 8 шілдеде Алматыдағы тау-кен металлургия институты Қазақ политехникалық институты болып қайта құрылды.

Қазақ политехникалық институтының алғашқы ректоры болып Г.М.Есіркегенов тағайындалды. 1960-1961 оқу жылында институтта жанадан “мұнай және газ кен орындары барлау, геология” кафедрасы ұйымдасты. Кафедраны білікті маман, геология-минералогия ғылымдарының докторы П.Я.Авров басқарды. Осы жылы доцент Г.А.Халиков жетекшілік еткен

“мұнай-газ кен орындарын пайдалану” кафедрасы да құрылып, маман даярлай бастады.

Институтта жаңадан “мұнай-газ өнімдерін өңдеу”, “мұнай-газ кен орындарын барлау, геология” мамандықтары ашылды. Бұл, сол кездегі мұнай өндіруді 2 млн. тоннаға, газ өндіруді 60 млн. куб метрге, терең бұрғылау көлемін 2 млн. тереңдікке жеткізуге арналған жоспармен үндесті. Қазақ политехникалық институтының кадр құрамы, оқу материалдық базасы мұнайшы инженерлерді даярлауға толық сай келді. 1961 жылы институтта 37 кафедра 100 оқытушы еңбек етсе, 1966 жылы 12 ғылым докторы мен 162 ғылым кандидаты тіркелді, ал олардың саны 1968 жылы 14 ғылым докторы, 213 ғылым кандидатына дейін өсті.

Мұнайлы өлке үшін инженер мамандарын дайындауда 1959 жылы Гурьевте ашылған Бүкілодақтық сырттай білім беретін политехникалық институтының (ВЗПИ) оқу-консультациялық бөлімінің ашылуы мәнді болды. Бөлімде студенттер өте қажетті 20-дан аса мамандықтар бойынша дәріс алды.

Оқу Гурьевте өткенмен, соңғы курсты мамандар Мәскеуден аяқтады.

Оқу-кеңес бөлімінде оқып, Отандық мұнай өнеркәсібінде өз қолтаңбасын қалдырған тұлға - Махамбет Демешұлы Батырбаев. М.Батырбаев Атырау мұнай техникумын аяқтаған. Мұнай өндірісіне Маңғыстау өңірінде араласып, қарапайым оператордан “Өзенмұнай” басқармасының бастығы дәрежесіне дейін өскен. Ембі өңірінде Кенбай, Солтүстік Қотыртас, Шығыс Молдабек кен орындарының ашылуына, “Қайнармұнайгаз” басқармасының негізін қалауға түрткі болды. “Қазақойл-Ембі” өндірістік бірлестігінің президенті, “Қазақойл” ұлттық мұнай компаниясының тете-президенті лауазымдарын атқарды.

Бөлім ашылған жылы Сайын Аманбаев (1936-1989) білім алды. С.Аманбаев көп жылдар Комсомол, Мақат кәсіпшіліктерінде инженер, шебер қызметтерін атқарды. “КСРО мұнай өнеркәсібінің үздігі” атанған. 1980 жылдардың басында оқу-кеңес бөлімі Мәскеуден қазақ политехникалық институты қарауына берілді. Бұл, Қазақ КСР Жоғары және орта арнаулы білім министрі К.Н.Нәрібаев, Қаз ПТИ проректоры М.Б.Батырбеков еңбектері арқылы іске асты.

1984-1996 жылдары бөлім, филиал ретінде Қаз ПТИ құрамында болған оқу орнының дербес білім орнына айналуына кафедра меңгерушілері П.Бородхин, Б.Ф.Анисимов, Ж.Х.Химиденов, М.Ж.Жұмағалиев, М.Е.Байширов, К.И.Ким үлес қосты. 1996-1998 жылдары мұнай-газ институты Атырау

университеті құрамында болды. 1998 жылы Қазақстан үкіметінің №256 қаулысы негізінде мұнай-газ институты қайта құрылды. Бұл істе жоғары білім министрі Қырымбек Көшербаев, Атырау облысы әкімі Равиль Шырдабаев үлкен жұмыстар жүргізді.

28 мамандық бойынша кадр даярлайтын іргелі білім ордасына Төлеуіш Пәуеденұлы Серіков 1998 жылдан ректор болып қызмет жасап келеді.

Мұнайшы инженерлерді даярлауда Маңғыстау өңірінде де 1984 жылы казак политехникалық институтының жалпы техникалық факультеті ұйымдастырылды. Қазақ КСР министрлер кабинетінің 1990 жылғы 18-ші қыркүйектегі №384 қаулысы негізінде жалпы техникалық факультет Қаз ПТИ-дің Ақтау филиалы болып құрылды.

Филиалда басында: 1) инженерлік механикалық және 2) технологиялық факультеттер жұмыс жасады. 1993 жылы 4 факультетте: 1) инженерлік-механикалық, 2) мұнай химия, 3) инженерлік құрылыс, 4) көлік жолдары 96 оқытушы қызмет жасады. Оның ішінде 1 ғылым докторы, 32 ғылым кандидаты білім алған күндізгі бөлімдегі 881, сырттай бөлімдегі 1460 студентке дәріс берді.

Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің 1993 жылғы 7 маусымдағы №472 қаулысы және Білім министрінің 1993 жылғы 30 маусымдағы №301 бұйрығы негізінде филиал базасында Ақтау политехникалық институты ашылды. Осы жылы үш факультетте дәріс алған, 2599 студентке 181 оқытушы-профессор (5 ғылым докторы, профессор, 22 доцент, 27 ғылым кандидаты Л.Б.) білім берді.

Маңғыстау түбегінде мұнайшы техниктерді дайындау мақсатында 1973 жылы Жаңа-Өзенде Гурьев мұнай техникумының филиалы ашылды. Мұнай өнеркәсібі министрінің 1985 жылғы 16 наурыздағы №154 бұйрығына сәйкес, осы жылы 6 мамырда Жаңа-Өзен мұнай техникумы ашылды.

Қазақстан Республикасы Білім министрінің 1995 жылғы 11 желтоқсандағы бұйрығымен мұнай техникумы, Жаңа-Өзен мұнай-газ колледжі болып өзгертілді. Ал, Министрлер кабинетінің 1999 жылғы 11 сәуірдегі №441 бұйрығымен колледжге О.Тұрмағамбетұлы есімі берілді.

Әдебиеттер:

1. Мұқашев С. Өнегелі өмір. Алматы, 1998. Сағынғалиев Б. История большой эмбы. стр 64, 72-бет.
2. Сериков Г.П. Исследование новых нефтей, газоконденсатов и их исследование. //нефть и газ. 2002. №1. стр 13.

3. Түлеген түбек. Алматы, 1987. 121-бет.
4. Манғыстау ОММ, Өзен филиалы. 9-кор. 2-тізім. 2-іс. 1-7 парақтар.
5. Өтесінов Р. Жолдар мен жолдастар. Алматы, 2002. 186-бет.
6. Каспий қайраңынан көмірсутегі ресурстарын өндіру проблемалары //Ғылыми техникалық конференция материалдары. Атырау, 1998.
7. КСРО мұнайы (1917-1987), Москва, 1987.
8. Атырау облысының мемлекеттік мұрағаты: 855-кор. 1-тізім, 4326-іс, 93-парақ.
9. Көшекөв О. Ел құрметінің негері. Алматы, 2005. 54 бет, Сонікі: Тенгиз давалас нелегко. //Прикаспийская коммуна. 05.04.2003.
10. Ахметқалиев М. Мен қалай мұнайшы болдым? //Мұнайшы. 01.07.2005; Сонікі, Мұнай және газ, 1999 №2.

В данной статье рассматриваются вопросы истории формирования и роста кадров нефтяников Казахстана.

In the article is reporting the about specialists of petroleum industries, and Heir history development in Kazakhstan.

ӘОЖ 94 (574): 37.01

Б.С. Боранбаева
аға оқытушы, Батыс Қазақстан
гуманитарлық академиясы

Ғұмар Қараштың педагогикалық ой-пікірлері

XX ғасырдың алғашқы шірегінде Қазақстанда этнопедагогикалық ой-пікірлердің дамуына үлес қосқан қазақтың ағартушы-педагогтары А.Байтұрсыновтың, М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, Ғұмар Қараштың еңбектерінде қазақтың ұлттық мектебін жасау және оқушыларға ұлттық тәрбие беру проблемалары нақты қойылып, оларды шешу жолдары көрсетілген.

Ғұмар Қараштың өмір жолындағы басты ұстанымы қазақ халқының ұлттық санасын ояту, өнер, білімге жетелеу, тұрмыс-жағдайын жақсарту, ол үшін халықты оқытып, сауатын ашу екенін айтып, өзінің ұлттық идеясын насихаттайды.

Ғұмар өзі туып өскен Тіленшісай, Борсы мекендерінде 1907-1910 жылдары мектеп ашып, жәдід (жана) тәсілімен бала оқытуды қолға алады. Қараштың медреселерде қазақша, орысша пәндерді жүргізіп, орыс, татар, мұғалімдеріне сабақ бергізуіне

дүмше молдалар мен жергілікті үстем өкілдері «дінді бұзды» деген желеумен қарсы шығады. Ғұмардың ағартушылық іс-әрекетінің мұндай қарсылыққа кезігуі, оның ғылым, білім, әділет жолындағы көзқарасының түпкілікті қалыптасуының қайнар көзіне айналады.

Бүкіл саналы ғұмырын ұстаздық ағартушылық қызметке арнаған Ғұмар Қараштың 1910-1918 жылдары аралығында халықтың көзін ашып, келешекке деген үміт сенімін ояту, оқу ағарту, имандылық тәрбиесі бағытындағы «Ойға келген пікірлерім», «Өрнек», «Қарлығаш», «Тумыш», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Көкселдір», «Шайыр», «Тұрымтай» атты еңбектерін жазып жариялады. Ағартушы, ойшыл акынның еңбектерінің барлығында да «... зиялылар неғұрлым көбейе түссе, халықтың көзі ашылып, пайдалы мектептер салынып, газет-журналдар шығарылып, дау-дамайлар азайып, жалпы жұртшылық жақсы күн кешірген болар еді»(1), - деп толғанады. Халықтың келешегін ойлап қамығады.

Осылайша казак халқын қараңғылық шырмауынан құтқарудың қамын ойлаған акын:

Жетісіп жас балалар оқып шығып,
Қазақтың көзі ашылып оңар ма екен
Ер казак өнер біліп көзі ашылса,
Ит дұшпан маңайына жолар ма екен
Тендікте қазағым да бір ел болып,

Қатарлас басқа жұртпен тұрар ма екен»(2),- деп казак халқының бүгінгі гүлденген өмірін арман етеді.

Ғұмардың ұстаздық қызметі жөнінде тарихшы ғалым И.Кенжеалнев «Ғұмар Қараш-казактың ұлы педагогы. Ол орыс, татар, араб, парсы, т.б. тілдерде көп оқыған, сол білігін казактың ежелгі педагогикалық, этикалық тәжірибесі, ұстамымен ұштастыра отырып, өзінше жаңа заман талабына сай ұсыныстар жасаған»(3),- деп тұжырым жасайды.

Қазақстанда Кенес өкіметінің алғашқы жылдарынан-ақ халықтың сауатсыздығын жою ісіне ерекше мән беріліп, халық ағарту саласындағы сиездер өткізіліп, түрлі қаулы қарарлар қабылданғаны тарихтан белгілі. Ғұмар да осы істерге белсенді қатысушы болды.

1918 жылдың 1-10 қыркүйек күндері Бөкей облыстық II Кенестер сиезі өткізіліп жатқан кезде, сиезбен қатар 2 қыркүйекте Бөкей губерниялық мұғалімдер сиезі ашылады. Сиездің бірінші күні РКСФР Ұлт істері жөніндегі халық комиссариатының бастығы Мұхаммедияр Тұңғашин оқу-ағарту

ісі жайында баяндама жасады. Оқу комиссары Сейткали Мендешев есеп береді. Қалған екі күн бойы сиезде өлкедегі мектептердің жайы, мектептен тыс білім беру мәселелері талқыланды. Ауыл мектептерін молдалардың қолынан алып, жаңа үлгідегі 90 мектеп ашу белгіленді. Сиездің соңғы мәжілісінде 7 баптан тұратын қаулы қабылданды:

1. Далалық жерлерде 30 көшпелі оқырман кітапханаларын ашу.

2. Жалпы білім беретін және ауыл шаруашылығы пәндері бойынша дәрістер оқу үшін далалық 7 бөлімге 7 лектор тағайындалсын.

3. Бөкей Ордасында ересектер үшін 4 сауат ашу курстары ұйымдастырылсын.

4. Ересектерді оқыту ісімен айналысу мұғалімдерге міндеттелсін.

5. Мектептен тыс білім беруге қажетті смета бойынша қаржыны Орталық Қырғыз комиссариаты бөлуі тиіс.

6. Шығыс қаржысын есептеу үшін 4 адамнан құралған комиссия тағайындалсын.

7. Осы мәжіліске комиссия құрамына мына адамдар сайлансын: Ғұмар Қараш, Иса Қасымов, Нұрмұхаммед Шигіров, Ізбасар Қамалов (4).

Сонымен осы Бөкей губерниялық мұғалімдер сиезінің шешімімен Ғұмар Қарашқа ересектердің сауатсыздығын жоюға шығатын шығыс қаржы жобасын дайындайтын комиссияны басқару тапсырылады.

Сондай-ақ ғалым Максат Тәж-Мұрат «Ғұмар Қараш» еңбегінде 1919 жылғы 3-15 қаңтар аралығында өткен мұғалімдердің екінші сиезі туралы да толық деректер келтірген. Халық ағарту саласындағы бағдарламалық, ұйымдық мәселелер туралы маңызды шешімдер қабылдаған бұл сиездің басынан бастап 11 мәжілісі Ғұмардың төрағалығымен өткенін баяндайды.

Автор сиез туралы деректермен бірге Ж. Сәрсековтың 1963 жылы қағазға түсірген төмендегідей естелігін келтіреді: “Мен бұл адамды (Ғұмарды-М.Т.М) күз айларының бірінде (1919ж. қысы-М.Т.М) болған мұғалімдер сиезінде тағы да көрдім. Ол сол сиездің председателі болып сайланды. Осы алты-жеті күнге созылған сиездің басынан аяғына дейін қатысты... Осы сиезде Ғ. Қарашев бірнеше рет сөз сөйледі. Сол кісінің ұсынысы бойынша Орда қаласында педтехникум ашу, туралы қарар қабылдағаны есімде бар”(5).

Сонымен қатар сиез мәжілістері туралы деректерді де ұсынады. Мәселен: "Заседание 8-ое. 10 января под пред.Карашева.

Карашев спросил собрание : "Кто может быть мугалимом и какое образование нужно для этого?" "Съезд после долгого совещания постановил: Тот кто припадает в нац. школе I ступени, в данный момент, в I отделении, тот может быть мугалимом, и тот кто знает родной язык и прошел пятигодичный курс нац. школы или имеет аттестат III отделения... Немесе: «10-ыншы мәжіліс 12-ғинуар күндізгі сағат 10-да Ғұмар Қарашев тарапынан ашылды.Мәжілістер мектептердің басқарылу реттері туралы. Әрбір мектепте мектеп советі құрылсын да, мектептердің басқарылуы солардың қолында болсын»(6).

Сондай-ақ сиезде оқу үрдісіндегі ұлттық ерекшеліктер ескеріліп, бірқатар қаулылар қабылданған еді:

1. Уақытша казак тұрмысына қарап, 9-10 жастағы балаларды бастауыш мектептің бірінші сніпфына қабыл алынсын.

2. 11 мен 12 жастағы балалар да қабыл алынсын. Бірінші сніпфтың екінші тобы (группасы) болып оқытылсын һәм бұл топ (группа) баланың саны 5-ке толғанда ашылып, 15 балаға қадар алынсын(7).

Сиез жұмысы Ғұмардың казак халқының бостандығы үшін басты кедергі- надандықпен күресуде негізгі күш мұғалімдер екендігі туралы айтқан қортынды сөзімен жабылады.

Осы мұғалімдердің II сиезінде казак тарихындағы тұңғыш арнаулы педагогикалық әдістемелік басылым «Мұғалім» журналын шығару туралы қаулы қабылданады.Қаулы негізінде 1919 жылдың наурыз, сәуір айларынан бастап, Ордада «Мұғалім» атты казак тілінде айына 2 рет халық ағарту қызметкерлерінің тұңғыш журналы шығып тұрды. Журнал Ұлттар істері жөніндегі Халық комиссариаты жанындағы казак бөлімінің Бөкейлік бөлімшесінің органы деп аталды(8).

Зерттеуші ғалым М. Ысмағұлов «Мұғалім» журналының 10-ға жуық сандарының жарық көргенін, солардың қазіргі табылған №2 және № 7 сандары деген мәлімет келтіреді. Ал ғалым Максат-Тәжмұрат Ғұмардың ағартушылық қызметінің пәрменді дамыған тұсы 1919 жылдары «Мұғалім» журналының бірнеше сандарында жарияланған «Педагогика» атты еңбегін дәлел ете отырып, айтуға болады деген (9) ой түйеді.

Ал ғұмартанушы М. Ысмағұлов «Шын мәнісінде педагогика қағидасын ана тілімізде жазған тұңғыш автор Ғұмар Қарашев»,-(10)деп нақты пікір білдіреді.

«Мұғалім» журналының әр санында «Педагогика» қандай ғылым деген сұрақ төңірегінде түсініктер беріп, балаларды оқыту мен жазу икемділігін қалыптастырудың тәсілдері, қазақтың салт дәстүрлері туралы жас буынның біліктілігін арттыратын тартымды шағын әңгімелер жарияланып отырады.

Халық ағартушы қызметкерлері үшін, әдейі шығарылған бұл әдістемелік «Мұғалім» журналының қазақ даласында алғашқы рет ашылып жатқан Кеңес мектептері мен ұстаздары үшін тигізген көмегінің аз болмағаны ақиқат.

Ғұмар 1917-1918 жылдары қазақтан тұңғыш рет Ресей және Сібір мұсылмандары Діни басқармасының казні болып жұмыс істейді(11).

Бізге жеткен деректерге сүйенсек ол осы жылдары Уфа қаласының кітапханасында отырып «Педагогика» атты көлемді еңбегін жазады.

Ғалым Максат-Тәжмұрат Ғұмардың бұл «Педагогика» еңбегі Бөкейде шығарылып тұрған «Мұғалім» журналының бірнеше санында жарияланып жазылғандығы туралы деректер келтіре отырып, «Педагогика» - Ғұмардың көп жылғы ұстаздық қызметінің, жан-жақты ізденісінің сөлі, қорытпасы(12),- деп тұжырым жасайды.

Ал ұлттық педагогика тарихын зерттеушілер арнайы «Педагогика» деген ат қойылып, 1919 жылы жазылған еңбек - Ғұмар Қараш мақаласы екенін, Мағжан Жұмабаевтың осы аттас екінші көлемді еңбегі 1922 жылы жарық көргенін жазады. Міне, сондықтан «Педагогика» Ғұмардың халқын білім мен ғылымға, мектеп ашып балаларды оқытуға, адамгершілікке шаақырудағы көп жылдық ұстаздық қызметінің, жан-жақты ізденісінің жемісі, Ғұмардың қазақ тілінде тұңғыш жазылған еңбегі.

Ғұлама ғалым Ғұмардың «Педагогика» еңбегіндегі бала мен бала тәрбиесіне қатысты айтылған тұжырымдары- бүгінгі күнде де тәрбиешілік мәнін жоғалтпаған қағидалы ойлар. Мәселен: «Балаларға тәрбие берушілер мүмкін болғанша жастардан болу керек. Осылай болғанда тәрбие беруші өзінің шәкіртіне ең жақсы жолдас, ең сенімді сырлас болып, оның түрлі жұбаныш халдерін ортақтасар, бөлісер еді», - деп тәрбиешінің бала жанына жақын болғанын қалайды.

Ол сондай-ақ тәрбиенің кешенді (комплексі) жүргізілуіне, яғни тәрбие берудегі үш принцип ақыл тәрбиесі, ой тәрбиесі, дене тәрбиесін бір-бірімен ажыратпай байланыстыра қарастыру жөніндегі педагогикалық ақыл-кеңестерін де ұсынады.

Сонымен бірге Ғұмар Қараш баланың ақыл-ой тәрбиесіндегі еңбектің роліне аса мән береді. «Кімде-кім өзінің мінезі мен атқаратын қызметі туралы ойланбай тұра алмайды, адам іс-әрекет үстінде өсіп жетіледі»(13),-деп дәйекті пікірін білдіреді. Ғұмар педагогикасында баланың мінез-құлқын қалыптастырудағы ата-ананың ролінің маңыздылығына тоқталады. «Ата-ана бала мінезін жақсы жолға салуда, кей нәрсенің себебін түсіндіріп, ерте бастан мынау жақсы, мынау жаман, мынаны істеуге болмайды деп үйретуі тиіс. Баланың ақылы бірте-бірте өспекші, міне осы мезгілде оған жолбасшылық ету тәрбиенің басты шарты екенін әрдайым ескертіп отырады.

Балаға орынсыз жекіру, жазалау оша бермейтіндігін ескертіп: «Оларды еш жазаламаңыз, олар айыпты болудың не екенін білмейді.

Оларды еш уақытта кешірім сұрарлық қалге түсірмеңіз. Олар сізді жәбірлей алмайды...» дейді. Бұл ретте Ғұмар француз ағартушысы Руссоның: «Бала өзіне жаза күтіп тұрған кезінде, болмаса жаза тартып болысымен үгіттеуден сактану керек» деген қағидасын алға тартады.

Міне, «Педагогика» еңбегі бүгінгі күнде де жас ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын жоймаған әдістемелік еңбек екенін айтуымыз қажет.

«Балалардың істемеуі тиіс болған нәрселерді, күн ілгері, мынаны былай етпе – деп тыймай, тек істеулеріне жол бермеу керек. Істеуге болатын нәрселерді сұраусыз, шартсыз алдарына бас кою керек. Бір нәрсеге рұқсат ету, яки тыю шарасыз болғанда рұқсатсыз ашық жүзбен, тыйымыңыз көңілсіздікпен болсын. Бірақ қалай болғанда да тыйымыңыз өзгермейтін, айнымайтын болуы жол. (Жок) (болмайды) деген сөз берік салынған стена болса, оны аударуға бала 5-6 кіре ұмтылып тауы шағылған соң, ондай жолдан тізгінін тарта бастайды.

Зерделеп карасак, Ғұмардың «Педагогикасы» 12 жаска дейінгі жас жеткіншек тәрбиесіне ыждағаттылықпен аса мән береді. Сөйтеді де бұл мән беруінің себебін былайша түсіндіреді: «Егер сіз тәрбиеніздегі балаларға сапалы ешбір нәрсе бермей, оларды ақыл жұмсалатын жұмыстар турасында оң менен солды да айыра алмастық етіп, денесі сау, мүшелері күшті күйінше 12 жастарына жеткізе алмасаңыз, ол уақытта сіздің баскы берген сабактарыңыздан-ақ олардың көңіл көздері ақыл жолына қарай ашылар еді, жаңылыс жаман әдеттен таза тұрған олардың зейіндері, жүректері сіз беретін адамшылық жобаларын

қарсылықсыз қабылдар еді. Сөйтіп, сіздің қолдарыңызда олар ақылды жасық кісілерден болып жетер еді»

«Баланың мінез-құлқы түрліше болады, ұялшак, жуас, қыз мінезді балалар болады. Оларды қауіп-қатерсіз-ақ көп уақыт міндетсіздікте сақтауға болады. Кейбір балалар жастан-ақ сойқан, ұрыншак келеді нәм бұл мінездері тез өседі, мұндайларды ертерек ахлықи қағидалармен таныстырылмаса, ұядан ұзап шықпай-ақ шынжырға байланады»(14).

Бұл тұжырымдар қазіргі ұлттық педагогикалық қағидалар, оған сай терминдер жасалып жатқан қоғам үшін де маңыздылығын жоймаған бағалы пікірлер.

Оқу-білім, тәлім-тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда дейміз. Ғұмардың «Педагогика» еңбегінде жас ұрпаққа тәрбие беретін мұғалім тұлға ретінде танылады. Мұғалімге оқыту, үйрету, тәрбиелеу ісіне жеңіл –желпі қарамай жауаптылық пен тиянақтылық керек екенін ескертеді. «Жансыз түсіндіру,- дейді ол,- тындауға тартымсыз және де естуге ауыр болудың үстіне тез ұмытылатын болады»... Мұғалім болған адамның шәкірттері риза боларлықтай мінезі, оларды толық қанағаттанарлықтай білімі болу керек. Ондай білімі жок ұстаздан шәкірт тәлім көре алмайды. Мұны мықтап есте ұстау керек. Шәкірт өзі жан-тәнімен сүйген мұғалімінен ғана тиянақты білім ала алады», - деп ойын тұжырымдайды.

Сонымен, Ғұмар Қараштың «Педагогикасы» ұлттық тәрбиені жүзеге асыруға бағытталған, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеу мақсатында мектеп мұғалімдері, тәрбиешілер мен ата-аналарға арналып жазылған тұңғыш этнопедагогикалық еңбек деп толық айтуға болады. Өйткені Ғұмардың «Педагогикасының» басты ерекшелігі –оның казак топырағымен, салт-дәстүрлерімен және мінез-құлқымен тығыз байланыстылығында, өзі айтқандай қабысып жатқанында. Еңбектің басынан аяғына дейін ұлттық тәрбие беру басшылыққа алынып, оған сүйеніп, оқу, тәрбие беру ісіне мұғалімдерді даярлау туралы ой-пікірлерінің айтылуы қазіргі кезде казак мектептерінде оқу-тәрбие процесіне ұлттық мазмұн беру қажеттігімен сипатталады.

Ағартушы–педагог Ғұмардың оқу-ағарту, бағытында жазылған макалалары сан алуан. Мәселен, оның адамгершілік, ел бірлігі туралы толғаныстары өз алдына бір төбе. Оның пікірінше, жақсылық екі түрге бөлінеді. Мұның бірі – заттық, екіншісі – моральдық, имандылық... Моральдық жақсылық-әр адамның мұқтаж болған уақытында ғылым мен ағарту және тәрбиелеуге

керек кажетін өтеу...(15) намысты жанға бермей ерлікпен өлуге шақырған жыр» деп нақты пікірін білдіреді.

Ғұмардың «Ойға келген пікірлерім» еңбегінде адамгершілік, қайырымдылық сияқты игі қасиеттермен бірге күні бүгін басты маңызға ие болып отырған елжандылық, отансүйгіштік тәрбиесі туралы: «Отан, ұлт мәселесі баршаға ортақ әр кісінің өзіне тиісті борышы бар. Әрбір кісі қоғамның мүшесі екенін сезіне отырып, өзіне жүктелген қызметті атқаруға міндетті. Әрбір адам өзінің халқы үшін қызмет етсе, оның ісі үй-ішіне де, ағайын-туысына да, халқына да пайдалы болады. Демек, Отанды, ұлтты жаңғырту үшін әр адам өзіне тиісті істі сеніммен атқаруы керек»(16),- деп саликалы ой тастайды.

Сонымен қатар акынның бұл кітабында сол замандағы әлеуметтік ортада кездесетін адамдардың мінез-құлқына катысты мәселелер төңірегінде: «Кейбір адамдарда өркөкіректік мінез туа бітсе, кейбіреулерде теріс тәрбие негізінде пайда болады. Мәселен, ұрылар ұрлықты ерлік деп те түсінеді. Арақ ішуді, құмар ойнауды еткендер оларды жағымды іс санайды. Адамдар жаман, жақсы іс парқын ажырата алса, онда ешқашан да жаман іске аяқ баспас еді», - деп адамды аздырар қылықтардың барлығы надандықтың әсері екенін ашына жазады.

Ал, игілік пен жақсылық істер жайында «Рухани жағынан бірін-бірі қолдап отыру – адамның ең жақсы қасиеті. Адам абыройының артуы, сөзінің өтімді болуы оның жақсылық істеріне байланысты, жақсылық адамдардың өз қолында дейтініміз осыдан»,- деп тәрбиелік мағынадағы ой-толғамдарын жеткізеді.

Ғұмар Қараш шығармашылығындағы негізгі сарын – ағартушылық идеялық бағыт. Патша үкіметінің отаршылдық саясатының зардабын тани білген Ғұмар қазақ халқының басындағы бақытсыздық өнер-ғылымға кенделіктен деп түсінеді. Өзінің «Тіршілік таласы» деген мақаласында «Қазақ халқының мұндай халге түскені жоғарыда айтылған тіршілік таласына әзірленбей жайын наданшылықта жатқандықтан. Егер ұйқымыздан бас көтермей бұрынғыша жата берсек, шексіз тез заманнан дүние жүзінен көшпекпіз. Сол себепті, дүниежүзінде қалғымыз келсе, адам баласын гәйри жан несінен бір адамды бір адамнан артық еткен ғылым, өнер үйреніп, өзімізден ілгері кеткен халықтармен қатарласуға талап етуі тиіс. Ғылым, өнер несі адамдар, яки халықтар тіршілік таласында үстем болып, надан, өнерсіз қалғандар әр түрлі кемшілікте ғұмыр кешірумен

жарлылық, су құйылмаған теректей болып құрап акырында дүниежүзінде өзі түгіл атағы да қалмайды»(17)-, деп казак халқының ғылым, білімсіз күні қараң екендігіне көзін жеткізеді.

Негізінде тек білімді ұлт қана күресте жеңіске жетіп, басқа мемлекеттермен тең дәрежеде өмір сүре алады, деген ойын аталмыш мақаласында былайша тұжырымдайды: «Ата-бабадан келе жатқан жалқаулықты тастап, тәуекел ердің жолдасы деп ғылым, өнер жолына түсіп, бүтін жұрт үлес алып жатқан дүниеден бізге де үлесімізді алу керек» (18).

Ғұмар Жазықұлы өз өмірінің тар жол, тайғақ кешуіне қармастан, әуезді жырлары мен озық ой, іргелі пікірлері арқылы халықты надандықтан оянауға, іргелі ел болуға, өнер-білімге, өмірді жаңғырту үшін қарекет қам жасауға үндейді. Үпиде (Уфа) шыққан мақаласында жеріне жеткізе сынаған жалқаулық, тоғышарлықты, амал-әрекетсіздікті талдап, саралай келе, ол әрекет ету – құдай жолына бойұсыну, іссіздік-азу, өнер, білімнен құр қалу. «Құдайдың салғаны болады» деп қол қусырып отыру, бақсыға түнеу, ақылмен барламай қияли хал кешу - дүннелік, ғылыми пәндерден хабарсыздық, надандық белгісі дейді(19).

Ғұмар Қараштың білім, ғылым, ұлттық тәрбие беру туралы ой-пікірлері өзі редакторы болған «Қазақстан» газеті беттерінде жарияланған мақалаларында да айқын көрінеді. Ағартушы-педагог ғылым мен өнердің мәнін ұғындыру мақсатында жазылған «Бұ қай заман» мақаласында сан алуан дүниелік пәндерді атай келіп: «Бұл пәндерді оқудағы мақсат – оларда баян етілген қағидалардың мағынасын біліп, қолданып, адам балаларына түрлі жақтан пайда келтіру болады», - дейді. Сонымен қатар «Бұларды ғарабша оқып біл, фарсыша оқып біл, түрікше оқып біл, ия болмаса французша оқып біл- бәрбір тек мағынасын жақсы біл де, халыққа пайда келтір»(20), - деп түйінді ой айтады. Демек, педагог Ғұмар, ғылым - бүкіл адамзаттың игілігі, сондықтан қай тілде болмасын ғылымды меңгеру қажеттігі туралы озық ой ұсынады.

Ғұмардың қас жауы надандық, ол өмір бойғы қызметі – надандықпен күреседі. «Жаныштау білімсізді қиын емес, Халықтың оқып көзі ашық болса. Еш оған батыл жақын жүрмес», - деуден Ғұмар танбайды (21).

Қорыта айтқанда, Ғұмар Қараш казак елін қараңғылықтан құтқарудың жолын іздеген, казактың тұңғыш педагогы. Артына өлмес мұра етіп, ұлы тағылымдарын қалдырған ойшыл философ, халкын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген қайраткер ағартушы.

Тәуелсіз казак елінің кейінгі жас ұрпағы – Ғұмар Қарашты дін, шарият, имандылық жолын, араб, парсы, түрік, татар тілдерін жетік білген ғұлама, өз дәуіріндегі мерзімді баспасөзде казак елінің жоғын жоқтап, көкейкесті мәселелері хақында ой толғаған тарихи тұлға деп таниды.

Әдебиеттер:

1. Ғұмар Қараш. Замана. Алматы. 1994. 173-б.
2. Сонда. 173-б.
3. Кенжалиев И. Ғұмар Қараш. Орал. 2004. 46-б.
4. Тәж- Мұрат М. Ғұмар Қараш. Ақтөбе. 2204. 20-б.
5. Сонда. 200-б.
6. Сонда. 202-б.
7. Сонда. 202- б.
8. Жұмашев Б. Нығметов Е. « Мұғалім журналына -45 жыл» // Қазақстан мектебі. 1964. №4
9. Тәж-Мұрат М. Көрсетілген еңбек. 205-б.
10. Ысмағұлов М. Ғұмар Қарашев. Қолжазба. Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану мұражайының қорында (БКОТӨМ)
11. БРОМА. Діни басқарма архиві. 295-к., 11-тіз..921- іс.
12. Тәж- Мұрат М. Көрсетілген еңбек. 205-б.
13. Тәж- Мұрат М. Ғұмар Қарашев және оның Педагогика кітабы. //Жұлдыз. 1993.51-б.
14. Сонда. 53-б.
15. Жарыкбаев Қ. Қалиев С. Казак тәлім- тәрбиесі. (Оқу құралы). Алматы: «Санат» .1995. 352-б.
16. Ғұмар Қараш. Көрсетілген еңбек. 169-б.
17. Оразакай. Тіршілік таласы. // Қазақстан. 1911, №2. 27 май. Орда.
18. Сонда.
19. Кенжалиев И. Көрсетілген еңбек. 5-б.
20. Қараш баласы Ғұмар. Бұ қай заман. //Қазақстан. 1911, №1. 15 ноябрь. Орда.

В этой статье рассматриваются педагогические мысли известного казахского просветителя и поэта-мыслителя начала XX века Гумар Караша в историческом аспекте.

In this article pedagogical view-points of one of the well-known educator and poet of Kazakh people – Gumar Karash are considered from the historical approach.

Е.Н. Ермұқанов
т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ доценті

Ірі шаруа қожалықтарын тәркілеу және оған қарсы халықтың арыз-шағымдары

Қазақ Орталық Аткару Комитеті мен Халық Комиссарлары Кеңесі 1928 жылғы 27 тамызда қазақ байларын тәркілеу туралы декрет қабылдады. Қабылданған декрет бойынша ірі байларға көшпелі аудандарда ірі малға шаққанда төрт жүз бастан жоғары малы бар, жартылай көшпелі аудандарда үш жүз бастан жоғары малы бар қожалықтар жатқызылды. Ал отырықшы аудандарда мұндай меже жүз елу бастан жоғары қарай болды. Бірақ осы соңғы аудандарда Қазақ АКСР ХКК жүз тұяғы барларды ірі баі қатарына жатқызып, тәркілеуге құқықты болды [1].

Алайда декретте белгіленген межелерді атқарушы биліктің комиссарлары толықтай сақтап, жүзеге асырмады. Мұны халықтың үкімет пен өкіметке, салалық құрылымдарға жолдаған арыз-шағымдарында ашына отырып баяндайды. Соның бірі республика прокуроры атына келіп түскен Ақтөбе губерниясы Шалқар уезі, Қарабұтақ болысы №11 ауыл тұрғыны Ұзақ Расмахамбетовтың шағымы.

Шағымда 60 бас жұмыс аты, 4 бас түйесі, 30 бас жас құлыны, 60 бас қойы мен 30 козысы, 2 өгіз, 3 сныры, 3 бұзауы, 1 ағаш үйі мен тарантасы бар өзінің мал-мүлкімен бұл қаулы бойынша тәркіге ілігуінің қателік екенін айта келе, оған мынандай негіздеме келтіреді: 1) Тәркілеу Қазақстан үкіметі мен өкіметінің қазақ байларын кәмпескелеу туралы қаулысына қайшы. Өйткені менің шаруашылығым жартылай көшпелі ауданға жатады. Онда бір қараға шаққанда 300 бастан астам малы барларды қожалығы ілінетін. Ал менде бар болғаны 192 бас. Комиссияның менің шаруашылығымды бұған жатқызуы заңсыз. Оның үстіне мен патшалық кезінде қандай да болмасын лауазым да атқарғаным жоқ. Әрі бұрынғы хан, сұлтандар тұқымы да емеспін. Отбасымдағы 6 жанның еңбекке жарамдысы өзіммін. Шаруашылығымды 1915 жылдан бастап жеке өзім өңдеп, бөтен біреудің еңбегін пайдаланған емеспін. Тек жазғы уақытта ғана 2 бақташыны ұстадым. Мұнан басқа 3 десятина жерге астық пен арпа салып, 6 десятинадан астам өнім алдым. Ешқашан да кеңестік

билікке карсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізбедім. Мен кашанда еңбекшілер билігі жағында болдым. Мал-мүлкіме тек өз күшіммен ғана қол жеткіздім. Алайда, оны менің өзіме қалдырмай тартып алуы заңсыз. Сондықтан бұл тәркілеу қаулыны бұзу болып табылады.

1) Мал-мүлкімді тәркілеу кезінде оған мені қатыстырмады. Ол жөнінде құлақтанған кезде мені ауылдық кеңеске барып не себепті менің барлық мал-мүлкімнің тізімделіп, тартып алуын білмек болып, тізімнің көшірмесін сұрағанымда маған былайша жауап қайтарды:

а) Комиссия мені әкеммен екеуміздің ортақ мүлкіміз деп таныған.

Бәлкім олар осыған сүйеніп қаулыны басшылыққа алған секілді. Бірақ 1915 жылдан бері менің шаруашылығым әкемнен бөлек. Алайда, олар шаруашылықтарымыздың бөлектігі туралы актінің жоктығына тоқталды. Комиссия сол себепті мені әкемнен бөлек деп таныған. Ал мүліктің 1915 жылы ақсақалдар арқылы бөлінгені сізге белгілі. Шаруашылығымның дербестігін менің 1923-1928 жылдар аралығында төлеген ауылшаруашылығы салығының төлем қағазы да айғақтайды.

б) Менен тартып алынған малдардың әкемнің малының таңбаларынан бөлектігі де біздің шаруашылығымыздың бөлектігін тағы да қуаттай түседі.

Осы айтылғандарды баяндай келе комиссия қаулысының өкімет қаулысына сәйкестігін қарауды өтіне отырып, өз шағымы қаралғанша мүліктерін тартуды тоқтатуды сұрайды (2).

Осылайша әкесі мен баласын қосып жазып ірі байға айналдыру ол кезде үрдіске айналды. Олардың мұны комиссияның қолдан жасағанын айтып, түсіндіруге тырысқан әрекеттері бос әурешілік болды. Ал олардың заңсыз тәркіленген мал-мүліктерін қайтаруға күш салуы да бекершілік еді. Мұндай кепке Ақтөбе округі Мағаджан ауданы №2 ауылдың тұрғыны Мәмбетәлі Төлебаев та тап болды. Өзінің республика прокуроры мен әділет комиссариатына жолдаған арызында жағдайды былайша баяндайды:

«Менің ата-бабаларым да, өзім де ешуақытта феодал немесе жартылай феодал болғаным жоқ, тіпті шағын жер иесі де емеспін. Жалдамалы шаруаларым да жоқ. Олар ру басылары да болған емес. Сондықтан мұндай белгілермен айыптау қаулының 1-бабына қайшы келер еді. Оның үстіне мен қоныстанған Мағаджан ауданы отырықшы. Декреттің 1 бабы бойынша бұл мұндай аудандағы байлардың малы 150 бастан жоғары болуы керек. Ондай

мал менде ешуакытта да болған емес. Оны округтік комиссия мен прокурор да жоққа шығара алмайды. Тексеру барысында анықталған мал басы 104 бас. Алайда өкіметтің қаулысында мұндай аудандардағы мал басын 100-ге дейін төмендетіп, ондай қожалықты тәркілеуге жатқызды. Комиссия ол үшін бар қожалыққа үш шаруашылықты, яғни маған менің балаларым Абдулла мен Айсалаларды да қосып жазған. Ал олар 1924 жылдан ауылшаруашылығы салықтарын банк шаруашылық ретінде төлеп келгенін олардың төлем қағаздары да айғақтайды. Сондықтан орталық биліктен жоғарыда айтылған жайттарды және ұсынылып отырған құжаттарды зерттеуді сұрайды. Қарапайым орташа мені жер аударып, тәркілеуден заңдылығы маған күдік туғызады(3). Алайда кәмпескеге іліккендер жергілікті комиссия әрекетінің заңсыздығын әшкерелеп өздерінің декреттің баптарына сәйкес келмейтіндерін дәлелдеп, ақталғандармен бәрібір мал-мүліктерінен айрылып, отбасыларымен басқа округтерге күштеп жер аударылды. Жазықсыз отбасылар Қазақстанның өз ішіне қоныс аударылғанымен оларды небір қатал сындар күтіп тұрған еді. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған сондай жанұяларға қаулының шектен тыс талаптары да оңай тимеді. Енді осындай жағдайды бастан кешкен азаматтардың арыз-шағымдарына кезек берейік.

1928 жылғы 22 тамыздағы Қазақ ОАК декреті бойынша Қызылорда округі Қазалы ауданынан жер аударылған Қарынбай Шартанов, Әлдебай, Мұса Көтібаровтардың Ақтөбе округтік атқару комитеті төрағасына жолдаған шағымдарында қыркүйек айынан бастап тұрып жатқан Алты Қарасу ауданының №9 ауылында өздерінің жермен қамтылмағанын, топырақтың құнарсыздығы мен егіннің нашарлығы себепті мұнда өмір сүре алмайтындарын мәлімдейді. Оның үстіне жақын жерде күнделікті қажет нәрселерді сатып алатын базардың да жоқтығын тиек ете келе, өз жағдайын түсініп, күндік нандары мен мал азығын табу үшін Темір ауданына қоныстануға рұқсат етуін өтінеді (4).

Осындай мазмұндағы өтінішті олармен бірге келген Қазыкан Қабыланов, Дүйсен Тұрымбетов, Ерімбет Жанайыптар да жолдайды (5).

Олардың аталмыш өтініштерді жолдауына түрткі болған өзіндік есептері де жоқ емес. Енді осыған кеңірек тоқталайық.

«1928 жылы шағым иелері үкімет қаулысымен әкімшілік тәртіп негізінде Қызылордадан Адай округіне жер аударылады. Қаулыда жер аударылғандар сол округ аумағында тұратын жерін еркін таңдауға құқылы еді. Олар осыны пайдаланып Алты Қарасу ауданын таңдайды және онда жазға дейін

коныстанады. Адай округінің таратылуына байланысты бұл аудан енді Ақтөбе округіне қосылады. Алайда, жаңа ауданның жері астық шаруашылығымен айналысуға қолайсыз болғандықтан Ақтөбе округтік орталығына өтініш жасап, Темір ауданының №19 ауылына қоныс аудартуды сұрайды. Округтік жер басқармасы біздің өтінішімізді қанағаттандырып, округтік атқару комитеті президиумының санкциясымен №4581 және №6203 номерлі жарлықтарымен Темір аудандық жер басқармасының барлығымызды аталмыш ауылдан жер үлестерімен қамтамасыз етуге міндеттейді. Ауылдық кеңеске 7 қыркүйектегі №3122 номерлі осындай жарлықтан кейін ауыл азаматтарының қоғамы жер үлестерін беріп, баспаналы етті. Сондай-ақ қысқы қажетті мал азығының қорымен және егіншілікпен айналысу үшін керекті құрал-жабдықтармен толықтай жабдықталды. Оны ауылдық кеңестің 1 қазандағы анықтамасы да айғақтайды. Көп ұзамай ауылдық кеңес біздерді Темір аудандық милициясы қайтадан Алты Қарасу ауданына көшірілгелі жатқаны туралы хабармен құлағдар етті. Милиция бастығы бұл жарлығын Қазақ ОАК-нің 15 қыркүйекте «Еңбекші қазаққа» шыққан қаулысын басшылыққа ала отырып, қайтадан жер аударылған жерлеріне баруды ұсынады. Бұл жарлық бізді қатты алаңдатып, қиын жағдайға калдырды. Өйткені №19 ауылда отбасыларымыздың алдағы қыста өмір сүруіне қажеттілердің барлығымен қамтамасыз етілген еді. Біз баратын Алты қарасу ауданында мүлдем ештеңеміз, яғни баспана, мал азығының қорлары да жоқ. Жер аударылған біздер Қазақ ОАК атап өткеніндей беталды кеткендер емеспіз, округтік биліктің айтуымен қоныс аудардық, яғни белгіленген округ көлемімен шектелдік, бұл өкіметтің қаулысына да қарсы емес. Сол себепті округтік атқару комитеті Темір аудандық атқару комитетіне жарлық беріп, бізді №19 ауылдан шығаруды тоқтата тұруды сұрайды (6).

Сонымен жоғарғы биліктің өлкедегі ірі шаруа қожалықтарын тәркілеу саясаты халықтың ауқатты бір бөлегін қасіретке әкелген қайғылы беттердің бірі болатын.

Әдебиеттер:

1. Т.Омарбеков 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. А., 1997. 94-95 беттер
2. АОММ (Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты). 63-к.1-т. 443-іс. 279-280 пп.
3. ҚР ОММ (Қазақстан Республикасы орталық мемлекеттік мұрағаты). 135-к.1-т. 11-іс. 49-п.
4. АОММ. 63-к.1-т. 451-іс. 257-п
5. Сонда. 256-п.
6. Сонда. 283-п.

В этой статье рассматривается политика конфискации крупных крестьянских хозяйств на примере одного региона на основе архивных источников. Также автор дает всесторонний сравнительный анализ трагических лет прошлого.

In this article is considered policy to forfeitures large peasant facilities on example of one region on base of the archive sources. In the same way, the author gives the all-round benchmark analysis of the tragic years past.

ӘОЖ 94(574)

Елтезерова Г.С.
әл-Фараби атындағы Қазақ ҰУ-нің ғылыми ізденушісі

Б.Қаратаевтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы

Бакытжанның әкесі Бейсалы ауқатты адам болған және өзінің сұлтан тұқымынан шыққандығына карамастан өте карапайым, жағымды мінездерімен жұртшылықка сыйлы болған адам.

Қайсыбір адамды болмасын біліміне, ақыл-ойына карап баға беріп отырған[1].

Б.Қаратаевтың тәрбиелік болмысы бала жастан ел арасындағы ғасырлар бойғы көшпелі өмір салты мен кең даланың әдеп-ғұрпы ықпалында қалыптасады. Білімге деген ынтасын байқаған әкесі оны Орынбор қаласының гимназиясына оқуға береді. Б.Қаратаев гимназияны ойдағыдай аяқтап, тәртібі «өте жаксы» деген дәрежемен бітіріп шығады[2].

Өз біліміне сенген Б.Қаратаев Ресей империясының астанасы Санкт-Петербургте университет қабырғасында дәріс алуды көксейді. Оның мұндай жауапты шешім қабылдауына Орынбор қаласының өзі дәріс алған гимназиясындағы Нева жағалауынан арнайы жолдамамен немесе саяси қуғынға ұшырап, қудаланып келген озық ойлы, демократиялық бағыт ұстаған орыс зиялылары зор ықпал етті. Олардың бірсыпырасы гимназияда тек қана бағдарлама бойынша оқытылатын пән көлемінде дәріс беріп қана қоймай, сонымен қатар оқулық шеңберінен шығып, гимназистерге сабақ арасында саясаттан, дүниежүзілік азаттық қозғалысынан, Санкт-Петербургте болып жатқан саяси жағдайлардан мәліметтер беріп отырды.

Кеудесінде сәулесі бар зерделі шәкірттер, әрине олардың бәрін саналарына сіңіріп отырды.

Осындай әсерлерден рухани нәр алған Бакытжан Қаратаев 1886 жылы 7 қазанда Санкт-Петербургке келіп, университеттің заң факультетіне оқуға түседі[3]. Сол жылы Б.Қаратаевпен бірге Ресей империясының астанасына білім іздеп Жетісудан Барлыбек Сыртанов, қырғыздан Абдолла Теміров, Көкшетаудан Мәмбетәлі Сердалин сияқты жастар да келген еді. Қазақ жастары бір-бірімен тығыз, туыскандық қатынаста болумен қатар, Санкт-Петербургтың қайнаған саяси, рухани өмірі мен мәдениетінің тыныс-тіршілігімен де жан-жақты танысып, бойларына сіңіреді. Ресей империясының түкпір-түкпірінен келген басқа жастар сияқты қазақ жігіттері де сол мүдделеріне сай келетін «Жерлестер» ұйымын құрады. Университет әр уақытта Ресейдің рухани өмірінің барометрі болып қалыптасқандықтан, саяси мәні бар барлық оқиғаларға студенттер митинг, шеру, акция арқылы өз пікірлерін білдіріп отыратын еді, яғни, әр топтағы студент жастар «Жерлестер» ұйымы арқылы қайсыбір шекесіне батқан көкейтесті мәселелерді үндеулер тарату әрекеттерімен өз пікірлерін білдіруді дәстүрге айналдырған-ды[4].

Б.Қаратаев өзінің университеттік әріптестерімен бірге жалпы саяси ағымның алғы шебінде болып, отарлық саясаттың езгісінен тепкі көрген қазақ халқының ауыр жағдайларына назар аударады. Қазақ жастарымен бірге ол, тек қана дүние жүзіне әйгілі университеттің білімімен шектеліп қалмай, мүмкіндігінше барлық азаттық, демократиялық озық ойлы идеяларды бойына сіңіреді[5].

Патша өкіметі әр уақытта студенттік ортаны ерекше бақылауды көзден таса қылмады. Осы мақсатта университет қабырғасында өтетін төрт жылдық мерзім «қырағы кабак» қыспағында болып, әрбір «режимге жат» іс-әрекеттер қатаң түрде жазаланып отырды. Әрбір студенттен бірінші күні-ақ ешқандай қоғамға кірмеуді, студенттік қозғалыс, ұйымдарға қатыспауды талап еткен қолхат алынды. Айталық, Б.Қаратаевтың студенттік жеке ісіндегі қолхаттың сипаты мынадай: « 1887 г. сентября 29 дня, я нижеподписавшиися, даю сию подписку в том, что во время своего пребывания в числе студентов или слушателей Императорского Санкт-Петербургского университета, обязуюсь не только не принадлежать ни к какому тайному сообществу, но даже без разрешения на то, в каждом отдельном случае, ближайшего начальства, не вступать и в дозволенные законом общества, а так же не участвовать ни в

каком денежном сборе, в случае даже нарушения мною сего обещания, подвергаюсь немедленному удалению из заведения и лишаюсь всякого права на внесения мною, в пользу недозволенного сбора, денег. Студент III семестра юридического факультета султан Бахиджан Бисалиевич Каратаев»[6].

Сонымен қатар, университетті тәмамдағаннан кейін де қызметке орналасу үшін университет басшыларының «сенімді» деген куәлік қағазын барлық жерде талап етіп отырған. Мұндай әрекеттер адам құнын аяққа таптаудың айқын көрінісі болумен қатар, патша өкіметінің озбырлық, жантүршігерлік саясатының полициялық сипатын анық көрсеткендей.

Осындай саясаттың ызғарынан Б.Қаратаев сүрінбей өтіп, 1890 жылы университетті алтын медальмен ойдағыдай бітіріп шығады. Ол туралы «Дала уәлаятының газеті» былай деп жазды: «Император хазіретінің есіміне ашылған Петербург қаласындағы университет курсының екінші дәрежелі дипломмен үздік аяқтаған Торғай облысы, Іле оязы, Бурта елінің сұлтаны Бакытжан Қаратай ұлы Юстиция министрлігінің қарауына кіргізіліп, департаменттік басқару сенатындағы екінші мекемесіне қызметке қалдырылды»[7].

Байқап қарасақ, Б.Қаратаевтың біліміне, оның туа біткен дарынды тұлғасына патша өкіметінің шенеуніктері назар аударып, оны Санкт-Петербургте қызметке қалдырған. Ондағы басты мақсаттары оның білімін, жеке басын отарлық саясатты жүргізуге пайдалану болған. Бірақ, Ресей астанасында үлкен қызмет атқара жүріп, Б.Қаратаев «халықтар түрмесі» атанған Ресейдің шет аймақтарда жүргізіп отырған отарлық саясаты, зорлық-зомбылығымен жерді талан-таражға салып жатқан әрекеттерімен ымыраға келе қоймайды. Бұл мәселелер хақында патша шенеуніктерімен айтысқа түсіп, өз пікірін батыл түрде ортаға салып, терең білімін көрсете біледі. Әрине, патша өкіметіне Б.Қаратаевтың мұндай «батырлық» іс-әрекеттері жаға қоймайды. Оларға аймақтағы өз ұлтының құнын қорғап, мұнын мұндап, жоғын жоқтайтын қайраткер қажетсіз еді. Демек, одан тез арада құтылудың амалын ойластырған патша шенеуніктері оны арнайы тағайындаумен Санкт-Петербургтен алысырақ аймаққа – Грузияның Кутаиси қаласына тергеу жүргізу қызметіне ығыстырып тастайды.

Грузия жерінде Б.Қаратаев 1897 жылға дейін тергеу жұмысында болып, тау халықтарының тұрмыс-тіршілігімен жақсы танысады. Ержүрек, қайсар елдің жақсы қасиеттерін

бойына сіңіріп, достық қатынасын нығайтады. Жеті жылдай Қазақстаннан тыс жүрген Б.Қаратаев акырында өзінің кір жуып, кіндік кескен Орал топырағына оралады. Өз мамандығы бойынша халық құқын қорғау мақсатында адвокат болып орналасады.

Патша шенеуніктерінің казак даласында жергілікті халыққа карсы жүргізіп отырған озбырлық саясатына, адамдық құқыктарын аяққа таптаған әрекеттеріне карсы үн көтереді. Ел ішіндегі дау-жанжалдарды әділдікпен шешіп, жұртшылықтың ризашылығына бөленіп, үлкен саяси беделге ие болады. Қарапайым халық мүддесін патша өкіметі шенеуніктерінің заңсыз әрекеттерінен қорғап, орнатылған тәртіпке наразылық білдірген Б.Қаратаев енді «сенімсіз» адам ретінде таныла бастайды.

Б.Қаратаевтың казак халқын, оның жері мен суын, азаматтарының құқын қорғауға бағытталған іс-әрекет, қызметі Бірінші Орыс революциясы кезінде ерекше байқалады. Ендігі жерде Б.Қаратаев халықтың шекесіне қатты батқан жер мәселесіне ерекше көңіл бөледі. 1905 жылы шілде айында орыс қоныс аударушылары мен казактарының казак жерін талан-таражға салып жатқан әрекеттерін тоқтату мақсатында Санкт-Петербургке барып, Орал, Орынбор облыстарынан арнайы келген делегацияны патшаның тікелей қабылдауында болатындай етіп ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді. Бұл делегацияның құрамына С.Б.Кейкін, М.Қайдаров, Д.Токбаев, С.Алдияров, ишан Д.Мусин, хазірет Ғ.Есмұхамбетов, молда М.Мендіқұлов, судья А.Бірімжанов, сот мүшесі Ж.Сейдалиев сияқты аймаққа танымал болғандар кіреді. Б.Қаратаевтың өзі басқарып барған бұл делегация қанша іс-әрекет жасағанымен ақ патшаның қабылдауында бола алмайды, елге өкінішпен оралады. Бұл оқиға Б.Қаратаевтың монархиялық режимге деген наразылығын одан сайын арттырып, әріптестерімен бірге патша өкіметіне карсы белсенді үгіт-насихатын күшейте түседі.

1907 жылы 7 ақпанда «Орал» газетінде Б.Қаратаевтың «Россия халқына ашық хат» деген көлемді мақаласы басылады[8]. Бұл мақала оның казак халқын отарлық саясаттан, жерді талан-таражға салуға карсы бағытталған жан айқайынан туындаған еді. Патша өкіметінің жаулап алу саясатын батыл түрде әшкерелеп, былай деп жазды: «Россия граждандары! Біз қырғыздар үкіметтен біздің жерімізге Россия ішіндегі крестьяндарды көшіріп, бізді талауда... Бұл үшін бізге зорлық болған секілді бүтін Россия халықтарына да бек зарарлы деп өтініп қарадық. Бұл ісіміз турасында біз самодержавие үкіметінен

бек көп акшаларымызды өтіне-өтіне биік күн... бітірдік. Біздің ыхтиярымызға үкімет бір де илтифат етпеді... Енді біз үкіметке ышанмайынша бүтін Руссия халқына жалбарынамыз. Туғандар! Үкімет біздің надандылықпен, біздің оқымағандығымызды пайдаланып, біздің бүтін облыстардағы жақсы жерлерімізді талап алып, көшіп келген адамдарға беріп тура. Бізге құмнан, әм шағыр, әрім өсетін жерлерден басқа бір нәрсе де қалды»[9].

Осындай жүздеген мың кедей-шаруа казактардың тағдырының сын сағатында олардың экономикалық және саяси мүддесін қорғау үшін қоғамдық сахнаға Бакытжан Қаратаев шықты.

Әдебиеттер:

1. Б.Қаратаевтың туған қызы Зейнеп апайдан 1981 жылы жазылып алынған дерек
2. СП ОМТА, 14-қор, 3 тізім. 25945 іс, 2 бет
3. Сонда, 1 бет
4. Г.И.Щетинина. Университеты в России и Устав 1884 года. М., 1976. стр. 31
5. С.Созакбаев Қарлығаштар. Петербург университетінде оқыған казак жастары туралы тың дерек «Білім және сәбәк», 1983, №3
6. СП ОМПА, 14 қор, 3 тізім. 25945 іс, 12 бет
7. «Оны-мұны», «Дала уәлаятының газеті», 1991, № 10
8. «Орал», 1907, 7 ақпан, № 10
9. Сонда

В статье автор рассматривает формирование общественно-политических взглядов общественного деятеля Б. Каратаева.

In this article the author shows about public activity of B. Karataev's public – political opinions of development.

Ешпанов В.С.

к.и.н., доцент Актюбинского института
Алматинской академии экономики и статистики

Участие оренбургских железнодорожников в мероприятиях по укреплению боеспособности Советской Армии (1941-1945 гг.)

В начале Великой Отечественной войны железнодорожники принимали активное участие во всех мероприятиях, направленных на укрепление боеспособности Советской Армии. Наблюдался добровольный уход железнодорожников в ряды Красной армии, создавались истребительные батальоны и подразделения народного ополчения, массовое участие железнодорожных коллективов наблюдалось в сборе средств, строительстве и ремонте бронепоездов [1].

В летние месяцы 1941 г. особое значение имели мероприятия по пополнению рядов Красной армии, понесшей большие потери в приграничных боях. В большинстве республик, краев и областей СССР развернулось массовое движение по добровольному вступлению в ряды Красной Армии. Оно охватило и железнодорожников Оренбурга и Южного Урала.

Определение железнодорожников, добровольцами уходивших в Красную армию, проводилось на заседаниях бюро райкомов ВКП (б) и ВЛКСМ. На предприятиях железнодорожного транспорта стали создаваться взводы и посты для охраны железнодорожных объектов. Организовывалось круглосуточное дежурство на важнейших участках железнодорожной сети. Комсомольцы Оренбургской железной дороги организовали отряд по охране путей и складов от возможных вражеских диверсий [2].

24 июня 1941 г. Политбюро ЦК ВКП (б) утвердило решение СНК СССР о борьбе с парашютными десантами и диверсантами противника в прифронтовой полосе [3]. Как и постановление СНК СССР от 24 июня 1941 г. «Об охране предприятий и учреждений и создании истребительных батальонов», оно положило начало появлению в стране первых добровольческих формирований – истребительских батальонов. Создание истребительских батальонов предполагало организационные формы, связанные с управлением этими формированиями, решать ряд сложных проблем по их вооружению, материально – техническому оснащению, а также по отбору людей. На многих

железнодорожных предприятиях создавались группы содействия истребительным батальонам. Они информировали истребительные батальоны обо всех случаях появления парашютных десантов и диверсантов противника в районе деятельности истребительных батальонов.

В августе 1941 г. проходило дополнительное формирование истребительных батальонов. Их основной косяк составили рабочие-железнодорожники. В состав истребительного батальона вошли 68 железнодорожников [4]. Героизм железнодорожников – бойцов истребительных батальонов был достаточно высоким. Они принимали активное участие в ликвидации пожаров. При этом они показали мужество и смелость, тушили бомбы и не давали возгораться пожарам.

По всей стране проявлялся героизм железнодорожников. Например, 2 июля 1941 г., учитывая многочисленные пожелания москвичей, Военный Совет Московского военного округа постановил направить в дивизии народного ополчения более 200 тысяч жителей Москвы и 70 тысяч жителей Московской области. 3 июля 1941 г. Государственный Комитет Обороны постановлением № 10 одобрил инициативу москвичей и ленинградцев по массовому формированию частей народного ополчения [5]. Из железнодорожного района Москвы в ряды Красной Армии и ополчения ушло более 8000 человек, которые были направлены на пополнение 282-й стрелковой дивизии [6].

В народное ополчение вступала как молодежь, так и участники гражданской войны. С первых месяцев войны среди населения страны развернулось движение по сбору средств в Фонд обороны. Одним из первых свой двухдневный заработок в Фонд обороны перечислил машинист паровозного депо Южно-Уральской железной дороги Загородний. К 31 июля 1941 г. рабочие железнодорожники внесли в Фонд обороны 10190 рублей. Патриотическое движение железнодорожников в помощь фронту проявилось и в проведении массовых воскресников, средства от которых перечислялись в Фонд обороны. На Всесоюзный воскресник в день железнодорожника 3 августа 1941 года вышло 1 миллион 312 тысяч железнодорожников, в том числе 148 тысяч членов семей железнодорожников и 67 тысяч колхозников, проживавших вблизи железных дорог [7].

А на 7-й дистанции пути Московской железной дороги на воскреснике работало 623 человека. Они грузили рельсы, собирали металлолом, очистили 940 погонных метров кюветов и 560 метров водоотводных канав. Рабочие дистанции передали 4300 рублей в

фонд обороны [8]. Проводя оценку первого воскресника на железнодорожном транспорте, «Правда» писала: «Решив поработать 3 августа, железнодорожники переносят свой веселый праздник с гулянием, карнавалами, веселыми развлечениями на тот день, когда над фашизмом будет поставлен надгробный камень. Этот день наступит! Он будет праздником всех народов нашей страны. А до победы – борьба, борьба упорная, борьба, требующая максимального напряжения сил, требующая жертв во имя разгрома врага...» [9]. Активно прошел и комсомольско-молодежный воскресник, объявленный ЦК ВЛКСМ 17 августа 1941 г.

Важнейшим направлением в помощь фронту стал сбор теплых вещей и белья для бойцов и командиров Красной армии. Значение этого фактора велико, особенно потому, что развернулось оно в сложный период перестройки народного хозяйства и железнодорожного транспорта на военные рельсы. Это позволило компенсировать нехватку и потери в вещевом снабжении воинов действующей армии в первые месяцы войны. Движение за сбор и отправку одежды и обуви в части действующей армии не сразу приобрело самостоятельный характер. С начала оно являлось составной частью движения за общий сбор средств в Фонд обороны [10]. Важную роль в расширении данного движения сыграло постановление ЦК ВКП (б) «О сборе среди населения теплых вещей и белья для Красной армии», принятое 5 сентября 1941 г. Была создана центральная комиссия по сбору теплых вещей для РККА, которую возглавил секретарь ЦК ВКП (б) А.А. Андреев [11]. С лета 1941 года железнодорожники многих дорог СССР привлекались к оборонному строительству. Уже в начале октября 1941 г. до 150 рабочих паровозного депо выходили на оборонное строительство.

22 октября 1941 г. приказом НКПС № СС – 566/Ц в Центральном Управлении паровозного хозяйства НКПС был создан специальный отдел, в ведении которого была организация строительства и ремонт бронепоездов, контроль за продвижением боевых машин к линии фронта из мест строительства. В отдел входило 15 человек, инженеров и конструкторов, машинистов – инструкторов, испытателей броневых машин. Общее наблюдение за постройкой бронепоездов на сети железных дорог страны было возложено на заместителя Наркома путей сообщения К.И.Филиппова [12]. Железнодорожники, входившие в состав боевых экипажей бронепоездов, до мая 1942 года находились в качестве вольнонаемного состава Красной Армии. Они имели двойное подчинение – в период боевых действий командиру

бронепоезда и руководству депо, входившего в структуру ВЭО. Денежное довольствие личный состав боевых экипажей бронепоездов получал на предприятиях НКПС.

В ходе боевых действий весной – летом 1942 г. бронепоездные части РККА понесли большие потери материальной части. Постановлением № 2095сс от 25 июля 1942 г. Государственный Комитет Обороны утвердил план производства 20 бронепоездов во втором полугодии 1942 г. [13]. 14 поездов должны были изготовить на предприятиях Наркомата путей сообщения. НКПС поручалось оборудовать 14 бронепаровозов, 56 двухосных бронеплощадок, 14 площадок ПВО, 10 дивизионных и 20 бронепоездных баз [14]. В постановлении ГКО № 2801 сс от 30 января 1943 г. «О производстве бронепоездов в первом полугодии 1943 г.» отмечалось, что вместо 30 комплектов бронедеталей НКПС было поставлено лишь четыре.

В конце 1942 г. – начале 1943 г. развернулось массовое движение за сбор средств на строительство боевой техники. Этот размах во многом был обусловлен успехами Красной армии под Сталинградом и на других участках фронта. Весной 1943 г. в паровозном депо Ташкент Ташкентской железной дороги на средства железнодорожников Московско-Окружной дороги был создан бронепоезд «Москва». 8 июня 1943 г. бронепоезд № 2 (748) «Москва» передан командованию 7-го отдельного дивизиона [15].

С самого начала войны коренным образом изменилась повседневная жизнь и деятельность советских железнодорожников. На место народно-хозяйственных перевозок, выполнявшихся в мирное время, пришелся значительный объем перевозок военных грузов, срочно отработывался механизм продвижений оперативных воинских эшелонов. Для развертывания советских Вооруженных Сил в течение 1941 года железнодорожным транспортом в пункты сосредоточения войск были доставлены 291 стрелковая дивизия, 94 стрелковые бригады.

С осени 1941 г. на всех железных дорогах СССР, в том числе Оренбургской железной дороги развернулась трудная работа по строительству броневых поездов. Эта работа жестко регламентировалась постановлениями ГКО и специальными приказами НКПС. Только с октября 1941 г. по март 1942 г. железнодорожниками страны было построено и передано частям Красной армии 109 бронепоездов. На страницах многих периодических изданий публиковались материалы, рассказывающие о героических делах железнодорожных экипажей бронепоездов. В конце 1942 г. железнодорожники активно

включились в сбор средств на строительство самолетов, танков, подводных лодок для нужд Красной армии, осуществляли тесные шефские связи коллективов железнодорожных предприятий и воинских частей.

Значительное научно – познавательное и воспитательное значение имеет изучение героики боевого пути, участия в сражениях с немецко-фашистскими войсками южноуральских формирований. Исследования Л.И.Футорянского, А.В. Федоровой, В.П. Могутнова и других историков содержат сведения о формировании и боевом пути дивизий, бригад, полков [16].

Особое значение пример мужества, и отваги героев Великой Отечественной войны имеет для патриотического и нравственного воспитания молодежи. Не всем воинам – уральцам довелось дожить до светлого дня победы. Они пали на полях сражений, тем самым свой жертвенный и горький вклад в общее дело победы внесли и жители Южного Урала. Более 2 млн. человек защищали Родину. Погибло 760 тыс. человек, что составило 34,3 % от ушедших на войну [17].

«Объем разрушений железных дорог, произведенный противником зимой 1943 года, был очень большим, - вспоминал в 1970 г. Герой Социалистического Труда генерал – полковник П.А.Кабанов. – На магистралях были разрушены большие и средние мосты. На месте разрушения водопропускных труб образовались брешы в земляном полотне. Приходилось вместо труб сооружать мосты длиной 25-30 метров. Пути, на многих перегонах и станциях нужно было заново перешивать. Зачастую рельсы оказывались перебитыми, а стрелочные переводы подорванными в крестовинах и остряхах». В результате боевых действий, вражеских налетов, взрывов и пожаров операций в районе Сталинграда. Паровозные колонны особого резерва НКПС сыграли важную роль в перевозке воинских грузов на прифронтовых железных дорогах. Подвижные военизированные формирования транспорта – паровозные колонны особого резерва НКПС – приобрели большой опыт в обеспечении боевых операций, особенно пригодившийся в битве под Курском.

Подразделения рабочих Казахстанских железных дорог, в том числе и Актюбинское отделение железной дороги, становились, при наличии курса начальной военной подготовки, базой комплектования боевых резервов для фронта без отрыва от производства и одним из источников пополнения армии обучаемым призывным контингентом. Военное дело изучалось транспортниками после окончания рабочего дня несколько раз в

неделю. По Актюбинскому отделению железной дороги к ноябрю 1941 г. в народном ополчении состояло 230 человек. Состав формирований народного ополчения железнодорожников Казахстана постоянно менялся в связи с призывом транспортников в ряды Красной Армии сократился в ноябре-декабре 1941 г. настолько, что ополченские подразделения, областей почти перестали существовать. Политуправление НКПС, руководствуясь постановлением Совнаркома СССР «Об охране предприятий и учреждений и создании истребительных батальонов» от 24 июня 1941 г., направило 27 июня 1941 г. политотделам всех дорог страны указание о необходимости повышения бдительности и создании на железнодорожном транспорте отрядов по охране важнейших объектов. Во время Великой Отечественной войны Актюбинское отделение железной дороги охранялось войсками НКВД и транспортными военизированными соединениями. Но в условиях войны они нуждались в дополнительной защите со стороны местных сил. Поэтому на каждом транспортном объекте существовали рабочие отряды, комсомольские посты и добровольные отряды, состоявшие из машинистов, путеобходчиков, слесарей, кондукторов. На крупных узлах, станциях были организованы и работали в 1943 г. 9 контрольно-комсомольских поста. В соответствии с постановлением ГКО от 13 ноября 1941 они формировались из числа 5-7 комсомольцев, хорошо знакомых с работой связанной с движением поездов, и обязаны были следить за быстреешим формированием и отправлением составов с грузами. Кроме того, по решению Политуправления НКПС в первые дни войны на предприятиях железнодорожного транспорта создавались комсомольско-молодежные взводы содействия милиции и военизированной охране.

Для усиления охраны дороги и железнодорожных сооружений на Актюбинском отделении дороги было сформировано 25 дружин, состоящих из 300 комсомольцев и коммунистов. Наряду с участием в добровольческих формированиях Актюбинские железнодорожники оказывали фронту и значительную финансовую помощь. Важнейшей формой патриотической помощи фронту явилось создание фонда обороны страны, счет которого был открыт в Госбанке СССР в июле 1941 г. Рабочие Актюбинского отделения железной дороги активно участвовали в пополнении его наличными деньгами, облигациями государственного займа, отчислениями зарплаты, средствами от субботников в течение всей войны. На массовых собраниях

Актюбинские железнодорожники приняли решение об отчислении один раз в месяц дневной зарплаты в фонд обороны. Только в первые месяцы войны железнодорожники сдали государству денег, облигаций и ценностей на 189520 рублей, собрали средств от сверхурочных работ и воскресников – 21740 тыс. рублей. Фонд нуждался в боевой технике и вооружении. Железнодорожники Актюбинской области активно поддержали предложение ЦК ВКП (б) и Совнаркома СССР о сборе средств на их покупку и изготовление.

В 1942 г. в ходе декадника по оказанию помощи Сталинграду коллектив депо ст. Актюбинск вынес решение об отчислении одного дневного заработка на постройку танковой колонны и призвал всех работников железной дороги последовать их примеру. Всего за период войны железнодорожники собрали на боевую технику 9092 тыс. рублей; в том числе 8116 тыс. рублей на строительство авиаэскадрильи, 350 тыс. рублей на постройку бронепоездов. Часто работники служб и отделений дороги вносили средства на создание одного танка или самолета. Широко распространился в транспортной отрасли народного хозяйства почин железнодорожников по оборудованию за счет собственных средств передвижных поездов-бань для фронтовиков.

Существующие проблемы в процессе социализации детей-сирот подросткового возраста не решаются в ходе воспитания в детских учреждениях, замещающих семью. Наибольшие трудности становления личности подростка наблюдаются в эмоционально-волевой сфере, нарушении социального взаимодействия, неуверенности в себе, снижении самоорганизованности и целеустремленности, что приводит к бедности позитивного индивидуального социального опыта.

Здесь удачным начинанием являются детские деревни семейного типа «SOS-Киндердорф». В 1949 году в Австрии, как и в других странах Европы, было много осиротевших детей. Врач Г. Гмайнер на собранные деньги построил в Имсте первый дом для детей-сирот. Дети жили обычной жизнью семьи, во главе которой была одинокая женщина (незамужняя, вдова, бездетная или имеющая взрослых, самостоятельных детей). Приготовление пищи, стирка, уборка помещения - все выполняет мать-воспитательница, живущая с детьми. Группа - семья комплектуется разнополой и разновозрастной [1, с.74]. Сейчас детские деревни существуют в 130 странах мира. Строительство детских деревень происходит и в нашей Республике и на сегодняшний день действуют 9 детских деревень.

Детская деревня семейного типа в Республике Казахстан – это государственное учреждение, принимающее на воспитание детей-сирот на договорных началах с местными органами опеки и попечительства для воспитания в условиях, приближенных к семейным.

Областная детская деревня семейного типа г. Уральска была создана по инициативе общественного республиканского детского фонда «Бобек» и Западно-Казахстанского областного Акимата 6 ноября 2003 года.

Областная детская деревня семейного типа г. Уральска расположена в п. Зачаганск. Детская деревня состоит из 10 жилых коттеджей, где проживают семьи, состоящие из 7-8 детей и 1 административного здания «Досуг», включающего кабинет директора, замдиректоров, бухгалтерию, библиотеку, актовый зал, кабинет психолога, кабинеты для кружков труда и музыки, тренажерный зал, медицинский кабинет и фито-бар.

Несомненно, положительно оценивая организацию и реализацию учебно-воспитательной работы областной детской деревни семейного типа необходимо отметить, что дальнейшей разработки и усовершенствования требует организация педагогической деятельности по успешной социализации воспитанников, в особенности воспитанников подросткового возраста.

Для восполнения пробелов в воспитательной работе детской деревни, подтверждения гипотезы диссертации нами была проведена экспериментально-исследовательская работа,

цель которой заключалась в практическом обосновании выделенных педагогических условий успешной социализации подростков-воспитанников государственных учреждений, замещающих семью.

В качестве объекта исследования - система воспитания и процесс социализации подростков (12-15 лет) в условиях учреждения, замещающего семью. В экспериментальной работе приняли участие 36 воспитанников: из них юношей - 18 и девушек - 18.

Экспериментальная работа диссертационного исследования была основана на реализации принципов социально-педагогической деятельности, психолого-педагогической диагностики и коррекции.

В качестве основных принципов организации психолого-педагогической диагностики нами были использованы: принцип создания «ситуации клиента»; принцип правильной интерпретации и соотнесения с другими жизненными показателями, результатами деятельности воспитанника; принцип эффективности; принцип коррекционности; принцип владения элементами математической статистики и достоверности; принцип качественного и количественного отбора методик в соответствии с требованиями валидности, надежности и точности [2, с. 101].

Для решения поставленных задач в процессе диагностики личности подростка были использованы две группы методов исследования: экстенсивные (наблюдение за подростками, беседы с воспитателями и педагогами, анализ психолого-педагогических характеристик) и интенсивные (экспериментально-психологические методы).

Для подтверждения гипотезы и решения поставленных задач диссертационного исследования и, придерживаясь логики и методики научного исследования, нами была разработана программа экспериментальной работы, которая реализовывалась в 4 этапа:

1 этап - *организация и проведение комплексной диагностики уровня социализированности подростков* (май - сентябрь 2006);

2 этап - *реализация программы специальной работы «Успешная социализация подростка-воспитанника»* (октябрь 2006 - май 2007);

3 этап - консультирование и подготовка докладов по направлениям экспериментальной работы для педагогического коллектива детской деревни, встречи и круглые столы со специалистами на областном и городском уровнях (ноябрь 2006 – апрель 2007);

4 этап - повторная диагностика уровня социализированности подростка для определения эффективности разработанной модели, методов, форм и средств специальной работы.

Диагностика уровня социализированности подростка проводилась посредством исследования социально-психолого-педагогических особенностей развития личности.

Первичные данные о подростках были получены посредством социально-педагогической диагностики: сбор общих сведений о ребенке; общий уровень развития; основные черты личности воспитанника; характер социализации ребенка [3, с.24].

В качестве основных методов специальной работы были выбраны *тренинг, упражнение и групповая дискуссия*.

Разработанная и реализованная нами программа специальной работы «Успешная социализация подростков-воспитанников» состояла из 4-х основных разделов:

Таблица 1 – Программа специальной работы «Успешная социализация подростков-воспитанников»

№	Части раздела	Раздел программы	Количество часов
1.	Мир чувств и эмоций	Семинар-тренинг	42
	Насдине с собой	«Встречи с самим собой»	52
2.	Коммуникация и общение	Упражнения и тренинги	22
	Развиваем креативность	«Подросток и общество»	18
3.	Моя семья	Детско-родительские тренинги «Подросток и семья»	14
4.	Профессия	Тренинги «Мир профессии»	8
Всего			156 часов

Цель программы: создание условия для успешной социализации и формирования более высокого уровня социализированности (позитивного социального опыта) у воспитанников-подростков детской деревни посредством

активного осознания (познания) себя, признания со стороны других участников тренинга и образовательного процесса (воспитателей-мам, референтной группы, учителей) и достижений в социально-значимой деятельности (межличностном общении и учебе).

С целью определения эффективности разработанной модели и реализованной программы специальной работы «Успешная социализация подростков-воспитанников» была проведена вторичная психолого-педагогическая диагностика (формирующий этап).

Таблица 2 – Сравнительные результаты социально-педагогической диагностики подростков-воспитанников детской деревни на констатирующем и формирующем этапах эксперимента

№	Показатели социально-педагогического развития подростков	Констатирующий этап (в %)	Формирующий этап (в %)
1.	Позитивные	36,78 %	46,89 %
2.	Средне-нейтральные	53,68 %	47,27 %
3.	Негативные	9,54 %	5,84%

Одним из показателей социализированности подростка-воспитанника является уровень его социально-психологической адаптированности. После проведения специальной работы, по результатам вторичной диагностики, общий коэффициент адаптированности в выборке составил 3,3, что соответствует выше среднему уровню. Данный уровень социально-психологической адаптированности характеризует подростка как адекватно принимающего себя и значимых других, берущего субъективную ответственность за события жизни, доминирующего в отношениях со сверстниками, умеющего налаживать продуктивные (деловые) контакты, стремлением в большинстве случаев решать возникающие проблемы самостоятельно.

Таблица 3 - Общий коэффициент социально-психологической адаптированности воспитанников-подростков 12-15 лет (формирующий этап)

№	Факторы	Первичная диагностика	Вторичная диагностика	Динамика
1.	Принятие себя	3,0	3,3	+ 0,3
	Непринятие себя	2,7	2,3	- 0,4
2.	Принятие других	4,1	4,5	+ 0,4
	Конфликт с другими	2,6	2,5	- 0,1

3.	Внутренний локус контроля	3.3	3.2	- 0.1
	Внешний локус контроля	3.1	3.2	+ 0.1
4.	Эмоциональный комфорт	3.5	3.9	+ 0.4
	Эмоциональный дискомфорт	2.9	2.8	- 0.1
5.	Доминирование (лидерство)	3.3	3.6	+ 0.3
	Зависимость (ведомость)	3.2	3.0	- 0.2
6.	Уход от решения проблем	3.2	2.9	- 0.3
	Средний балл	3.2	3.3	+ 0.1

Положительная динамика произошла и в мотивационной сфере подростков. Так, на констатирующем этапе эксперимента продуктивность мотивации учения и положительное эмоциональное отношение к школе составляло 57 %, тогда как на формирующем этапе уже 63,9 %, на 6 % снизилось переживание «школьной скуки», наметилась тенденция повышения познавательной активности на уроках. Повзрослел интерес к предметам изучение которых необходимо для получения той или иной профессии.

Еще одним показателем повышения уровня социализированности подростков-воспитанников является уровень самооценки и Я-концепция. На начало эксперимента почти 2/3 подростков-воспитанников детской деревни испытывали защитно-высокое отношение к себе, демонстрировали очень высокое самооценку, что свидетельствовало о несформированности и незрелости Я-концепции, неустойчивости представлений о самом себе и неадекватности взаимодействия с окружающими. На формирующем этапе эксперимента, после проведения комплекса специальных коррекционно-развивающих занятий, высокий и средний уровень самооценки, соответствующий социальной норме показали 41,7%, что на 13,1% больше чем на констатирующем этапе.

Проявление более высокого уровня социализированности характеризуется уверенностью в себе, в своих возможностях, желанием и готовностью брать на себя ответственность, быть лидером, проявлением социальной активности в отношениях со сверстниками в коллективе. Это предполагает преодоление негативных барьеров, снижение личностной тревожности подростка. Так, по результатам вторичной диагностики было отмечено снижение уровня тревожности у подростков на 12,5 %, в том числе средних показателей по шкалам: школьная тревожность-снижение на 0,4 балла, самооценочная тревожность-снижение на

0,4, межличностная тревожность - на 0,3 и магическая тревожность - на 0,1 балла.

Таблица 4 - Результаты методики «Шкала личной тревожности для учащихся 13-16 лет А.М. Прихожан (форма Б)» подростков- воспитанников 12-15 лет (формирующий этап)

№	Субшкалы	Средний уровень тревожности	
		Первичная диагностика	Вторичная диагностика
1.	Школьная тревожность	8,3	7,9
2.	Самооценочная тревожность	9,5	9,1
3.	Межличностная тревожность	8,5	8,2
4.	Магическая тревожность	9	8,9

Следующим важным показателем повышения уровня социализированности подростков-воспитанников детской деревни являются произошедшие изменения в ценностно-нормативной системе. Актуальными среди терминальных ценностей для подростков-воспитанников наряду с таким как «Счастливая семейная жизнь» (1,8) , «Здоровье» (3,4), «Любовь» (5,2), стали и такие ценности как «Наличие хороших и верных друзей» (5,8), «Интересная работа» (5,2), «Активная деятельная жизнь» (8,7), что говорит о приобретении устойчивого интереса к продуктивному общению, потребности в наличии близких людей, необходимости доверия к окружающим и планирования будущего.

Среди инструментальных ценностей по сравнению с результатами первичной диагностики первостепенными стали такие как «Ответственность» (6,9), «Образованность» (7,2), «Рационализм» (7,2), «Жизнерадостность» (7,3), «Честность» (7,3), «Твердость воли» (7,9), «Аккуратность» (8), «Смелость в отстаивании своего мнения, взглядов» (8,4). Это личностные качества, которые были актуализированы в процессе участия в специальных занятиях: чувство долга, умение держать свое слово, стремление к высокой культуре, умение настоять на своем, не отступать перед трудностями, правдивость, искренность, умение настоять на своем, не отступать перед трудностями, смелость в отстаивании своего мнения и взглядов, умение содержать в порядке вещи, порядок в делах, чувство юмора. Все это является показателями информационной компетентности подростков.

Увеличилось и количество подростков, испытывающих положительное отношение к самому себе, к своей личности с

28,6 % (констатирующий этап) до 55,6 % (на формирующем этапе). Это свидетельствует о формировании адекватной самооценки подростка, положительных тенденций в развитии Я-концепции, навыков самопознания и саморазвития.

Отношение к своему будущему на констатирующем этапе было больше нейтрально-отрицательным (у 71,4% подростков), выражающееся в нежелании и неумении планировать будущее, страх перед неизвестностью, неопределенностью после оставления детского учреждения. На формирующем этапе отношение к будущему стало положительно-нейтральным (у 74,9% подростков), что говорит об обретении уверенности в будущем, в формировании умения планировать ближайшее и перспективное будущее, представления о возможности приобретения профессии, создании семьи, умении налаживать контакты за пределами воспитательного учреждения. Вышеперечисленное свидетельствует о проявлении у подростков-воспитанников детской деревни навыков самоменеджмента.

Таблица 5 - Результаты констатирующего этапа эксперимента по методике «Незаконченные предложения» Сакса и Леви среди подростков- воспитанников 12-15 лет (формирующий этап)

№	Отношение воспитанника	Количество подростков в %		
		Положительное	Нейтральное	Отрицательное
1.	К отцу, матери	72,2 %	22,2 %	5,6 %
2.	К самому себе	55,6 %	36,1 %	8,3 %
3.	К своему будущему	41,6 %	33,3 %	25,1 %

Обобщив результаты вторичной социально-психолого-педагогической диагностики (формирующий этап) необходимо отметить, что качественная и количественная динамика произошла в самой личности подростка, во всех сферах его деятельности (общение, учение, трудовая, физическая и творческая деятельности), что свидетельствует об эффективности реализованной специальной программы «Успешная социализация подростков-воспитанников».

У подростков-воспитанников детской деревни изменилось общее представление об окружении, изменились ценностные ориентации и значимые эмоции, наметились позитивные тенденции в отношениях со сверстниками, с педагогическим коллективом деревни, с учителями, качественно изменилось поведение, появилась уверенность в будущем и их нужности

обществу и окружающим людям, появилось ощущение «полноценности» и своей значимости, больше проявляются такие качества как инициативность, ответственность, целеустремленность, уверенности в себе и своих силах, умение отстаивать свою позицию. В семьях подростков наметились позитивные тенденции: появилась открытость высказываний, осознание и уважение своих прав и прав членов семьи, взаимоуважение и взаимопомощь, забота о «братьях» и «сестрах», организация своего личного пространства и времени.

Разработанная теоретическая модель диссертационного исследования и ее реализация подтвердила гипотезу и доказали ее эффективность.

Литература:

1. Брускова Е. Семья без родителей. - М.: Центр развития социально-педагогических инициатив, 1993. - 238 с.
2. Методика воспитательной работы: Учеб. пособие для студентов высш. пед. учеб. заведений / Под ред. В.А. Сластенина. - М., 2002. - 144 с.
3. Социально-педагогическая практика: в помощь студенту-практиканту: Учебно-методическое пособие сост. М.Н. Бурмистрова, А.В. Кашеева, Н.П.Кириленко, Т.Н. Черняева. - Саратов, 2006.
4. Закон Республики Казахстан «О детских деревнях семейного типа и Домах юношества» № 113-2 - 19.12.2001.
5. Психическое развитие воспитанников детского дома / Под ред. Лисиной М.И., Дубровиной И.В., Прихожан А.М., Толстых Н.Н. и др. - М., 1998.
6. Зуева И.А. Социализация детей-сирот. / Виртуальный кабинет лаборатории социально-психологической службы НМЦ ЮВУО. - 2006, www.yandex.ru
7. Прихожан А.М., Толстых Н.Н., Юферева Т.И. Подростковый возраст // Психическое развитие воспитанников детского дома. - М., 1990.

Мақалада жанұя үлгісіндегі балалар ауылы жағдайында жетім жасөспірімдердің әлеуметтену мәселелері, жүргізілген ғылыми зерттеу жұмысының нәтижелері қарастырылған.

The problems of socialization of the orphan children in the conditions of upbringing at the children's village are examined in this article.

Отбасындағы қарым-қатынастың кіші мектеп жасындағы балалардың интеллект компоненттерімен байланысы

Қазіргі заманғы психология ғылымында интеллектті дамыту ең өзекті мәселелердің біріне айналды. Отандық (Б.Г. Ананьев, Л.С. Выготский, В.Н. Дружинин, В.Н. Щадриков, М.А. Холодная, Н.И. Чурикова және т.б.) және шетелдік (Г. Айзенк, Д. Векслер, Дж. Гилфорд, Р.Кэттел, Ж. Пиаже, К. Спирмен, Л. Тернстоун және басқалар) ғалымдардың психология ғылымының бұл аймағы жөнінде психологиялық өңдемелерінің болуына қарамастан, интеллекттің психологиялық мәнін ашу, оның детерминациясы және құрылымы, қалыптасу үрдісі мен шарттары жөніндегі негізгі сұрақтар бүгінгі күнге дейін нақты бір шешімін тапқан жоқ.

Ғасырдан астам уақыт бойына қабілеттер психологиясы интеллекттің жалпы вариативтілігіне тұқымқуалау мен ортаның әсерін анықтауға тырысуда. Ф.Гальтоннан бастап, зерттеушілердің зейіні негізінен интеллекттің генетикалық және биологиялық факторларға байланысын дәлелдеуге бағытталды. Ортаның әсері жөніндегі зерттеулерді жүргізу әдістемелік қиындықтарға байланысты және сұрақты шешудегі қате түсініктерге байланысты көп танымал болмады. Тек соңғы жылдары ғана қоршаған орта арнайы талдаудың пәніне айналды, интеллектуалдық қабілеттермен байланысты орта параметрлерін зерттеуге қызығушылық арта бастады.

Балалардың интеллектуалдық қабілеттері отбасының келесі сипаттамаларымен корреляциялық байланыста: аналық депривация, ата-ананың білім деңгейі, әлеуметтік мәртебесі және мамандығы, ересектердің балалармен қарым-қатынасының ерекшеліктері, баланың ата-анасына эмоционалды қатынасы, отбасы көлемі.

Сонымен қатар, әдеби көздерді зерттеу арқылы бұл аймақтағы зерттеулер әлі де толықтыруды қажет екенін байқаймыз, себебі көптеген зерттеулер көбіне қалыпты емес отбасында (көп балалы, егіздері бар, деструктивті) жүргізілген, мұнда баланың интеллектуалдық дамуына теріс әсер ететін факторларға баса назар бөлінген. Мұндай тәжірибе ғылыми ойдың шекараларын кеңейте отырып, сонымен бірге, біздің мәдениетке сай қалыпты отбасындағы (толық, бірқалыпты, көп балалы емес, психотерапевт көмегін қажет

етпейтін) ортаны бала үшін тиімді ұйымдастыруға және болжауға мүмкіндік бермейді.

Содан келіп келесі мәселе туындайды – отбасындағы ортаның қандай ерекшеліктері бала интеллектісінің дамуының шарты бола алады, және мұндай әсер етудің психологиялық механизмдері қандай. Мұны анықтау үшін алдымен интеллектке берілген анықтамалармен танысып, оның құрылымын, табиғатын түсіну керек.

Интеллект құрылымын анықтау жөнінде көптеген зерттеулер жүргізілген. Олардың ең танымалдарына Р.Кэттел, К.Спирмен, Ф.Вернон факторлы теориялары жатады. Ф.Вернон интеллекттің генералды факторын екіге бөлді: Вербальді-цифрлік-білім берушілік және механико-кеңістік-тәжірибелік. Оның моделі негізінде Д. Векслер интеллектті зерттеудің әдістемесін жасады.

Д.Векслердің ойынша, интеллект – бұл ақылды әрекет ету, рационалды ойлау және өмірлік жағдайларды жақсы шеше алу қабілеті. Автор жалпы генералды факторды мойындайды және оны екі топқа бөліп қарастырады: вербальді және вербальді емес.

Д.Векслер көзқарасы бойынша, вербальді интеллект – білімге сүйеніп, вербальді-логикалық формада қызмет ететін жалпы интеллекттің құрылымдық бөлігі. Вербальді емес интеллект – бұл әрекет интеллектісі, ол индивидтің білімі, сонымен бірге біліктеріне сүйеніп қызмет ететін құрылымдық бөлігі.

Осыдан келіп, бала интеллектісін дамыту үшін оның вербальді және вербальді емес компоненттеріне ортаның әсерін, соның ішінде отбасылық қарым-қатынастың әсерін анықтау қажеттілігі туындайды. Осы бағытта кіші мектеп жасындағы балалардың интеллектісінің құрылымдық компоненттері мен отбасындағы қарым-қатынастың өзара байланысын зерттеу мақсатында зерттеу жұмысы жүргізілді.

Ғылыми-зерттеу жұмысының базасы ретінде Орал қаласының екі жалпы білім беретін орта мектептерінің бастауыш сыныптарының (2-3 сыныптар) оқушылары және олардың ата-аналары алынды. Зерттеу жұмысына барлығы 54 оқушы және 108 ата-ана қамтылды. Оқушылар 8-11 жас аралығында.

Психологиялық экспериментте келесі әдістемелер қолданылды: Д.Векслердің балалар интеллектісін зерттеу әдістемесі (WISC), ата-ана қарым-қатынасының тест-сауалнамасы (Варга А.Я., Столин В.В.), отбасылық қарым-қатынас тестісі (FRT, Антонн И., Бене Э.), «Отбасы суреті» проективті тесті, тұлғааралық қарым-қатынасты зерттеу әдістемесі (Лири Т.).

Болжамдар:

1. Отбасындағы қарым-қатынас пен балалардың интеллектуалдық құрылымдық компоненттерінің арасында байланыс бар. Отбасындағы қарым-қатынастың ерекшеліктері балалардың интеллектуалдық құрылымдық компоненттеріне әсер етуі мүмкін, ал балалардың интеллектуалдық көрсеткіштері өз алдына отбасылық қарым-қатынас ерекшеліктерінің шарты болуы мүмкін.

2. Балалардың интеллектуалдық құрылымдық компоненттерінің ішінде вербальді және вербальді емес интеллект факторлары отбасылық сипаттамалармен салыстырмалы түрде тығыз байланысты.

3. Ата-ана қарым-қатынасында көрініс табатын сипаттамалық ерекшеліктері балалар интеллектісінің құрылымдық компоненттерінің дамуына оң немесе теріс әсер етуі мүмкін.

Алынған нәтижелерді корреляциялық талдау арқылы балалардың вербальді және вербальді емес интеллектісінің арнайы факторлары мен отбасылық сипаттамалардың арасындағы корреляциялық байланыстар анықталды. Факторлы талдау нәтижелері интеллекттің құрылымдық компоненттерінің отбасылық қарым-қатынаспен байланыстарының бағытын анықтауға мүмкіндік берді.

Қорытындылар:

1. Балалар интеллектісінің құрылымдық компоненттерінің бала мен ата-ананың арасындағы қарым-қатынаспен және ата-ананың тұлғааралық қарым-қатынастағы сипаттамалық ерекшеліктерімен корреляциялық байланысы бар.
2. Вербальді емес интеллекттің арнайы факторларының отбасы сипаттамаларымен байланыстары вербальді интеллекттің арнайы факторларымен салыстырғанда жоғары.
3. Отбасылық қарым-қатынас бала интеллектісінің құрылымдық компоненттерімен өзара байланысты. Балалардың вербальді интеллектісі және арнайы факторларына бала мен ата-ана қарым-қатынасы әсер етеді. Бала үшін ата-ананың қарым-қатынасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым олардың интеллектуалдық көрсеткіштері жоғары болады. Ата-ананың бірлескен әрекеттерге бейімділігі және әкесінің баланы орынды қабылдауы баланың вербальді IQ-на жағымды әсер етеді. Баланың вербальді емес интеллектісінің төмен көрсеткіштері анасының баламен қарым-қатынаста тұлғааралық дистанцияны орнатуға ұмтылуына, баласын анасы кішкентай жолболмаушы ретінде қабылдауына түрткі болады.

4. Ата-ананың тұлғааралық қарым-қатынасында көрінетін сипаттамалық ерекшеліктері балалар интеллектісінің құрылымдық компоненттерімен өзара байланысты. Анасының сынап карауы баланың вербальді интеллектісімен өзара теріс байланыста, ал әкесінің сынилығы баланың көріп бақылауымен жағымды байланыста. Жоғары интеллект көрсеткіштері бар балалардың өзіне-өзі сенімді, жетекші анасы бар. Баланың вербальді емес интеллектісінің көрсеткіштері неғұрлым төмен болса, соғұрлым олардың аналары конформды келеді.
5. Отбасылық қарым-қатынас балалар интеллектісінің құрылымдық компоненттерімен өзара байланысының психологиялық механизмін келесі түрде суреттеуге болады. Ата-ананың сипаттамалық ерекшеліктері әсерінен, тұқымқуалаушылық және әлеуметтік факторлар әсерінен нақты бір отбасылық қарым-қатынас кешені қалыптасады. Отбасындағы тұлғааралық мінез-құлық типтері мен ата-ана тәрбиесінің стильдері балалармен қарым-қатынаста көріне отырып, баланы ата-анасымен идентификациясына оның мотивациялық тұлғалық сапаларына қалыптастырушы әсер етеді, жағдай жасайды, бұл балалар интеллектісі құрылымындағы индивидуалды ерекшеліктердің шарты болады. Ал, баланың ерекшеліктері өз алдына отбасылық жүйеге, нақтырақ айтқанда ата-анамен қарым-қатынасына әсер етіп, қандай да бір тәрбие түрін немесе тұлғааралық мінез-құлық стилін бекіте түседі.

Бұл зерттеулер интеллектісі жоғары деңгейде дамыған адамды тәрбиелеу жоспарын тәжірибеде жүзеге асыруға көмектеседі деп сенгім келеді. Мәселе әлі де зерттелу үстінде.

Әдебиеттер:

1. Айзенк Г.Ю. Интеллект: Новый взгляд // Вопросы психологии – 1995- №1-с 111-131.
2. Варга А.Я. Структура и типы родительского отношения - М., 1986.
3. Дружинин В.Н. Психология интеллекта // Педагогика – 1998-№2-с 32-37.
4. Новикова Е.В. О некоторых характеристиках общения между супругами // Семья и формирование личности: Сб науч трудов АПН СССР НИИ общей педагогики / Под ред Бодалева А.А. – М, 1981-с 45-51.

В данной статье рассматривается влияние семейных отношений на интеллектуальное развитие детей младшего школьного возраста.

This article deals with influence of family relations on intellectual development of junior pupils.

А.С. Қыдыршаев
п.ғ.д., БҚМУ доценті
Ә.С. Мұханбетқалиев, М.К. Әжіғалиев
БҚМУ магистрлері

Педагог маманның шешендік дағдыларын қалыптастыру шарттары

Қазіргі мектеп мұғалімінің риторикаға /шешендіктану/ қызығушылығы неге күшті? Бұл орайда өз тарапымыздан жүргізілген эксперимент нәтижелеріне сүйене айтар болсақ, төмендегідей тұжырымдар жасауға болар еді.

Біріншіден, риторика ілімі әрбір педагогке өз сөзін дәл де нақты, логикалық тұрғыда иланымды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Ал оқушылар тарапынан пікірлестер табуға, сабақтарды шығармашылық тұрғыда үйлестіре, дәстүрлі сабақтардағыдай емес, қызғылықты да тартымды өткізуге, ұсынылар ақпараттарды бұрынғыдан бірнеше есе мол беруге септеседі.

Екіншіден, риторика мұғалімге өзара пікірлесу, сөйлесу мүмкін еместей көрінетін ең ауыр сыныптармен қарым – қатынас жасауға, сондай-ақ мұғалім не оқушы тарапынан өзара тіл табысуға еш құлық, ұмтылысы, мүмкіндігі жоқтай, тіпті қарым-қабілеті таяздау көрінетін алынбас камал іспетті орталарда монологтық сөз сөйлеуге мүмкіндік туғызады.

Үшіншіден, кез келген педагогикалық тұрғыда әсер етудің сәттілігі мұғалімнің сөз сөйлеу үстінде өзін-өзі танытуы арқылы көрінбек. Мұғалім сөйлеген сөзі арқылы оқытады, тәрбиелейді, өзіндік көзқарасына иландыра жұмылдырады, пікір алмасады, оқушылардың санасында мейлінше тереңірек сыналап ене түсер әсері жоғары образдарды тудырады. *Риторика* – көркемдік тұрғыда әсер ету амалдарының жүйесіне орай айтсақ, жоғары эстетикалық тұрғыда әсер ету арқылы ауызша сөйлеу тураты ғылым. Егер де педагог өз ойын жай айтып қана қоя салуға ұмтылмай, дидактасушы (пікірлесуші) оқушысына белгілі бір межелі әсерді (реакция) дарыту, алғы ортақ іске жұмылдыруға ұмтылдыру бағытын ұстанатын болса, онда педагогтың алғашқы сөзінен бастап осындай ұшқынды көруге тиіспіз. Яғни осы іспетті межеленген алғы мақсатқа нақты қол жеткізу үшін, сөйленер сөз атаулыны тура мағынасында жоспарлы түрде алдын-ала даярлау керек. Тап осы тұста риторика қағидалары көмекке келіп, сөйленер сөзді лайықты тұрғыда әзірлеуге септеседі.

Тәртіпшіден, риторика оқу үдерісі сәтінде туындап отыратын сандаған сауалдарға / “Неге?” “Неліктен?” “Не себепті?” / жауап береді. Бұлардың кейбірі төмендегіше:

- Жан-жақты білімді, өз ісін жан тәнімен сүйетін мұғалім неге көпшілік жағдайда оқушысына түсініксіз, яғни шәкірттерімен тіл табыса алмай жатады. Ал оның өткізген сабақтары мереке іспетті болудың орнына неге шыдамдылыққа жасалған ауыр экспериментке ұқсас болып келеді?

- Өртүрлі аудиторияларда мұғалімнің айтқан сөзіне неге мүлдем қарсы реакция туындап жатады? Айтылған сөзге сәйкесті жоспарлы нақты істі қалай туындатуға болады? Мұғалімнің үнемі ойлағанындай болуы үшін не істеуіміз керек?

- Сабақ басында қатты толқып, толғаныста болған мұғалім оқушыларының қолдауына неге не болмайды? Тіпті кей жағдайда оқушылардың мысқылдай, мазактай қараған көзқарастарына, ал кейде сабақ өткізуге кедергі келтіруге дейін неге барады?

- Педагог оқушыларға қызғылықты мәліметтерді ұсына отырып, неге кенеттен (аяқ астынан) ара-тұра сыныпқа қарата жекуге мәжбүр? Бұндай жағдаят болмауы үшін не істеу қажет?

- “Қанағаттанарлықсыз” баға алған оқушыны жұбатамын деп жүріп, мұғалім белгілі бір көзделген нәтижеге неліктен қол жеткізе алмайды?

2. Сондай-ақ мұғалім алдынан сабақ үстіндегі жағдаят ерекшелігінен туындап жататын әр қилы сауалдар да / “қалай?” / шығып отырады. Солардың кейбірі төмендегіше:

- Жетінші сабақ үстінде, егер де сынып оқушылары уақыттың тез өтуін ғана ойлап отырар болса, сынып назарын белгілі бір маңызды мәселеге бұра қалай жинақтауға болар еді?

- Сыныптағы қай оқушымен көбірек пікір қайшылығы туындап қалудың ыңғайы барын қалай анықтауға болады? Яғни оқушылардың арасындағы сынып көңіл-күйін бұзып отыруға, ортақ мәселеден басқа жакқа тартуға бейім тұратын, тілдік қарым-қатынас жасауға қиындық келтіретін, тіпті мүмкіндік болғызбайтын оқушылармен қалай тіл табысуға болады?

- Кейде мұғалімнің өзі де байқамай қалатын тұстың бірі – қарапайым ғана фраза арқылы оқушыларды ойлантуға, айтылғанға құлақ қоюға, шығармашылықпен ой түйіндеуге ұмтылдыруы. Осы бағыттас фразалардың сыры неде? Ең керекті тіркестерді қалай екшеп алуға болады? Оқушыларға бірден-бір тиімдірек әсер ететін сөздерді іріктеудің жолын қалай білуге болады? Құр дидактикалық ақыл айту мен ескерту жасаудан қалай құтылуға болады? Әр түрлі

сынып ерекшелігіне сәйкесті қажетті “кілтті” қалай іріктеуге, табуға болар еді?

- Оқушыны күлкілі нәрсеге күлуге, қызықты тұсқа қуануға, бұлжымас қағидаларды орнымен қабылдауға қалай ыңғайлауға болады? Мұғалімнің сөзі оқушылар үшін ғана айтылып жатқанына әрбіреуінің көзін қалай жеткіземіз?

- “Ең қысқа сөз – мағыналы көзқарас” дегендей, бір ауыз сөз шығармай-ақ шулы сыныпты тәртіпке қалай шақыруға болады?

- Өзіңнің және шәкірттеріңнің дикциялық ақаулықтарыңды қалай жоюға болады?

- Қойылған бағаға келіспейтін әрі мұғалімді сабақтың негізгі мәселесінен ауытқытып әкетуге тырысушы, мейлінше өзімшіл оқушымен пікірталастыруда қалай жеңіске жетуге не оның көзін жеткізе басым түсуге болар еді?

- Оқушының бұрын қажет емес деп білгісі де келмеген мәселесіне оның ынтазарын қалай оятуға, сұранысын қалай туғызуға болады?

Қай-қайсымыз да қаншама жыл мектепте істесек те, педагогикалық жоғары оқу орнында оқып жүрсек те, ерте ме, кеш пе, күндердің күнінде мейлінше тез ойланып, орынды айтылған бір ауыз сөздің белгілі бір күрделі жағдаяттан шығуға септесер сәтіне тап болуымыз даусыз. Ал үздіксіз даму үстіндегі, сәйкесінше толқымалы калыптағы оқушылар құрбылары алдындағы социометрикалық статусын көтеру үшін мұғалімдерімен сөзге келіп қалу, тілдік қағысуларға баруға бірден-бір ыңғайлы болып келеді. Осындай жағдайда риторикалық амал-тәсілдер мен заңдылықтарды жан-жақты білген мұғалім көзі ештеңені көрместей, құлағы ештеңені естіместей, сөз ұқпастай ыңғайдағы еш нәрсемен келіспестей оппоненттері тарапынан өзін қолдайтын нағыз пікірлестерді көре алады. Ал кімде-кім шешендіктану ілімі туралы хабардар болмаса, оның заңдылықтарынан, қағидаларынан бейхабар болса, онда мұғалімге үнемі “Оқушылар тарапынан жоспарланған шабуыл қашан болуы мүмкін?” “Жалпы бұндай болуы мүмкін бе?” деген іспетті сауалдарға ойлануға тура келеді. Сабак үдерісіндегі бұндай сауалдардың мұғалім ойына келуі бір жағынан қызғылықты секілді көрінгенімен, екінші тұрғыдан қате де. Сондай-ақ осы бағыттас ойлар сабак барысының калыпты өтуін қиындатып, мұғалім мен оқушы арасындағы толыққанды дәрежедегі қарым-қатынастың орнауына кедергі келтіреді. Тіпті мұндай жағдаятта өзара шығармашылық тұрғыдағы қарым-қатынас туралы ойлау да мүмкін емес.

Дидактикалық шешендіктану (мектеп риторикасы) риторикалық ойлау кезеңімен бір тұтастықта пайда болған. Сократ, Платон, Аристотельдердің өздері оқыту үдерісін диалог тұрғысында, тіпті жиірек талас тұрғысында жүргізген. Онда өзара пікірталас үдерісі риторикалық іс-әрекет күйінде ұйымдастырылған. Бұнда әрбір реплика ойлау үдерісінің бірден-бір белгісін камтыды, сондай-ак бұл бір мезгілде әрбір диалогласушының нақтылы өзіндік көзкарасы танылуына бағытталды. Орта ғасырлық академиялық шешендік – риториканың осы кезеңдегі маңызды аспектісі. Ал риториканың өзі сол кезеңдегі барлық университеттерде оқылатын бірден-бір ғылыми пән болды. Оның басты өзегі – адамның өзін сөзі арқылы танытуы. Сәйкесінше орта ғасырлық ғалымдар да адамның осы тұрғыда өзіндік дамуының қалыптасуына, өзін-өзі танытуға баулыды.

Зерттеушілерге сүйенсек, антикалық дәуірде-ак риториканың өзі бірегей “философия” ретінде танылды, ал орта ғасырлық дәуірде бұл зат атаулының мәні ғана емес, сөз мәнін ұғушы адамның қоршаған әлемді бейнелеуі болып танылады.

“Сөз мағынасының тұңғығына терең бойлай білгейсіз, сонда сіз адасудан мына жарық дүниені жартылай құтқарасыз”, - деп сипаттайды Р.Декарт. Демек, дидактикалық риториканың дамуының әр түрлі кезеңдерінде сөз мағынасын анықтауға және оның ойды білдіруге әрі жүзеге асыруға ешбір кедергі болмауы, қайта, керісінше, оның дәл жеткізілуіне, ұсынылуына бірден-бір себепкер болуына баса мән берілді. Сөз – қоршаған әлемге қаратылған терезе, қоршаған ортаға бізді танытушы. Бірақ, бұл терезенің бізге таныс әрі жакын не бейтаныс та сырт кеңістікті бөле-жара танытуға жасар қызметін ескермей жатамыз. Сондай-ак, тілдік қарым-қатынасқа қатысушыларды айырып көрсетерліктей, сөз айкындылығы, мағыналық анықтығы мезетте-ак құбылып отыруы әбден заңды. Олар бір қарағанда бір-біріне түсінікті де қарапайым көрінетін ортақ мәселе туралы айтып отырғанмен, олардың әрқайсысы “өзіндік тілмен” көрініс бермек. *Риторика* – оқушылармен арадағы өзара түсіністіктің жоқтығына жиірек өкініш білдіретін педагогтарға бірден-бір аса қажетті өз ойын мейлінше түсінікті білдіру мен оны мейлінше дәл ұғыну мүмкіндігі. Ал мұның себеп-салдары қос коммуникантқа да, олардың қолданар сөздеріне де, дәлірек айтсақ, сөздердің орналасу ретіне, әрқайсысының қилы сөздеріне байланысты қалыптасқан ассоциациясының жекелік жүйесіне де тірелуі мүмкін. Мәселен, бүгінде бізге жекелеген сөздің адамның көңіл-күйіне, қалпына белгілі-бір деңгейде әсер етері аян. Ал педагог үшін мұның мәні

әлдеқайда тереңірек, себебі ол әрдайым оқушымен өзара түсінісуге, жағдаятты тиімді қабылдауға ұмтылары даусыз.

Сонымен, бүгінде педагог атаулы шешендіктану ілімінен, оның заңдылықтары мен қағидаларынан хабардар болуы керек дейміз. Ендеше алғашқы кезекте *педагог маманның шешендік дағдыларын қалыптастыру шарттары қандай болмақ?*

Иә, қоғамда сөйлеу мәдениеті проблемасы бары анық. Ал маманның сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда ойланар тұстар да жеткілікті. Жалпы кез келген кәсіби маманның сөзі жұртты ұйытып, тыңдаушылардың айызын қандыруы тиіс. Ондай сөзді тыңдай беруден әсте ешкім жалықпасы да айқын. Өкініштісі – көп тұста мамандарымыздың сөзі әсерсіз, нәрсіз келіп, тыңдаушысын мезі етіп жіберетіндігі. Сәйкесінше мұның өзі сөздің коммуникативтік сапасы, қысқаша айтқанда, сөз сапасы деген аса күрделі ұғыммен тығыз бірлікте. Ал сөздің коммуникативтік сапасы *сөз байлығы, сөз дәлдігі, сөз дұрыстығы, сөз тазалығы, сөз әдебі* секілді белгілерімен танылмақ. Мәселен, кәсіби маманның оралымды тіліне қойылар талаптың бірі – *сөз байлығының* болуы. Сөзі жұтаңның ойы да таяз көрінбек. Соның салдарынан мақсатсыз қайталау да көп болмақ. Орынсыз қайталау тілдің коммуникативтік сапасын күрт төмендетіп, ойды дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болмақ, нәтижеде аз сөзбен көп мағына беру қағидаты бұзылары ақиқат.

Сөздің коммуникативтік сапасынан туындата өрсек, бүгінгі кәсіби маманның сөйлеу мәдениетін қалыптастыру бағытында не айтар едік. Әрине, тыңдар құлақ, ұғар ұғым болса, тереңнен таратып айтылар тұстар жеткілікті.

Ең алдымен мәлімделер *түйінді тезис* – *бүгінгі зиялы қауым сапына енер кәсіби педагог мамандардың татымсыз, нашар сөйлеуі, яғни олардың бойында шешен сөйлеу дағдыларының болмауы – сауатсыз адамның оқи. жаза алмауымен бірдей екендігі.*

Ал тарата таразылар болсақ, бүгінгі кәсіби педагог маман атаулыда қашан да тыңдаушы қауымға әсер ете сендіре білу дағдысының болуы абзал. Осы тұрғылас дағдыларды игеру үшін әр маманға шешендіктану қағидаларын білу міндетті. Жарқын да бейнелі, тартымды сөйлей білуге, өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыруға, ішкі табиғи қалып, ерекшелік және икемділіктерді ескере келе, өзіндік сенімділікті қоюлатуға ұмтылу дұрыс. Белгілі бір ой ұшығын тыңдаушыларға жеткізе отырып, олардың бойында қажетті әсер қалдыру үшін ерік күші, темперамент және тер төге еңбек ету керек-ақ.

Тақырыпка сай шаршы топ алдында сөйлеу кәсіби маманнан психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де кәсіби маман сөйлеуге тиісті тақырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке орай, көпшілік жағдайда кәсіби маман атаулы не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тыңдаушыларына дәл де дәп жеткізе білмейді. Басты себеп, сөйлеушінің іскери әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тыңдаушылардың қабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен қарым-қатынас дағдыларын игермегендігі.

Біздіңше, әрбір кәсіби педагог маманның шешен сөйтеу мәдениетін қалыптастыруда төмендегідей қағидалы түйіндерді ескеру тиімді болар еді:

I. Шешендік туралы әр кездегі тұжырымдардан өзіне қажеттісін елеп ала білу. Шешендіктің кісі көркі, ақылмен билеу өнері; тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы; диалогтасушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый; кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу; біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы саңлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұратындығы; сөз бен ойға негізделетіндігі; биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кендігімен тамырлас екендігін білуі жөн. Демек, танымал сот шешені, академик *Анатолий Федорович Кониге (1844-1927)* сүйене айтсақ, *кәсіби маманға қажетті шешендік дегеніміз — тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындылығымен, накыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты кітаптардың тағылым-тәрбиесі, өз дүние-танымының нәтижесі [1,6-12].*

II. Шешен табиғаты туралы айқын түсінігінің болуы. Шешен қашан да қарулы жауынгердей сакадай сай қалыпта мәнді де ұлы істерді үздік орындауға және әрдайым жеңіске ұмтылуы (*Квинтилиан*); онда диалектиктің тапқырлығы, философтың ойы, акын тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы (*М.Т.Цицерон*);

дәл де нақты дәлелдермен иландыра білу, тыңдаушылардың жан дүниесіне өтімді де батымды сөзбен ой сала әсер ету, сондай-ақ судьяның көзін жеткізуден гөрі, оның көңілін көтере рухтандыру маныздырақ екенін аңғару білігінің болуы (*М.Т.Цицерон*); шешеннің парызы – шындықты айту (*Платон*); ал ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау екендігін (*М.Т.Цицерон*) білуі тиіс.

Иә, дарынды ділмар шешен әр нәрсенің мән-мәйегі мен әсемдігін өзіне қайтара алады. «Шешен сол – сөйлер сөзден камалмаса», - дейді *Шал ақын*. Шынтуайтына келгенде, шешендер айтқан сөзі арқылы адамның ақылына кону жағын ғана көздемейді, сөздің канға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балкытып, билеп алып кетуге ыждаһат етерін ескеру абзал (*А.Байтұрсынұлы*). Шешенге орасан сезімталдық, құбылыс атаулыны жанды қалыпта елестете білу ауадай қажетті. Ол өз тыңдаушыларының бойында шалқыған шабыт, дария сезім, атқарылар іске сәйкесті құштарлық ұялатқысы келсе, ең алдымен осыны өз бойынан өткізуі тиіс. Орайлы тұста *М.Т.Цицерон* шынайы шешен, тума таланттың халық өмірі мен әдет-ғұрпын, салт-сана дәстүрлеріне мейлінше жетік болуын баса атайды.

Шешен шаршы топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенбек. Демек, ол көпшілікті сөзінің оттылығымен, жаркылымен, күшімен, көріктілігімен баурап алмақ. Сондай-ақ, шешен елге түсінікті болуы үшін, бүкпесіз ашық болғаны жөн. Ұзын сөздің қысқасы, *шешен* – тыңдаушылардың рухани дүниесін байытушы, өмірдегі, қоғамдағы алуан түрлі құбылыстарды байыбына жетіп, талдап түсіндіруші, белгілі бір ой-пікірлерді, халықтық мәселелерді жеткізуші, жан сала насихаттайтын үгітші. Бұл орайда ол - әлеуметтік-саяси тұлға (*С.Негимов*) [1,13-19].

III. Шаршы топта сөз бастаудың қиындығын аңғаруы. Терлеп көрмеген тер қадірін қайдан білсін. Кәсіби маман әркез «Көш бастау қиын емес, конатын жерде су бар; Қол бастау қиын емес, шабатын жерде жау бар; Шаршы топта сөз бастау қиын, шешімін таппас дау барлығын» (*Бұхар жырау*); сөйленер сөздің «бастамасы», «ұсынбасы», «мазмұндамасы», «қыздырмасы», «корытпасы» боларын (*А.Байтұрсынұлы*) білуі тиіс. Данышпан *Абай* айтпай ма, «сөз танымайтынға сөз айтқанша, өзінді танитын шошканы баккан жақсы» деп. Демек, өзгеге карата сөз сөйлеу, шаршы топта сөз бастау қайдан оңай болсын.

Сөз екшей білу өнері тыңдаушы қауымның жүрек лүпілі мен сана-сезімінің өз жеке ойымыз бен сөзіміз арасында байланыс

орната білу білігінен құралмақ. Бұл арада біз адамзат жүрегінің түкпірін жете түсінуіміз, тіпті оның әрбір қалтарысты пірімдерін сезіне де аңғара білуіміз керек, тек сол жағдайда ғана айтылмақ сөзіміз өзгені пландырмақ. Мәселен, тыңдаушыларымыздың орнына өзімізді қоя отырып, таңдаған формамыздың тақырыппен үйлесімділігін, көпшілікті елексітіп, еліте толғандыра аларлықтай сезім тудыратындығына көзімізді жеткізіп көрелікші. Бұл ретте мүмкіндігінше қарапайымдылық пен табиғилық қалып сақтай отырып, «түймедейді түйедей» етпеуге, мәндінің құнын түсірмеуге ұмтылған дұрыс. Таңдаған сөйлеу формамыз мейлінше айқын да жарқын болғаны, мазмұнға сәйкес келуі және құрамына тек аса қажеттілерді ғана кіріктіргені жөн (*Б.Паскаль*). Жалпы адам нені жан-тәнімен сезінсе, ұғынса, соны ғана ол жетер жеріне жеткізіп айта алмақ. Өзі жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады. Адамды ой жетектей алса, ол анық сөйлемек, ал адам ойын жетектей алса, одан да анық сөйлері анық (*В.Г.Белинский*). *Р.Эмпрсон*ша түйіндесек, адам моладан шығып қалмайтындай етіп сөйлеп, жазуы үшін, қашан да ақ сөйлеп, адал жазу қажет-ақ. Бұл арада атакты *Аристотельдің* «Платон-менін досым, алайда ақиқат орны қымбат-ақ» дейтін сөзін естен шығармау жөн.

Десек те, шешендердің жүйрік ой толғауы тыңдаушылардың талғамына тәуелді. Демек, әрбір кәсіби маман не айтарын, қашан айтарын және қалай айтарын жете түсінуі керек. Бұл ретте тыңдаушылардың назарын аудару үшін, қысқалық, ширақ сөйлеу, көңілді сергітетін қысқа да нұсқа қайырым-шегіністердің болуы алғы межелі мақсатқа жетуге еселеп жәрдемдеспек. Алғыр шешен күні бұрын тыңдаушылардың ойлары мен көңіл-күйін өткір сезінеді. Ол аса сақтықпен сөйлейді, әбден өзіне бағындырып алған соң, олардың сезім-күйлерін билеп әкетпек (*П.С.Пороховицкий*). Сәйкесінше кәсіби маманның сөйлеу стилі тартымды да отты болуы тиіс. Ол тыңдаушылардың ынтасын біржола өзіне қаратуы тиіс. Маман әңгімесі октын-октын шымырқанған шабытпен айтылып, қадау-қадау ой-пікірлерді жаудырып, төгіп, төпелеп жіберуі де кейде артық емес. Себебі, *Н.В.Гогольға* сүйене ой өрсек, «шынында асқақтық қайда болса, қарапайымдылық та сонда».

Шешен қырағы, байкампаз болса, аудиторияның шын-шырғасын шығармай уысында ұстары даусыз. Егер де шешен сөзі аудиторияға ғаламат әсер ететін болса, онда тыңдаушылардың көздері от шашып, жүздері гүл-гүл жайнап, ықыластанып, жұмсақ жымнып, бастарын изеп, қолтағандай, қолдағандай ым-ишараттар жасайды. Ыстық ықыласын, ізет-ниетін дауыстап та білдіреді.

Сөйтіп, шешен мен аудиторияның құлшынысы бірдей оянып, оттай маздап, бір-бірін жетелеп, коян-колтық араласып, туысып кетпек (С.Негимов). Қыскасы, кәсіби маман әрі шешен ретінде оны тыңдамау, түсінбеу, онымен келіспеу мүмкін емес болатындай тұрғыда сөйлеу дұрыс [1,20-27].

IV. Сөз сөйлеуге даярланудың қажеттігі туралы. Кәсіби маман небір өнер я даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін еместігін (*Демокрит*); кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол-халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік (*Демосфен*) екендігін есте ұстағаны жөн-ақ [1,28-39].

V. Сөйлеу мәдениеті туралы ойлануы. Сократ айтады: «сөйлеп көріңіз, мен Сіздің кім екеніңізді айтайын» деп. Демек, кәсіби маман адамның хайуанаттан артықшылығы тілі, ал оны орынды қолдана алмаған адамның хайуаннан бетерлігін (*Сагди*) есте ұстап, кез келген сөйлеген сөз жанды құбылыс іспеттес, ол бас-аяғы бар дене секілді және де тұтас кеуде тұсы мен аяқ жағы бір-бірімен үйлесімді де сәйкесімді әрі біртұтастыққа өрілген болып келуі заңды (*Платон*); жақсы сөйлеу – жай ғана естіртіп жақсы ойлау (*Э.Гекан*) екенін ескеруі ауадай қажет [1,40-60].

VI. Кәсіби маманның ұстамды да орынды сөйлей білуі ділмарлықтан көп артық. Шынында да, ақылды акырын сөйлер де, жауабын күтер (*С.Сарайи*); Бұл ретте А.П.Чеховтың: «Мен өзімді тежеуге үйрендім, өйткені парасатты кісі өзін бетімен жібермеуі тиіс», - дегені бар [1,61-63].

VII. Жылы жүзді, жылы сөзді бола білуі. Кәсіби маманның сөйлеу сәтіндегі жан-дүниесінің қозғалыстары дене кимылымен ұштасуы тиіс. Бұл реттегі «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз», - деген Шәкәрім сөзі ой салса керек [1,64-67].

VIII. Әрбір сөздің айтылуына қарай мың сап мағынасы барлығына үңілуі. А.С.Пушкиннің өзі мағынасыздықтың екі түрін атайды: бірі - сөзім мен ойдың жетімсіздігінен пайда болар сөздің көптігі, екіншісі – сөзім мен ой асып-төгіліп жатса да, оны жеткізер сөздің кемдігі. Сондай-ақ шешен нәзік құбылыстарды қатқыл үнмен айтса, не болмаса ыңғайсыз әңгімелерді нәзік дауыспен жеткізсе, тыңдаушысын иландыра алар ма еді [1,68-70].

IX. Қысқа да нұсқа сөйлеуге төселуі. Ж.Баласағұн: «Көп сөйлеме азбен келтір інін, Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін», - демей ме. Шын сөз кашан да – нұсқа, жақсы сөз кашан да – қысқа болмақ. Көп сөйлеген мылжың шын сөзді аз айтады

(*Ы.Алтынсарин*). Ақылы келте адамның әдетте тілі тым ұзын болады (*Аристотель*). Ойшыл адам, мүмкіндігіне қарай, көп ойды аз сөзге сыйғызуға тырысып, қысқа сөйлейді (*У.Ирвинг*). бүгешүгесіне дейін түгін қалдырмай айтуға тырысу нәзік сезінуге қабілетті адамды жалықтырып, намысына тиеді (*Д.Люксембург*). Тілінде тиегі жоқтардың бәрі бөспелер ауылынан. Ең бергісі жалған жымиып, босқа данғырлайды (*Т.Карлейль*). Қыскасы, «Аз сөйлер де, көп тыңдар, қас асылдың баласы», - деп Махамбет бабамыз айтқандай, кім-кімге де аз сөйлеп, көп тыңдаған жөн. Қашан да аз сөйлеген кателеспес, аз жеген еңтікпес (*Ә.Науаи*). Кәсіби маман атаулы ең қысқа сөздің мағыналы көзқарас екендігіне назар аударуы артық болмас еді. Демек, қазактың Қабдоловына сүйене ой түйсек, «көп біліп, дөп сөйлеген-шешен, аз біліп, көп сөйлеген-мылжын» [1,71-76].

Х. Үндемей қалудың да үлкен күш екендігін сезінуі. *Исократқа* сүйенсек, екі жағдайда ғана сөйлеуді қолдайды: бірі - өзінің сөйлер нәрсенді айқын ойланып алғанда, екіншісі – бір нәрсе жайында айтудың аса қажеттілігі туындағанда. Тек осы жағдайларда ғана үндемегеннен сөйлеуді мақұл көрсе, қалған тұстарда сөйлегеннен сөйлемегенді анағұрлым артық санайды. *Шал ақын* айтпай ма: «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық» деп. Иә, көп сөйлеген көп сәтсіздікке де ұшырамақ, ендеше сөзге сак болу шешендіктен де асқак. *А.Ф.Кони* мәнді ештеңе айтпағаннан, үндемеуді артық көрсе, *Боуви*: «Ақылды сөйлеу-қиынның қиыны, ақыл безбеніне салып үндемей қалу одан да қиын», - деп тұжырымдады. Демек, өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмасы анық. Ұлы ойшылдарымыздың бірі *Анахарсис* кейінгіге тілінді, тәбетінді, нәпсінді тыйып ұстау турасында ұлағат қалдырған.

Қыскасы, кәсіби педагог маманға орнымен сұрауға, көңіл қойып тыңдауға, байсалды түрде жауап беруге және басқа айтар ештеңесі жоқ кезде сөйлеуді доғаруға үйренгені абзал. Бұл орайда: «Егер айтпағанына бір рет өкінер болсаң, үнсіз қалмағанына жүз рет өкінерсің», - деген Л.Н.Толстойдың бұған жалғастыра адамдар қалай сөйлеуді үйренумен әуре болып жүр, ең басты ғылым қалай және қашан үндемеу керектігін айтуы ескеруге тұрады. Десек те, есті адам қашан да тілін тияр-ау, ойымыз тиылмасын делік [1,77-80].

Әдебиеттер:

1. Қыдыршаев А.С. Шешендік тағылымы. Орал. 2006. – 142 б.

2. Учитель: Статьи. Документы. Педагогический поиск. Воспоминания. Страницы литературы /Ред. – сост. Д.Л.Брудный. – М., 1991. – 350с.
3. Пост Э. Этикет. Классическое руководство. М., 2005. – 648 с.
4. Борохов Э. Энциклопедия афоризмов: Жемчужины мысли. М., 2003. – 686 с.
5. Душенко К.В. Большая книга афоризмов. М.- 2006. – 1056 с.
6. Энциклопедия мудрости. Можайск. «Росса». 2007. – 814 с.

В данной статье на основе результатов эксперимента анализируется интерес современного школьного учителя к знанию риторики. Также внимание акцентируется на условия формирования у педагога-специалиста навыков ораторского искусства.

The interest of modern school teacher to knowledge of rhetoric is analyzed on the basis of experiment results in the article. The attention is given to the conditions of formation of rhetoric skills of educational specialist.

ӘОЖ 378.1: 808.5.

А.С. Қыдыршаев
п.ғ.д., БҚМУ

М.Қ. Әжіғалиев
оқытушы, казак тілі магистрі, БҚМУ

**Педагогикалық институттағы филолог емес
мамандықтарға арналған,
Педагогикалық шешендіктану курсының оқытудың
бағдарламалық бағыты**

Мұғалім сөзі - оқыту мен тәрбиелеу құралы. Мұғалімге сөз өз ойын сапырылыстырып айту үшін емес, шәкіртінің ойына қозғау салу үшін беріледі. Ал педагогикалық әңгіме өткізуге төселу үшін тіпті дарынды адамның өзіне де көп көмек керек екені даусыз [1;2]. Осы орайда педагогикалық шешендіктану курсы келешек жоғары оқу орнын бітірушілерге сөйлеу өнері жөнінде білім қорын берумен бірге, сөз сөйлеу білік- дағдыларын жинақтауға септеседі. Бұл орайдағы мақсат- кәсіби коммуникативтік компетенцияны мейлінше молырақ меңгерген коммуникативтік қатынас жағынан аса сауатты мұғалім даярлау. Қазіргі таңда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде осы бағытта көптеген жүйелі істер қолға алынуда. Соның бірі - филолог және

филолог емес мамандарға арналған «Педагогикалық шешендіктану» курсының жүргізілуі.

Біздіңше, «Педагогикалық шешендіктану» курсының бағдарламалары педагогикалық институттың барлық мамандықтарында оқитын студенттерге арналуы және әр мамандықтың өзіндік ерекшеліктеріне, оқыту мақсатына, мазмұнына негізделіп әзірленуі тиіс [4;5].

«Педагогикалық шешендіктану» курсы айқын түрде ескелген кәсіби- практикалық бағытқа ие. Негізгі жұмыс формасы практикалық және лабораториялық сабақтардан құралады. Лекция саны мамандыққа сәйкесті оқу жоспарларының өзіндік ерекшеліктері мен оқытудың арнайы міндеттеріне сәйкес айқындалады. Сондай- ақ семестр бойында ең кемі екі бақылау жұмысын жүргізу қарастырылады.

«Педагогикалық шешендіктану» курсының мақсаты- студенттерге оқытудың, тәрбиелеудің және оқушыларды дамытудың маңызды амалы ретінде, педагогтің кәсіби іс- әрекетіндегі маңызды құралы тұрғысында сөйлей білуге көмектесу. Сәйкесінше осы мақсаттан туындар міндеттер төмендегіше:

- студенттерді қарым- қатынас туралы, олардың түрлері, сөйлеу сапалылығы /сөз дұрыстығы, тазалығы, дәлдігі, байлығы, логикалығы, коммуникативтік жағынан сәйкестілігі/, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары туралы білім көздерімен таныстыру;
- әдеби тілдің нормаларынан орынсыз ауытқуларды (бұл арада әдеби тілдік норманы бұзушылық туралы) тез аңғару дағдыларын қалыптастыру;
- өзіндік сөйлеген сөзіне талдау жасай білуге үйрету;
- сөз сөйлеу сәтіндегі кемшіліктерден арыла білуге ұмтылыс дағдысын қалыптастыру;
- болашақ мұғалімдерді педагогикалық қарым- қатынас мейлінше тиімді болу үшін өзіндік дауысқа /дауыс тонына/, сөйлеу аппаратына не болуға үйрету;
- кәсіби тұрғыда аса мәнді сөз сөйлеу шығармашылығын туындатуға әзірлеу.

Аталмыш ғылым саласын игерудің құрылымына енер кіріспеді қарым- қатынас тегі, сөйлеу іс- әрекеті, қарым- қатынас түрлері, сөз сапасы, қазіргі қазақ әдеби тілінің нормалары сияқты аталмыш курс негіздерін құрайтын бөліктерімен таныстырылуы жөн.

Пән ерекшелігінен туындата келе, алғашқы кезекте болашақ мұғалімнің дауыс тонының қалыптасуы, оның сөз сөйлеу техникасын жетілдіру жұмыстары қарастырылу тиіс. Эмоциональды тұрғыда мәнерлі кейіпте интонациялық жағынан құбылта да құлпырта, толқыта айтылған сөз оқушылардың оқып жатқан пәнге қызығушылығын еселеп арттырмақ, айтылған материалды ұғынықты қабылдауға және есте жақсы сақтауға септеспек, мұғалімге оқушымен мейлінше тығыз байланыс орнатуға мүмкіндік бермек. Сондай-ақ студенттер оқу үрдісі барысында мұғалім ретінде өзінің кәсіби іс-әрекетінде (лекция, баяндама, есеп, пікірталас, жиналыстағы сөйленер сөз, өмірбаян, мінездеме, күнделік жүргізу т.б.) қолданатын мәтін белгілерімен, оның құрылымдық ерекшеліктерімен, негізгі сөз сөйлеу жанрларына сәйкесті мәтін құра білу білік, дағдыларының қалыптасуына баса мән беруі орынды.

Педагогикалық шешендіктануды оқыту барысында атқарылар жұмыстар қазіргі жаңа техникалық құралдармен (магнитофон, спектроанализаторлар, интонограф, шумомер т.б.) жабдықталған лингафон кабинетіндегі зертханалық сабақтар жүйесін жүзеге асыруды, вокальды жаттығуларды қолдануды, сондай-ақ мұғалімнің педагогикалық практика барысында сөйлеген сөзін үздіксіз мақсатты бақылауды қарастыруы міндетті. Сәйкесінше осындай жағдай негізінде мәселенің әр түрлі бөліктерінің элементтерін біріктіретін сабақтарды ұйымдастырудың түрлі нұсқаларын әзірлеуге мүмкіндік туады. Мәселен, сөйлеу техникасына қатысты жаттығулар жүйесі пәннің барлық бөлімдерін оқып-үйренуге арналған сабақтарда қолданылуы әбден мүмкін, не жекелеген сөйлеу жанрларына қатысты шығармашылық жұмыстар да курс барысында әркез жүргізілуі мүмкін.

Енді курс құрылымының мазмұнына үңілсек, аталмыш пән кіріспесі мазмұнына енер мәселелер төмендегідей:

- шешендіктану және сөйлеу мәдениетінің ерекше пән екендігі, педагогикалық жоғары оқу орнында оны менгертудің міндеттері;
- жеке тұлғаның рухани әлемін қалыптастыруда, оның әлеуметтік белсенділігін арттыруда сөздің мәнділігі;
- тіл, сөйлеу, қарым-қатынас. Қарым-қатынастың негізгі функциялары;
- сөйлеу әрекетінің құрылымы. Сөйлеу әрекеті және қарым-қатынас;

- мұғалім сөзі - оқыту мен тәрбиелеу құралы. Ауызша және жазбаша сөйлеу формалары, олардың ерекшеліктері;
- монолог және диалог туралы түсінік. Мұғалім сөзінің монологтік және диалогтік алуан түрлілігі;
- мұғалім іс- әрекетіндегі бейвербальды коммуникация (ым, ишарат);
- оқу- педагогикалық жағдай туралы түсінік. Типтік оқу- педагогикалық жағдайлар. Мұғалім сөзінің стильдік тұрғыда әрқилылығы;
- норма туралы түсінік. Қазіргі казак әдеби тілінің басты нормаларының сипаттамасы. Мұғалім сөзінің дұрыстығы мен тазалығы;
- мұғалім сөзінің деректік және терминологиялық тұрғысынан дәлдігі. Мұғалім сөзінің логикалығы, мәнерлігі және орындылығы;
- мұғалімнің сөз саптау мәдениеті. Сөйлеу этикасы. Мұғалімнің педагогикалық іс- әрекетіндегі сөйлеу этикасы.
- сөйлеу мәдениеті туралы сөздік - анықтағыштардың негізгі түрлеріне сипаттама.

Педагогикалық шешендіктану ғылымының баса акцент берілер бөлімі - мұғалімнің дауысының, сөйлеу техникасының қалыпты болуы. Ал оның мазмұнына төмендегідей мәселелердің енгізілуі тиімді болар еді:

1. Мұғалім дауысының кәсіби тұрғыда сапалығына қойылар талаптарды меңгерту. Онда қамтылар мәселелер ауқымы:

- дауыс жағымдылығы (ырғақтық тазалығы әрі анықтылығы);
- дыбыстау қарқындылығы, ырғақтылығы жағынан кең диапазонды болуы;
- икемділігі, табиғи құбылуы;
- ұшқырлығы (сөйлеуші тарапынан еш ышқыныссыз әсерлі естілуі);
- төзімділігі (жоғары дәрежеде дыбыстауға қабілеттілігі, шыдамдылығы);
- бейімделгіштігі (түрлі дыбыстық кедергілерге қарсы тұра білуі, тембрлік икемделгіштігі);
- түрлі дыбыстық кедергілерге шыдамдылығы (акустикалық жағдайларға орай тембрдан, әуезден жаңылмаушылық, дауыс жағымдылығын сақтай білу);
- толқуды жасыра білу (эмоцияны сездірмей сөйлей білу және айтылған сөздердің мағыналық құбылуына қарамастан адресат мінез-құлқына әсер ете білу қабілеттілігі);

2.Сөйлеу әрекетінің негізгі аспектілері. Бұл ретте қамтылар мәселелер ауқымы мыналар:

- сөйлеу әрекетіне қатысты органдар. олардың фонация сәтіндегі қызметі;
- сөйлеу сәтіндегі тыныс;
- резонаторлар туралы түсінік;
- дыбыс спектрі және дауыс тембрі;
- дыбыс күші мен қарқындылығы.

3.Дауыс қойылымының негізгі теориялық қағидалары. Қамтылар мәселелер шоғыры төмендегідей:

- есту қабілеті мен дауыстың өзара әсері;
- сөйлеу органдарын икемдеу, ыңғайлау мәселесі;
- кері байланыс туралы түсінік;
- есту қабілетінің әр түрлілігі, дауыс тонын реттеу сәтіндегі жеке тұлғалық ерекшеліктерді есепке алу;
- дауыс гигиенасының ережелері.

Осы ғылым саласын меңгеру барысында баса мән берілер сапаның бірі - мұғалімнің кәсіби іс- әрекетінде қолданылатын сөйлеу жанрлары. Ал оның мазмұнына төмендегі мәселелер еңбек:

- мәтін туралы, мәтіннің басты белгілері және оның құрылымы туралы түсінік;

- Ауызша сөйлеу. Онда қамтылар мәселелер:

* Шешендік сөз, оның ерекшеліктері. Шешен сөйлеу (шаршы топ алдында сөйлеу) амалдары [3].

* Сыни тұрғыда сөйлеу. Құттықтау сөз. Жиналыстарды, конкурстарды, сот мәжілістерін ұйымдастыру және жүргізу, т.б.

* ата-аналарға, жұртшылық алдында, белгілі бір шағын аудан тұрғындары, т.б. алдында оқылар лекция. Лекцияның мазмұны мен тілдік жағынан безендендіру ерекшеліктері. Мәселен, заң тақырыбындағы лекциялар.

- Шаршы топ алды ауызша сөз сөйлеудің бір формасы - баяндама, ерекшеліктері. Әдістемелік бірлестіктегі, педагогикалық кеңестегі, ата- аналар жиналыстарындағы баяндама. Жұмыс тәжірибесі турасындағы салыстырмалы баяндама (тәжірибе алмасу үлгісі). Рефераттық калыптағы баяндама (әдебиеттерге шолу).

- Талас, ойталқы (диспут), ойбөліс (дебат), пікіралмасу (дискуссия), полемика. Таластарды ұйымдастыру және жүргізу. Пікіралмасу бағытындағы сөйлеу.

- Ауызша және жазбаша есеп беру (үйірме, әдістемелік бірлестік жәнет.б. жұмыс туралы), оның ерекшеліктері.

- Жазбаша сөйлеу. Онда қамтылар мәселелер:

- Конспект, тезис, резюме, олардың ерекшеліктері;

- Аннотация, оның мәні, аннотация түрлері. Жаңа педагогикалық әдебиеттердің, мамандыққа сәйкесті еңбектердің аннотациясы;

- Мамандыққа сәйкесті және педагогикаға қатысты жарық көрген әдебиеттер бойынша жазбаша реферат әзірлеу. Реферат ерекшеліктері. Реферативтік журналдармен танысу (педагогикаға, оқыту әдістемесіне қатысты журналдармен);

- Пікір (мұғалім баяндамасына, мамандыққа қатысты зерттеу еңбектерге жазбаша пікір әзірлеу);

- Пікір және рецензия (оларға тән ортақ белгілер мен айырмашылықтар);

- Биография және өмірбаян. Автобиографиялық жанр және педагогикалық тақырыптағы әдебиеттер;

- Сынып оқушысына мінездеме, үйірге сипаттама және т.б.

- Мектеп қабырға газеті. Балалар газетінің, радио және телехабарларының тілдік ерекшеліктері. Бұқаралық ақпарат құралдары материалдарының жанрлық әркілділігі. Мектепшілік газетті әзірлеу жұмысы, т.б.

Жинақтай айтсақ, еліміздегі педагогикалық институттарда даярланар филология, казак тілі мен әдебиеті және бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандықтарынан басқа мамандықтарына «Педагогикалық шешендіктану» курсының оқытудың бағдарламалық мазмұны осы бағытта өрілмек. Ал жоғарыда айтылған әрбір түйінді тезистің теориялық және әдістемелік аспектілері өз алдына бір әңгіме.

Әдебиеттер:

1.Қыдыршаев А.С.Шешендіктану. Орал, 2004. – 156 б.

2.Қыдыршаев А.С. Шешен- лектор профессионаграммасы. Орал, 2004. – 56 б.

3.Қыдыршаев А.С.Шешендік тағылымы. Орал, 2006. – 142 б.

4.Қыдыршаев А.С. Мұғалім кадрларының біліктілігін арттыруға шешендіктану ілімінің қатысы // 12 жылдық білім жүйесі және жаңа педагогикалық технологиялар. Республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары. Ақтөбе, 2006- 9-10 б.б.

5.Қыдыршаев А.С. Жоғары оқу орындарында шешендік өнер негіздерін оқыту мәселелері // БҚМУ хабаршысы, 2000, №1.- 58-65- б.б.

В данной статье подробно описано программное содержание курса «Педагогическая риторика» для нефилологических специальностей педагогического института.

The given article deals with programmed contents of the course “Pedagogical Rhetorics” for non-philological specialities of the pedagogical institute.

Б.А. Молдагалнев
п.ғ.к., БҚМУ доценті
А.Е. Жумасейтова
БҚМУ оқытушысы

Кредиттік оқыту жүйесіне мектеп оқышыларын даярлаудың мәселелері

Республикамыздың жоғары оқу орындарында білім беру жүйесін жаңаша жолға қою мақсатында оқытудың әдіс-тәсілдерін бүгінгі уақыт талабына сай зерттей отырып, дамытуды жандандыру, оқытудың жаңа технологияларын енгізу кезек күттірмес проблема болып табылады.

Қазақстан Республикасының біртұтас білім беру кеңістігіне еніп жоғары оқу орындарындағы білім берудің кредиттік жүйе бойынша жүргізілуі оқыту формалары мен әдістеріне қайта қарауды, оқу-тәрбие үрдісінің ізгілік ұстанымдар негізінде жүргізілуін қамтамасыз етеді.

Кредиттік жүйемен оқытудың басты ерекшелігі - әлемдегі білім берудің ең үздік технологиялық тәжірибелерін қолдана отырып елімізге қажетті мамандарды сапалы дайындап шығару. Мұнда бұрыннан қолданылып жүрген оқыту әдіс-тәсілдерімен қатар, студенттің ізденуіне, жаңаша көзқарас тұрғысынан сапалы білім алуына жағдай туғызу. Кредит сөзінің мағынасы – сенім, яғни студентке сенім білдіру арқылы оның білімін көтеруіне, өзіндік ізденісіне, әрбір өтілген тақырыпты шығармашылдықпен меңгеруіне жол ашу(1). Кредиттік жүйеде оқытушы әрбір өтілетін тақырыпты жіктеп, түсіндіріп, студенттен сол материалды қалай меңгергенін сұрау арқылы білімін бағалауды мақсат етпейді. Әрбір өтілетін тақырып төңірегінде, осы тақырыптың ерекшелігі жөнінде, студент аталған тақырыптан қандай мәселелерді меңгеруі керектігі жөнінде бағыт-бағдар береді. Ал студент осы ұсынылған бағыт, түсінік негізінде қажетті, білуге тиісті материалдарды өзі ізденіп, алынатын білімді толық меңгеруі қажет.

Еліміздің білім беру саласының басшылары алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттердегі мамандар даярлайтын жоғарғы мектептердің оқыту жүйесін салыстырып зерттей келе АҚШ, Еуропа, Азияда кеңінен меңгеріліп, жақсы нәтиже беріп, кең қолданыс тапқан кредиттік оқыту жүйесін еліміздің бір қатар жоғарғы мектептеріне енгізуді ұсынады. Кредиттік оқыту жүйесін

алғаш рет 1869 жылы Гарвард университетінің президенті Чарльз Элиот енгізген. Кредиттік оқыту жүйесі АҚШ, Испания, Швеция, Бельгия, Голландия, Ұлыбритания, Жапония, Қытай мемлекеттерінің ішкі өзіндік ерекшеліктеріне икемделе отырып, білім беру бағдарламасына ендіріледі. Бұл жүйенің біртұтастығымен бірге, оқыту бағдарламасының басым бөлігін студенттердің өз бетімен игеруге бағытталуы, осы елдердегі білім сапасының нәтижелі болуының дәлелі. Біздің елімізде де «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілген міндеттердің бірі – оқытудың жинақтаушы кредиттік жүйесіне негізделген кадрларды даярлаудың біртұтас үш сатылы моделін жасау болып табылады (2). Республикалық білім беру жүйесінің кредиттік технологияға көшуіндегі басты мақсат – Қазақстандық білім жүйесін әлемдік білім кеңістігіне кіріктіру.

Кредиттік оқыту жүйесінің 2\3 бөлігі студенттің өз бетінше іздену, білуге деген қызығушылыққа бағыттай отырып қалыптасады. Студенттің өз бетімен жасайтын жұмысының түрлері, формалары, әдіс-тәсілдері туралы ТМД мемлекеттерінің педагогика саласының ғалымдары А.М. Розенштейн, И.П. Подласый, С.М. Маканов, А. Демеуов, А. Әбілқасымова, Б.Г. Есипов, В.П. Горунов және т.б. еңбектерінен кездестіруге болады.

Педагогикалық әдебиетте (Б.С. Абдрашилов, Г.Н. Гамарник, Ә.М. Мұханбетжанова) кредиттік оқыту жүйесінің мынадай тиімді жақтары көрсетілген:

- ✓ студенттердің оқу әрекетінің өзіндік сипаты мен оқытушының қызметінің дамытушы стилі;
- ✓ студенттік жеке ізденістік оқу әрекеті;
- ✓ білімдік бағдарламалардың инновациялық мазмұны;
- ✓ оқытудың белсенді, проблемалық-ынталандырушы интерактивтік әдістері мен инновациялық технологиялардың ара салмағының өсуі және т.б. (1)

Қазіргі уақытта біздегі жоғары оқу орындарының кредиттік жүйеге көшуіне байланысты байқалған мәселелер мынадай: жоғары оқу орындарындағы сияқты орта мектептерде де кредиттік оқыту жүйесіне сәйкесті реформа жүргізілуі керек, яғни мектептік және жоғары оқу орнындағы білім беру «бір жазықтықта» дамып, өзара байланысты және сабақтастық негізінде болғаны абзал. Сол кезде ғана кредиттік оқыту жүйесі мен мектептік оқыту жүйесі арасында антогонизмге жол берілмейді. Қазіргі уақытта кейбір студенттердің тарапынан

кредиттік оқыту жүйесін түсінбеушіліктері кездеседі. Оның бір себебі мектептің қатаң регламенттелген жүйесіне үйреніп қалған оқушыға оқытудың жекелік траекториясына, дербестікке, бастамашылыққа т.б. негізделген кредиттік оқыту жүйесіне психологиялық бейімделуде қиыншылық көруде. Мәселен, АҚШ-та мұндай жағдай мүлдем болмайды. Себебі, бұл жүйе Америкада білім саласын жетілдіру мақсатында мектептен бастап жоғары оқу орындарына дейін енгізілген. Америкада мектеп қабырғасында – ақ оқушылар жекелік сабақ кестесіне, пәндерді тандауға, интерактивті оқыту әдістеріне, білімді тексеру түрлеріне, т.б. қанық болады.

Еліміздегі пәндік көзқарастарға негізделген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары оқушылардың өмір жолын тандауына, мүдделері мен перспективаларын нақты белгілеуіне негіз бола алмай тұр. Жоғарғы сынып оқушыларының 30 %-ы ғана өздерінің қабілеттеріне сәйкес келетін кәсіптік қызметті сапалы түрде тандайды(2).

Кредиттік білім беру жүйесі студенттен өздігінен білім алуы және өзін-өзі дамытуды талап етеді. Білім алушы өзіне қажетті ақпаратты дербес табуға, оны сыни тұрғыдан бағалауға үйренеді, мұның өзі қазіргі ақпараттық қоғамдағы сәтті іс-әрекеттің маңызды шарты болып табылады. Әзірше, елімізде оқитындардың бойына ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысы сіңірілмеген. Қазақстандық білім беру жүйесі оның әлемдік білім беру кеңістігінде лайықты орын алуына мүмкіндік бермейтін ескірген әдіснамалық базасы, құрылымы мен мазмұны жағдайында дамуын жалғастыруда.

Өкінішке орай, кредиттік оқу жүйесі толыққанды өз функциясын атқаруға материалдық-техникалық базаның нашарлығы қол байлау болып отыр. Қажетті ақпаратты табу үшін оқитындарға Интернет-кластар, жаңа электрондық оқулықтары, анықтамалықтары, энциклопедиялары, т.б. бар кітапханалар, оқытудың техникалық құралдары қажет.

Қазақстанда бір компьютерге жалпы білім беретін мектептердегі 54 оқушыдан, ал АҚШ-та бір компьютерге 4 оқушыдан келеді. 2010 жылдың соңына қарай мектептердегі компьютерлердің саны 20 оқушыға бір компьютерден келетін арақатынасқа жеткізілетін болады.

Қазіргі таңда Батыс Қазақстан облысының білім жүйесі «2005-2007 жылдарға арналған білім мекемелерінің материалдық техникалық базасын нығайту және күрделі жөндеу» аймақтық

бағдарламасына сәйкес дамуда(3). Соңғы жылдары білім жүйесін қаржыландыруда оң бетбұрыстар айқындалуда. Облыстың білім бюджеті 2006 жылға 9,458 млрд. теңге болып бекітілді. Орал қаласында бір компьютерге 40 оқушыдан, ал ауылда 27 оқушыдан келеді. Бүгінгі таңдағы ақпараттандырудың ең басты мәселелерінің бірі интернет жүйесіне қосу. Облыстың 364 мектебі бұл желіге қосылды, бұл көрсеткіш мектептердің 78,1 пайызын құрайды.

Кредиттік оқыту жүйесінің пәрменді тиімді болуы студенттердің оқу мотивациясына да тікелей байланысты. Шынын айту керек, студенттердің біраз бөлігі ЖОО-на білім арудан көрі диплом алуға келеді. Елімізге нарықтық экономика қанат жайып келеді, сондықтан студенттерге білім алуға деген басым мотивациясының пайда болатынына үміт бар.

Кредиттік оқыту жүйесін енгізуде инновациялық педагогикалық технологияларды, ізденушілік, зерттеушілік және шығармашылық қызмет дағдыларын, оқытудың ақпараттық және қашықтан оқыту технологияларын меңгерген көп тілді мұғалімнің де қажет екендігін есімізден шығаруға болмайды.

Әдебиеттер:

1. Основы кредитной системы обучения в Казахстане /под ред.Ж.А.Кулекеева,Г.Р.Гамарника, Б.С.Абдраилова/ Алматы,Қазақ университеті, 2004.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан 16 қазан 2004.
3. «2005-2007 жылдарға арналған білім мекемелерінің материалдық техникалық базасын нығайту және күрделі жөндеу» бағдарламасы // Орал өңірі, 21 ақпан 2006.

В данной статье рассмотрены некоторые проблемы подготовки учеников школ к обучению в высших учебных заведениях в условиях кредитной системы обучения. Указаны трудности в адаптации учеников школ к системе кредитного обучения.

In this article some problems of training pupils for studying in thigh Educational Establishments are touched for the purpose of Credit System Training.

Проблемы организации психологической помощи в профилактике и коррекции адективного поведения

Любая проблема в психическом развитии связана с преодолением того, что мешает появлению нового психического качества. К внешним факторам могут быть отнесены все те, которые лежат в окружающей человека жизни, в социуме. К числу таких факторов, как правило, относят семью, институты образования, сферу досуга, ценности, традиции, нравы и обычаи, принятые в той или иной культуре в определенный исторический отрезок времени.

Внутренние причины, приводящие к проблемам в психическом развитии, кроются в физиологических особенностях человека, его генотипе, здоровье, в уже сформировавшемся к настоящему времени психическому строю. Среди них могут быть выделены: нежелание расстаться с тем, что есть в настоящем, чтобы избежать неизбежного нового, т.е. «застревание» на определенной стадии развития (инфантилизм), страх нового, неразрешенные проблемы предыдущих стадий развития и пр.

Вопрос о факторах, порождающих проблемы развития не может быть рассмотрен линейно: сложные семейные условия, плохое здоровье – следствие проблемы развития. Исследования психологов различных сценариев развития показывают, что одни люди в сложнейших социальных условиях, преодолевая проблемы, успешно позитивно развиваются, совершенствуются. Другие – имея объективно прекрасные условия для развития (хорошее здоровье, материальный достаток) – переживают психологические проблемы, не могут с ними справиться и развиваются деструктивно.

В связи с этим в психологии стали разрабатываться категории жизнестойкости и уязвимости.

Жизнестойкость – система психических качеств (ресурс человека), способствующих позитивному психическому развитию, несмотря на краткосрочные или хронические, внешние или внутренние препятствия.

Уязвимость – искажение, деформация развития под действием неблагоприятных факторов. Психическим ресурсом жизнестойкости могут быть «поддерживающие факторы».

Поддерживающие факторы – это те люди, социальные институты, события и пр., которые способствуют нормальному психическому развитию вопреки факторам риска.

Появление проблем в ходе развития следует рассматривать как нормальный и естественный процесс, который не является патологией развития.

«Позитивное качество, приобретаемое на любой стадии, - писал Э.Эриксон,- испытывается необходимостью превзойти его таким образом, чтобы на следующей стадии индивидуум мог riskнуть тем, что на предыдущей стадии было для него особо оберегаемой драгоценностью».

Проблема употребления и распространения ПАВ детьми и подростками существует и представляет для общества опасность. На фоне ослабления функций института семьи и школы в 90-х неконтролируемые или слабоконтролируемые ниши были заполнены всевозможными субкультурными суррогатами, в результате чего сформировалась система негативных взглядов, ценностей и ориентаций. Дети и подростки оказались наиболее уязвимой и психологически беспомощной категорией населения, подверженной влиянию деструктивных, противоправных образцов поведения, категорией населения, которая нуждается в социально-педагогической и психологической поддержке.

Злоупотребление наркотическими и психотропными веществами носит эпидемический характер, является социально заразным заболеванием, отличается высокой степенью латентности, распространяется внутри социальных групп.

Задача психолога - организовать систему превентивных мер и социального контроля над употреблением и распространением ПАВ среди детей и подростков.

Подростки и молодежь находятся в зоне особого риска, основными факторами которого являются: употребление психоактивных веществ, ведущих к рискованному сексуальному поведению, нежеланной беременности, заболеваниям, передающимся половым путем; ВИЧ, смертность от внешних причин. Молодежь и подростки уязвимы перед давлением сверстников, и зачастую не могут контролировать свое рискованное поведение.

В то же время, подростки и молодежь в Казахстане, как и во всем мире, хотят жить защищенными и быть здоровыми,

хотят участвовать в планировании своего будущего. Они нуждаются в постоянной, точной и эффективной информации о последствиях рискованного поведения.

Ясно, что профилактика и мероприятия, направленные на изменение рискованного поведения, непременно принесут пользу: ведь доказано, что отношение к здоровью в подростковом периоде часто остается таким же во взрослом возрасте.

Основными направлениями работы психолога являются:

Организация профилактической деятельности: по пропаганде здорового образа жизни; проведение тематических мероприятий по профилактике употребления и распространения ПАВ: тренинги, круглые столы, консультации.

Организация тренингов, проведение консультаций с детьми, подростками, попавшими в зависимость от употребления ПАВ, неизбирательными в общении, недостаточной полоролевой идентификации, диффузной Я-концепцией, с различными формами аддиктивного поведения, развитие рефлексии.

Глубина и интенсивность рефлексии зависят от многих социальных (социальное происхождение и среда, уровень образования), индивидуально-типологических (степень интраверсии-экстраверсии) и биографических (условия семейного воспитания, отношения со сверстниками, характер чтения) факторов, соотношение которых еще недостаточно изучено.

В качестве целевых групп выбраны воспитанники детского комплекса «Жас даурен», «Детская деревня», ребята, находящиеся в ЦВИАРН и выпускники детского дома, проживающие в «Шаныраке». Эмоционально депривированные подростки и молодежь используют во взрослой жизни только основную форму приобщения к окружающей среде - адаптацию и испытывают проблемы в формировании более высших видов социализации: нарушения навыков интеграции и индивидуации.

Психолог занимается формированием более гибких поведенческих паттернов и, анализируя сценарии жизни родителей, так как практически все воспитанники имеют и знают судьбу своих родителей, используя рефлексивный метод, реконструирует свои сценарии.

Осознание личностных проблем своих родителей приводит к анализу собственного поведения и на основе этого - развитию самосознания, ответственности за собственную жизнь и будущее. Это детерминирует то, что подростки, юноши и девушки прорабатывают причины разрушительного поведения

(алкоголизм, беспорядочные гетеросексуальные отношения, токсикомания, наркомания и др.). Онтогенетически обусловленные, возникшие в результате деприваций и фрустраций проблемы выявляются в ходе индивидуального консультирования и групповой работы и переходят в область осознания. Становятся понятными причины сформировавшихся защитных механизмов (регрессия, вытеснение, замещение) и препятствующие дальнейшему развитию личности, тормозящие его развитие. Психолог, поддерживая личностное развитие, способствует росту, формированию защитных механизмов более высшего порядка (рационализация, проекция), освобождая личность от чувства вины в ситуации выбора, укрепляет позитивную самооценку ценности собственной жизни и значимости.

Литература:

1. Белогоров С. Б. Популярно о наркотиках и наркоманиях. СПб., 2000.
2. Берн Э. Игры, в которые играют люди. Психология человеческих взаимоотношений; Люди, которые играют в игры. Психология человеческой судьбы: Пер. с англ. СПб., 1992.
3. Берне Р. Развитие Я-концепции и воспитание. М., 1986.
4. Василюк Ф. Е. Психология переживания (анализ преодоления критических ситуаций). М., 1984.
5. Раттер М. Помощь трудным детям. Пер. с англ. М., 1987.
6. Скрипкина Т. П. Психологические особенности проявления доверия на основе интеграции внутренних ценностей на этапе ранней юности // Проблемы формирования ценностных ориентации и социальной активности личности. / Под ред. Г. М. Андреевой, Н. Н. Богомоловой. М., 1984. С. 115 — 126.
7. Предупреждение подростковой и юношеской наркомании // Под ред. С. В. Березина и К. С. Лисецкого. М.: Изд-во Института психотерапии, 2001.

Макалада мінез-құлықты түзету және оны сактандыру жөніндегі психологиялық көмек көрсету ұйымдарының мәселелері төңірегінде қарастырылған.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытудың тәсілдері мен нәтижелілігі

Адамзат қоғамының бүгінгі даму қарқыны дүние жүзінде өзара бағыныштылық және өзара әсерлесумен сипатталады. Экономика мен мәдениетке тән жаһандану үрдістері, қоғамның акпараттануы білім беру жүйесіне де өз әсерін тигізеді. Мектеп өз қызметінде әлеуметтік қарым-қатынастар аясында болып жатқан тарихи-мәдени өзгерістерді есепке алуға мәжбүр. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту бағыты жалпы орта білім берудің жаңа сапасына қол жеткізуде мектептегі оқытудың мақсатын және білім берудің жоспарланған нәтижелерін қайта қарауды талап етеді.

ЮНЕСКО құжаттарында ХХІ ғасырда білім берудің іргелі мақсат-міндеттері білім алуға үйрету (оқуға оқыту), жұмыс жасауға және ақша табуға үйрету (еңбектену үшін оқу, жұмыс жасай білуі), өмір сүруге үйрету (проблемаларды шеше білуі), бірге өмір сүруге үйрету (біріккен өмір сүру үшін оқу) деп белгіленген.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне енгізілген 12 жылдық мектептегі оқытудың басты нәтижесі ретінде құзырет танылып отыр. Құзырет – қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындық; жеке және қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру мақсатында табысты іс-әрекетке дайындық, білім беру жүйесіне әлеуметтік тапсырысты құрайды [1] делінген.

ҚР-ның жалпы білім беру стандартында білім берудің үш құрамдас нәтижелері белгіленген: проблеманың шешімін табу құзыреттілігі (өзіндік менеджмент), акпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер. «Құзыреттілік – оқушылардың іс-әрекеттің әмбебап тәсілдерін меңгеруінен көрінетін білім нәтижесі» деп анықтама берілген [1].

Біз қарастырып отырған мәселе – мектептегі білім беру жүйесінің бүгінгі қоғамның даму деңгейі қойып отырған талаптарға сай коммуникативтік құзыреттіліктерді оқушылар бойында дамытудың қажеттілігі мен педагогика ғылымының ұғымдық аппаратына коммуникативтік құзыреттіліктің ендірілмеуі, оған

сәйкес әдістеменің жасакталмауы арасындағы карама-қайшылықтардың шешімін карастыру.

Қазіргі таңда педагогика ғылымында «құзырет», «құзыреттіліктер» ұғымдарына берілген бірмәнді анықтама жоқ. Тек ғылыми зерттеулер ғана емес, сонымен қатар білім беруді дамытудың стратегиясын анықтайтын құжаттар да бұл ұғымдарды түрліше анықтайды. «Құзырет», «құзыреттілік» ұғымының мәнін ашу мақсатында философиялық, педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге талдау жасалды.

Осы мәселені зерттеу үстінде жүрген белгілі ғалым Ә.М.Мұханбетжанова өз жұмыстарында аталған ұғымдарды былайша сипаттайды: «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы сияқты күйде, яғни, құзырет – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, іс-әрекеттегі құзыреттілік. Құзыреттер – тұлғаның кандай да бір іс-әрекетте жүзеге асырылған құзыреттілігі [2].

Құзыретті философиялық тұрғыдан түсіндіру адамның танымы мен практикасына байланысты жаңалықтар мен жаңа енгізулерге жол ашады, сонымен қатар әрбір сыныпта педагогикалық ситуацияға қойылатын білімділік талаптарын анықтауға мүмкіндік береді [3].

Құзырет (латын сөзі *competens* – сәйкесті, қабілетті) – орындалатын жұмыстың мәнін, қойылған мақсатқа жетудің тәсілдері мен құралдарын терең және түп-түбіріне дейін білу, сонымен қатар сол жұмысқа сәйкес келетін іскерліктер мен дағдылардың болуы [4].

Жалпымәдениеттілік құзырет – өз бетімен білім алуға, оның барысында пайда болатын танымдық проблемаларды өз бетімен шешуге, өзінің позициясын белгілеуге жеткілікті білімділік деңгейі [5].

Құзырет – нақты пәндік салада нақты әрекетті тиімді орындау үшін қажет болатын спецификалық қабілет және оның қатарына арнайы білімдер, ойлау тәсілдері, өз іс-әрекетіне деген жауапкершілікті түсіну де енеді [6].

Құзырет – өзінің бойындағы белгілі бір білімі мен дағдысы арқылы шешім қабылдауға қатысуға немесе өз бетімен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін лауазым иесінің жеке мүмкіншіліктері, оның біліктілігі (білімі мен тәжірибесі) [7].

«Құзырет» ұғымын А.К.Маркова тұлғаның жетілуімен және оның еңбек міндеттерін орындауда өнімді әрекет жасауға және жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін күйге жетуімен байланыстырады [8].

Осылайша, құзырет - бұл оқу барысында жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет білімге де, дағдыға да жатпайды, бұл іс-әрекетті, іскерлікті тудыратын нәрсе. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады. Құзыретті меңгеру оқушының белсенділігіне тәуелді. Жұмыс жасауды үйрену үшін жұмыс жасау керек, қарым-қатынасқа түсуді үйрену үшін қарым-қатынас жөніндегі ғылыми баяндамаларды тындаудың пайдасы жоқ. Ағылшын не орыс тілінде сөйлемейінше, оларды меңгеру мүмкін емес. Тек практика жүзінде ғана компьютерде жұмыс жасауды үйренуге болады. Құзыреттің көрінуіне белгілі бір жағдайлардың әсері зор. Құзыретке не болу дегеніміз сол ситуацияға өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді адамдардың нақты ситуацияларда қажет болған жағдайда сол білімін қолдана алмайтындығын күнделікті өмірде кездестіруге болады. Осылайша, құзыретті дамыту және қалыптастыру үшін олар көрінетіндей нақты жағдайлар тудыру қажет.

Келесі ұғымға көшсек, құзыреттіліктер – адамның белгілі бір салада беделге, танымға, тәжірибеге не сұрақтар мен құбылыстар шеңбері [4]. Әлеуметтік құзыреттілік – қоғамдағы өмір сүрудің нормалары мен ережелерін дұрыс орындауға мүмкіндік беретін әлеуметтік дағдылар (міндеттер) [5]. Құзыреттілік – мамандық талаптарына сәйкес келетін дәреженің жеке сипаттамасы [8]. Құзыреттілік – белгілі бір ұғымдық жүйенің болуын талап ететін практикалық іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті, пайда болған проблемалар мен міндеттерді шапшаң шешуге мүмкіндік беретін ойлаудың типі, түсіну қабілеті [9]. Құзыреттілік – тұлғаның оқу-танымдық процесіне өз бетімен қатысуына және оны еңбек іс-әрекетіне дұрыс ендіруге даярлауға бағытталған оқыту барысында меңгерілетін білім мен тәжірибеге негізделген тұлғаның іс-әрекет жасау қабілеті және даярлығы [10]. Құзыреттілік – белгілі бір іс-әрекетті сапалы және өнімді түрде орындауда қажет болатын белгілі бір заттар мен процестерге қатысты белгіленетін тұлғаның өзара байланысқан сапаларының (білімі, іскерлігі, дағдылары, іс-әрекет тәсілдері) жиынтығы [11].

Осылайша, берілген анықтамаларды қорытындылай келе, «құзыреттілік» ұғымын субъектінің іс-әрекеттің мақсаты мен оны жүзеге асырудың құралын саналы түрде ұғынумен байланыстырылады. Құзыреттілік – бұл ситуацияға сәйкес құзыреттерді (іскерлік пен дағды) пайдалану үшін таңдау.

Құзыреттіліктер оқушы тұлғасын қалыптастыруда маңызды орынға ие. Басты құзыреттіліктердің негізі ретінде, біздің

ойымызша, коммуникативтік құзыреттілік танылады. Себебі, адам қоғамда өмір сүргендіктен ол, ең алдымен, басқа адамдармен байланысқа түседі. Кішкентай сәби қарым-қатынас негізінде дамиды. Баланың балабақшаға, мектепке баруы, кәсіпті меңгеруі, өмір сүруінің өзі қарым-қатынасқа түсу іскерліктеріне негізделген. Ақпаратты жеткізу, қабылдау, жинақтау, өзгерту, сақтау және қолдану қызметі қарым-қатынастық байланыста жүреді. Адамның негізгі іс-әрекеттерінде қарым-қатынас міндетті түрде жүреді.

Сонымен қатар, қазіргі білім берудің әлемдік деңгейдегі дағдарыстарының коммуникативтік жағына келетін болсақ, осы дағдарыстың бір көрінісі ретінде кітап мәдениетінің төмендеуін айтуға болады. Бүгінгі қоғамда жазба мәдениеті біртіндеп экрандық және желілік мәдениетке орын беруде. Іскерлік қарым-қатынастарда ақпаратты сақтаудың қағаз формасы емес, электрондық және сандық жүйесі қалыптасуда. ХХІ ғасыр мәдениеті басқа уақытпен салыстырғанда негізінен визуальды болып келеді. Осы өзгерістерден қарым-қатынастардың жаңа типі туындайды. Ғалымдардың пікірінше, экрандық және желілік мәдениеттің балалары кітап мәдениетінде тәрбиеленген ересек педагогтарға қарағанда дүниені басқаша қабылдайды [12]. Бұл жерде ересектер және жас ұрпақтың әлеуметтік ортамен, дүниемен өзара әрекеттесуіне мүмкіндік беретін ақпараттық көздерді пайдалануы арасында коммуникативтік және ақпараттық алшақтық проблемасы орын алады.

Соңғы жылдары жүргізілген зерттеулер нәтижесінде оқушының күнделікті өміріндегі коммуникативтік тәжірибесі мен дәстүрлі білім беру жүйесі арасындағы қарама-қайшылықтың артқаны байқалған. Мектептен шыққан жасөспірімнің өмірі бұқаралық ақпарат құралдарында толып жатқан ашық бояулармен қаныққан, көзге көрінетін бейнелерге толы. Ал осы уақытта мектептегі оқыту мен тәрбие негізінен ақпаратты ұсынудың дәстүрлі сөздік формасында қалып отыр.

Аталған өзгерістер коммуникативтік іс-әрекеттің жаңа типті субъектісінің пайда болуына әкеледі. Тікелей қарым-қатынасқа түсу оқытудың, тәрбиелеудің, өзара түсінісудің, тұлғалық дамудың негізгі көзі болып табылады.

Сондықтан біз өз зерттеуімізде, ең алдымен, коммуникативтік құзыреттіліктерді оқушылардың іс-әрекетінде алатын орнын ерекшелік отырып, коммуникативтік құзыреттіліктің мазмұнын белгіледік. **Коммуникативтік құзыреттілік** – бұл оқушылардың тәжірибесіне, қызығушылықтарына, психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес сөйлеу іс-әрекетінің барлық түрлерін,

ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетінің негіздерін, сөзді түрлі ситуацияларда пайдаланудың іскерлігі мен дағдысын меңгерудің нәтижесі.

ЮНЕСКО құжаттарында коммуникативтік құзыреттілік *бірге өмір сүруге үйрету (біріккен өмір сүру үшін оқу)* міндетінен туындайды. Литва Республикасындағы жалпы орта білім беру құжаттарында «коммуникативтік құзыреттілік - өзгенің пікірін тыңдай білу, топта жұмыс жасау қабілеті, жазбаша және ауызша коммуникация» деген анықтама берілген.

Хуторской А.В. коммуникативтік құзыреттілікті төмендегідей компоненттерге ажыратады:

- коммуникативтік тәртіп аймағындағы білімі (қажетті тілдерді білуі, логика, риторика, мәдениет және сөйлеу аймағындағы білімі);
- коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеті (оқу қарым-қатынастарын нақты және жедел орнату, белсенділік таныту, тұлғаны дұрыс қабылдау және түсіну, қоршаған ортамен және адамдармен біріккен іс-әрекет кезінде белсенді әрекет жасау);
- эмпатияға қабілетті болу (түсіне білу іскерлігі, өзгені сезіне білу);
- өзіндік бақылауға қабілеттілігі (көршісінің және өзінің мінез-құлқын реттей алу іскерлігі, әңгімелесушіні модельдей алу, дау-жанжал ситуацияларында өнімді жауап беру тәсілдерін табу, жағымды психологиялық климатты тудыру, субъектаралық қарым-қатынасты болжай алу);
- вербальды және вербальды емес қарым-қатынас мәдениеті (сөйлеу техникасын, риторикалық амалдар, аргументация техникасын меңгеру, қарым-қатынас ережелерін сақтау, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербальды емес құралдарды қолдану).

ҚР-ның жалпы білім беру стандартында коммуникативтік құзыреттілік - бұл:

- нақты өмірлік жағдайларда өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;
- стиль мен жанрды қатысымдық міндеттердің барабар шешімдерін таңдауға және қолдануға;
- әдеп нормасына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- өнімді өзара іс-қимылды, оның ішінде басқа да көзқарас пен бағыттарды ұстанатын басқа ұлт өкілдерімен қарым-қатынас диалогына түсе отырып, жанжалдық ахуалды шешуді жүзеге асыруға;
- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі позициядағы адамдармен топта қарым-қатынас орнату деп белгіленген [1].

Қорытындылай келе, коммуникативтік құзыреттілікті дамыту іс-әрекеттік сипатқа ие және ол оқушының функциональды сауаттылығына сүйене отырып жүзеге асуы мүмкін. Жоғарыда айтылған мәліметтерді талдау негізінде оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігінің құрамы анықталды (Кесте 1).

Кесте 1 - Коммуникативтік құзыреттіліктің құрамы

Коммуникативтік құзыреттіліктің компоненттері				
Когнитивтік			Іс-әрекеттік	Эмоционалдық-құндылықты
Лингвистикалық	Тілдік	Дискурсивті	Прагматикалық	Мәдениеттік
тіл, сөз, жайында, тіл бірліктерінің қызметі жайындағы білім және оларды талдау іскерлігі, коммуникация процесінде сөзді қолдану қабілеті	қарым-қатынас тың ауызша және жазбаша формалары н және нормалары н меңгеру, бірнеше тілді білу	белгілі бір жанрдағы мәтіндерді құру іскерлігі	нақты коммуникативтік мақсатқа және қарым-қатынас ситуациясына байланысты сөйлеу және іс-әрекет (диалог құру, топта жұмыс жасау қабілеті, өзіне жауапкершілікті ала білу қабілеті, бірлесіп шешім қабылдауға қатысу, бірін-бірі сыйлау, басқа мәдениет тілдері және діндегі адамдармен бірге өмір сүру қабілеті	сөйлеу техникасы, риторикалық амалдар, аргументация техникасы, әдеп ережелерін сақтау, ұғымдық аппаратты мақсатты түрде қолдану, сөйлеу мәдениетін меңгеру, вербальды емес құралдарды қолдану

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі лингвистикалық, тілдік, дискурсивті, прагматикалық, мәдени компоненттерден құрылған. Лингвистикалық компоненттің негізі тілдік білім, тілдік компонент ауызша және жазбаша сөздің нормалары білімінен құралса, дискурсивті компонент дискурстың түрлерін білу, оларды құру, жасау және түсіну іскерлігін қамтиды. Прагматикалық компонент қарым-қатынастың белгілі бір ситуациясында коммуникативтік мазмұнды жеткізу даярлығын көрсетеді, ал мәдениеттілік компонент сөйлеу, сөз таңдау, грамматика деңгейінде сөйлеу мәдениетін меңгеруді береді. Аталған компоненттер ҚР-ның мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандартында көрсетілген білім берудің нәтижелеріне сәйкес келеді.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру коммуникативтік іскерліктерді біртіндеп дамытуға негізделген. Ол оқу процесіне коммуникацияның жаңа құралдарын ендіруді қажет етеді. Соның бірі ұялы байланысты пайдалану. Білім беру тәжірибесінде оны пайдаланудың бір көрінісі – проблемді немесе пікірталасты ситуацияларда «ұялы байланыстан досыма телефон соғу», «SMS-хабарлама» тәсілдерін қолдануға болады. Егер оқушы кімнен нені сұрауды білсе, бұл оның құзыреттілігінің көрінісі болып табылады. Мектепте арнайы формада безендірілген және қажетті орынға орналастырылған қабырға (плакаттар тізбегі,

арнайы такта және т.б.) акпаратпен алмасудың және қарым-қатынастың тәсілі бола алады. Ол белгілі бір тақырыпқа, шараға, адамға арнаулы мүмкін. Онда оқушылар мен мұғалімдер тілектерін, афоризмдерді, цитаталарды, фотографияларды тіркей алады. Бұл тәсілді пайдаланған кезде ұйымдастырушылар материалдың мазмұны мен ұсыну тәсілдеріне орай арнайы этикалық нормаларды белгілеген дұрыс. Тұлғалық-бағдарлы білім беруде оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту процесінде түрлі жанрдағы мәтіндер дидактикалық бірліктер болып табылады.

Коммуникативтік құзыреттілік оқушыларды бақылаудан өзіндік бақылауға, әлеуметтік дамытудан өзіндік дамуға, монологтан диалогқа, түсіндіруден түсінуге ауысудың негізін құрайтын тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технология шеңберінде білім беру парадигмасының өзгеруімен байланысты жүзеге асырылады [13]. Диалогқа негізделген оқыту үрдісінде оқушылар акпаратты талдау негізінде сыни тұрғыдан ойлауға, күрделі мәселелерді шешуге, балама пікірлерді салмақтауға, дұрыс шешімдер қабылдауға, пікірталасқа қатысуға, өзге адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренеді. Осы мақсатта оқытуды ұйымдастырудың топтық, үштік, жұптық формаларын, диалогқа негізделген интерактивті әдістерді, тұлғалық-бағдарлы технологияларды, шығармашылық тапсырмаларды ендіру қажет.

Аталған технологиялардың тиімділігін және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамытудың деңгейін анықтау бағытындағы тәжірибелік жұмыс №42 «Ак ниет» гимназиясының 6-7 сыныптарында орыс тілі пәні сабақтарында жүргізілді. Эксперименттік тобындағы оқушылардың анықтаушы кезеңінде когнитивтік компонентінің жоғары деңгейіне 19,1%-ы, эмоционалдық-құндылықты құрамының жоғары деңгейі 43,1%-ы, іс-әрекеттік көрсеткіштің жоғары деңгейіне тек 20,3%-ы ғана болса, қалыптастырушы кезеңнен кейін бұл нәтижелер сәйкесінше 23,4%, 48,1%, 25,3%-ға өзгерген.

Бұдан шығатын қорытынды, оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытуда шағын топ, диалогқа негізделген тұлғалық-бағдарлы және интерактивті технологиялар пайдалану тиімді нәтиже береді, білім сапасын арттырады.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жалпы орта білім. Негізгі ережелер. – Астана, 2006.
2. Мұханбетжанова Ә.М. Болашақ педагогты құзыреттілік тұрғыдан кәсіби даярлау мәселесі // 12 жылдық орта білім берудің жүзеге асуын ғылым

- тұрғыдан қамтамасыз ету. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары: 2 бөлім. – Алматы, 2007. – 367б.
3. Розов Н.С. Философия гуманитарного образования. М., 1993. – С.137
 4. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка. М., 1993. - С.294.
 5. Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь: для студ.вышш. и сред.пед.учеб.заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2005. - С.62
 6. Дж. Равен. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / Пер.с англ. М., 2002. С.48.
 7. Роботова А.С., Леонтьева Т.В. и др. Введение в педагогическую деятельность. М., 2002. С. 25
 8. Маркова А.К. Психология профессионализма. М., 1999. С.8
 9. Милованова Н.Г., Прудаева В.Н. Модернизация российского образования в вопросах и ответах. Тюмень, 2002. С.25.
 10. Шишов С., Агапова А. Компетентностный подход к образованию // Лучшие страницы педагогической прессы. 2002. №3. С.5
 11. Хуторской А.В. Определение общепредметного содержания ключевых компетенций как характеристика нового подхода к конструированию образовательных стандартов // [www.eiudos.ru/news/compet-dis. html/](http://www.eiudos.ru/news/compet-dis.htm/)
 12. Колесникова И.А. Коммуникативная деятельность педагога. – М., 2007. – 336с.
 13. Мұханбетжанова Ә.М. Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері // Педагогика ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алуға дайындалған диссертацияның авторефераты: 13.00.01 - Алматы: АГУ, 2001.

Изменения в обществе и в сфере образования определяют необходимость внедрения компетентностного подхода в образовательный процесс школы. Для всестороннего развития личности важную роль имеет внедрение и использование в педагогический арсенал понятия коммуникативной компетентности. В статье рассматриваются пути развития и формирования коммуникативной компетентности учащихся.

Понятие «интеграция» как научная категория

На территории города Аркалыка расположено 18 ТОО, 428 крестьянских хозяйства, 1 опытная станция и 19 других сельскохозяйственных предприятий.

В заключении привожу средние цены на основные продукты питания по городу Аркалык на 15 мая 2006 года, в тенге за килограмм, литр

хлеб пшеничный из муки первого сорта	- 40
мука пшеничная первого сорта	- 33
молоко пастеризованное, за литр	- 70
говядина	- 362
баранина	- 420
свинина	- 341
конина	- 520
куры потрошенные	- 272
сахар	- 120
соль	- 24
масло сливочное	- 413
масло подсолнечное	- 171
маргарин	- 150
картофель	- 75

Перед городом Аркалык на будущее стоят большие задачи. Планируются увеличение площади посева зерновых, кормовых культур, улучшение естественных сенокосов и пастбищ путем подсева многолетних трав, рациональное использование сельхозземель, налаживание селекционно-племенной работы в

животноводстве, укрепление материально-технической базы переработки сельскохозяйственной продукции. В перспективе намечается запуск асфальтового завода, щебёночного карьера, кирпичного завода, восстановление птицефабрики и многое другое.

Литература:

1. Социально-экономическое развитие Костанайской области. Статистические сборники за 2003-2005 годы.
2. Костанайская область в цифрах. Статистические сборники за 2003-2005 годы.
3. Оперативные данные городского отдела сельского хозяйства и горстата за 2003-2005 годы.
4. Материалы периодической печати.

Осы мақалада 2003-2005 жылдар аралығында Арқалық қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының анализі және Арқалық қаласының 2010 жылға дейін даму бағдарламасының негіздері келтірілген.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

ӘОЖ 504.03(574.1)

Б.С. Сүлейменов

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік медицина академиясының доценті

Батыс Қазақстандағы 1946-1970 жылдардағы қалыптасқан экологиялық ахуал және оның ауыл еңбеккерлерінің материалдық-тұрмыс жағдайына тигізген ықпалы

60-80 жылдары адамзат қоршаған орта жағдайының кенеттен төмендеуі, кең ауқымды табиғи ресурстардың тартылуы сияқты проблемалармен бетпе-бет келді. Бұл проблемалар біздің республикамызды айналып өтпеді, тіпті оның батыс аймағына оның ішінде аграрлық секторға да, әлеуметтік-экономикалық салаға да есепсіз зор зардап әкелді. Табиғатты тиімсіз, экстенсивті техника арқылы пайдалану, ведомствалық үстемдік, табиғи ресурстарды мемлекеттік бақылаудың әлсіздігі экологиялық шиеленістің бір объективті себебі – осы. Қазақстандағы, әсіресе аграрлық сектордағы бұл орайдағы қордаланған мәселелер ұйымдастыру және әлеуметтік сипаты жағынан кешенді міндеттер жүктелді. Сондықтан республикалық экологиялық қордан қоршаған ортаны қорғау жөніндегі Қоғамдық Комитетті құру ретінде қаржы бөлінді. Сонымен 70-жылдардың ортасында республикада 1400-ден астам бақылау постылары, оларда 8472 қоғамдық инспекторлар жұмыс істеді. Табиғатты қорғаудың бір әдісі – тұрғындар арасында бұқаралық-үгіт жұмысын жүргізу. Осыған байланысты республика бойынша жұмыс істеп тұрған «Табиғат» халық университетінің бағдарламасын облыс жұртшылығы оқып үйренді. 1989 жылы халық депутаттары Батыс Қазақстан облыстық Кеңесі 1989-1990 жылдарға және 2000 жылға дейінгі уақытқа арналған облыстық «Экология» кешенді бағдарламасын қабылдады. Келесі жылдары облыс кәсіпорындарының, ұйымдар мен мекемелердің

экологиялық қауіпсіздігін кешенді зерттеген нәтиже бойынша Батыс Қазақстан облыстық экологиялық және биоресурстар басқармасы қаулы алды. Осы қаулы негізінде 812 тексеру, 111197 ереже бұзу анықталып, 186 лауазым иесіне 56360 теңге айыппұл салынды, 41 объект тоқтатылды, 4 іс прокуратураға берілді, 5 кәсіпорынға айып санкциясы жарияланды.⁽¹⁾ 60 – жылдардың екінші жартысынан бастап, батыс аймақтағы көптеген аудандарда су көздері саркылуға бет алды, судың сапасы төмендеп, бірқатар су қоймаларындағы гидрогеологиялық, биологиялық, тұз қалпының бұзылуы ерекше байқалды. Әсіресе, сол кезде жұмыс істеп тұрған Орал-Көшім, Қарғылы және Амангелді суландыру жүйелері тасымалдаудан және басқа себептерден судың 15%-н жоғалтты. Қолданылған шараларға карамастан топырақтың тұздануы мен батпақтануы, жануар мен өсімдіктер дүниесінің жүдеуі, ауа райының өзгеруі, даланың сортаңдауы мен қуандануы тоқталмайтын үрдіске айналды.

Батыс Қазақстандағы 4,6 млн. гектар ауылшарушылық дақылдары егістігінің 58%-і ғана 1975 жылы жыртас алқабы болды. Бұлар негізінен далалық, жартылай шөлді және шөлейт аймақтарда орналасты. Оның үстінде бұл жерлерге жел эрозиясы үлкен зардабын тигізді. Колхоздар мен совхоздардың басым көпшілігі топырақ қорғау технологиясының мүмкіндігін толық пайдаланбады, далалық жұмыс дер мезгілінде аяқталмады, шаруашылықтар еңбек және материалдық-техникалық жабдыктармен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз (70%) етілмеді.⁽²⁾ Қарастырылып отырған кезеңде «Жеміс-көкөніс», «жеміс-жидек» (Батыс Қазақстан облысы), «Пригородный», Пацаев атындағы (Ақтөбе облысы), «Первомай», «Тендік» совхоздарында (Гурьев облысы) топырақтың құнарлылығын сақтау арқылы экологиялық жағынан таза, балалар мен диета тамағы үшін нәрлі өнімді өндіру жөнінде игі қадамдар жасады.⁽³⁾

60-70 жылдары «қырғи-қабақ соғыс» шиеленісінің және жаппай қаруланудың күшеюінің соңы Семей және Капустин-Яр әскери алаңдарында ядролық, атом және басқа да жаппай қырып жоятын қару – жаракты сынауға әкеліп соқтырды. Осы тұста полигонды, әртүрлі әскери объектілерді ұстау мақсатында 18 млн. гектар қазақ жері пайдаланылды. Қазақстан бойынша полигондарда 500 ядролық жарылыс болды.⁽⁴⁾ Сынақ құрылғылардың ажал сепкен уытын мыңдаған адам тартты. Онмыңдаған тұрғын кемтар болып қалды, тіпті келер ұрпақ өміріне де сынақтардың кері әсері әлі сезіледі, жерасты сулары уланған. Полигонға жақын орналасқан мал азығының құрамында йод,

цезий, басқа да улы заттар мөлшері көп. Тек Семей облысында онкологиялық (кәтерлі ісік) ауруына ұшырағандардың саны 1975-1980 жылдары 7 есеге дейін өскен. Балалардың тууы азайып, адамдардың өзін-өзі өлтіруі өршіген. Семей полигонынан басқа жерлерде (27 орында) әртүрлі қуатта ядролық жарылыс болған. Ең қайғылы үлес жаппай қырып жоятын қаруды 17 рет сынаған Атырау облысына тиеді. 8 ядролық жарылыс Ақжайық өңірінде, қалғандары Ақтөбе, Ақмола, Оңтүстік Қазақстан облыстарында болды. Ғалымдардың, мамандардың мәліметтеріне сүйенсек, бір ғана Нарын құмы аймағында 29 ядролық жарылыс, ал оның 19-ы жер астында, 10-ы ауада сыналған. Сонымен бірге аймақта 159-ы қарулануға алынған 179 әскери қару-жарақ қашықтықтағы 619 ракета жойылған. Осылайша ауаға (атмосфераға) отыз мың тоннаға жакын жоғары улағыш қауіпті заттар шығарылды. Сынақ алаңдарына жакын жерлер радиация сәулелерімен, радионуклидтермен, ауыр металл сынақтарымен, улы заттармен мықтап зақымданған.⁽⁵⁾

Атырау облысындағы Тайсойған аумағы Капустин-Ярдың жалғасы болып табылады. Батыс Қазақстан мен Санкт-Петербург ғалымдары бірлесіп, мұнда топырақтың, өсімдіктің, су көздерінің ракета отынының улы заттарымен, ең алдымен гептилмен (қауіптің бірінші тобына жатады), таллимен, күшәладан әлдеқайда күшті улы заттардан зардап шеккенін дәлелдеді. Азғыр ядролық полигоны да Ресей Федерациясының атом орталығына қарайды, бұл күнде ол «Балқұдық» ұжымдық шаруашылығында (Атырау облысы), Капустин-Яр сынақ алаңы құрылғанға дейін ол Орда ауданының аумағына кірді. 1966-1977 жылдарда мұнда 17 жерасты жарылысы болып, ауаға 10 млн. кюри радиоактивті зат шығарылды.⁽⁶⁾ Бұл 1986 жылғы Чернобыль апатындағы зиянды заттармен тең. Ауаның ядролық, химиялық бүлінуі қоршаған ортаға, табиғатқа, жануарларға кері әсерін тигізіп, тұрғындардың ауруын асқындыруда, адамдардың түбіне жетуде. Ракеталардың, самолеттердің, танкілердің, әртүрлі техника бөлшектерінің қалдықтары суда еріп, езіліп, топырақтың құнарлы қабатын, ормандарды уландырып отыр.

Азғыр тұрғындарының денсаулығы нашар. Атырау облысындағы Қызылқоға ауданында 1975-1980 жылдары 900 адам қан ауруына шалдықты. 1975 жылы 70 ана мезгілінен ерте босанды, 61 бала дүниеге жарымжан болып келді, аналардың 90%-і – анемия, 60 жаңа туған сәби ана сүтін алмаған. 70 жылдардың аяғында 266 адам кәтерлі ісік сырқатынан қайтыс болып, 20 жас адам өзін-өзі өлтірген. Батыс Қазақстан облысындағы Орда ауданында да тап

осыған ұқсас жай. 1970-1980 жылдар аралығында сынақ зардабынан нерв жүйесі ауруы – 48 есе, құлак ауруы – 20 есе, асқазан жарасы – 11 есе, жүрек ауруы – 10 есе, бүйрек ауруы – 6 есе өскен. Зардап Жанақала ауданынан да шарпыған. Осы жылдар ішінде адамдар өлімі 2 есе артқанын зерттеулер көрсетіп отыр.⁽⁷⁾

Істің шын мәнісінде Батыс Қазақстан атом қаруы сыналған 45 жыл ішінде ядролық апат аймағына айналды. Зардаптар мөлшерін әлі ешкім түпкілікті анықтап болған жоқ, оның қашанға дейін созылатынын ешкім білмейді. «Сынақ алаңдарындағы экологиялық жағдай туралы» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық «Нарын» қозғалысы атынан Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетіне кезінде хат жолданып, онда радиактивтік уларды жою жөнінде нақты шаралар алуды, белгілі мөлшерде қаржы бөлуге талап еткен. Аумақ халқы экологиялық апат аймағында тұрғандықтан Республика Парламентінен ядролық жарылыстардан, химиялық ластанудан, Капустин-Яр сынағынан залал шеккен ел тұрғындарын әлеуметтік қорғау туралы заң қабылдауын сұрайды.

60-80 жылдардағы Қазақстанның ауылшаруашылығын дамытуды көздеген кешенді бағдарламада өндірісті өркендетудің және еңбек өнімділігін арттырудың басты шарты ретінде ауыл еңбеккерлерінің тұрмыс халін жақсарту жөнінде қабылданған шаралар жүйесі елеулі орын алды. Село тұрғындарының тұрмыс дәрежесін көтеруге бағытталған әлеуметтік бағдарламаның құрамдас бір бөлігі болып табылатын бұл шаралар жүйесі мыналарды қарастырады:

- колхозшылардың еңбекақысын совхоз жұмысшыларының жалақысына жақындату арқылы ауыл тұрғындарының өскелең кірісін, совхоз жұмысшыларының жалақысын өнеркәсіп қызметкерлерінің жалақысына жақындату арқылы бұлардың кірісін өсіруді қамтамасыз ету;

- бөлшек сауда тауар айналымының жоғары қарқыны мен селодағы ақылы төлемді қаладағымен салыстыра отырып, қамтамасыз ету негізінде ауыл тұрғындарының тұтынуын қала халқының тұтыну дәрежесіне жақындату;

- қала тұрмысына жақын ауыл жағдайын қалыптастыру елді мекендерді көркейту тағы басқаларды жүзеге асыру.⁽⁸⁾

Еңбекшілердің материалдық және тұрмыстық – мәдени қажеттері үшін жұмсайтын негізгі табыс көзі – еңбегіне қарай ақысы. 60-80 жылдары Қазақстанның ауылшаруашылығында колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының нақты табысын жоғарылатуға көмектесетін, ауылшаруашылық еңбеккерлеріне

өнеркәсіптегілерге жакын еңбекақы төлеуге мүмкіндік беретін маңызды шаралар дүниеге келді. Әлеуметтік ірі өзгерістердің бірі – мемлекеттік деңгейде бірыңғай зейнеткерлік жүйені, колхозшыларды әлеуметтік қамтуды енгізу. Осы мақсатқа 1965-1975 жылдары мемлекеттік қаржыдан 11,4 млрд. сом бөлінді.⁽⁹⁾ СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Қоғамдық өндірісті дамытудағы колхозшыларды материалдық ынталандыруды арттыру туралы» қаулысына сәйкес 1966 жылы еңбекке сенімді ақы төлеудің енгізілуі жақсы жаңалық болды. Мұнда совхоздарда қолданылып келген нормалар мен белгіленген баға бойынша колхоз мүшелеріне ақы төлеу (ай сайын) көзделді. Еңбекке сенімді ақы төлеудің принциптік артықшылығы болды, колхозшылардың жеке мүддесі мен қоғамдық мүдде жақындасты. Оған мысал 1965 жылы колхозда бір адам – күнге 3,4 сом төлесе, совхозда 3,65 сом, төленді. 1975 жылы бұл көрсеткіштер тиісінше 5,05 сом және 5,91 сом болды. Совхоз жұмысшыларының жалақысы едәуір өсті. 1975 жылы еліміздегі совхоз қызметкері орта есеппен ай сайын 74,6 сом 1980 жылы 135 сом жалақы алса, Батыс Қазақстан совхоздарының әр жұмысшысы ай сайын 1975 жылы 175,2 сом жалақы алды. Жекелеген шаруашылықтағы көрсеткіш бұдан да жоғары болды. Батыс Қазақстандағы «Перм» совхозы 1974 жылы мемлекетке 3,2 млн. пұт астық, көп мөлшерде ет тапсырды. Мұнда жұмысшының жылдық орта жалақысы 1470 сомға жетті. Озаттарға сыйлық ретінде қосымша ақы да төленді.⁽¹⁰⁾

1968 жылы СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «селодағы құрылысты ретке келтіру» деген қаулысында ауылдық жердегі елді мекендерді, поселкілерді біртіндеп жанарту, көріктендіру, мәдени-тұрмыстық объектілер мен қолайлы тұрғын үйлерді салу міндеттелінді. Аудандық, облыстық Кеңестер осы қаулыға сәйкес шешімдер қабылдап, алғашқы игі қадамдар жасала бастады. Көркейтілген ауылдар құрылысы өндірістің болашағына қарай совхоздардың келешегіне, даму жоспарына қарай жүргізілді. Ақтөбе облысында мәдени-тұрмыстық бағытта 54881,7 млн. сомның күрделі қаржысы игеріліп, 311 объект пайдалануға берілді. Олардың ішінде 66 монша, 50 магазин, 14 асхана мен мейрамхана, 35 клуб пен Мәдениет үйі, 3 кинотеатр, 6 кітапхана, 11 тұрмыстық қызмет көрсету шеберханасы, 5 аурухана, 10 дәрігерлік пункт, 45 мектеп, 6 интернат, 29 балалар мекемесі, 5 қонақ үй, 8 стадион, 1 спорт зал, 2 наубайхана, 10 әкімшілік үй бар. Бұған қоса 9377 үйге газ тартылды, 15 елді мекенге электр желісі жүргізілді. 40,8 километр жол жөнделді, басқа да жұмыстар тындырылды.⁽¹¹⁾

Батыс Қазақстан облысының ауылшаруашылығын дамытуға мемлекет бұл жылдары қыруар қаржы бөлді. Атап айтқанда, жетінші бесжылдықта облыс совхоздары 146 млн. сом, тоғызыншы бесжылдықтың алғашқы екі жылында 209 млн. сом күрделі қаржы алды. 10 жылда (1965-1975 ж.ж.) ауылдарда 740 мың шаршы метр тұрғын үй, 10 мың оқушылық мектеп, 3100 орындық балабақша, 27 клуб тағы басқа да объектілер тұрғызылды.⁽¹²⁾

60-80 жылдары сауда саласында оң өзгерістер болды. Халықты саудамен камту айтарлықтай жақсарды. Бұл кезеңде бөлшек сауда айналымы 2 есеге өсіп, Батыс Қазақстан бойынша 1965 жылғы 545,9 млн. сомның орнына 1168,4 млн. сомға жетті. Ауылдық жерде тауар айналымының көлемі әр адамға 40% артты. Осы саланың материалдық базасын нығайтуда көп іс тындырылды. Сауданың материалдық базасын нығайту мақсатында мемлекет 7,4 млн. сом күрделі қаржы бөлді. Осы қаржыға ауылдық жерлерде 8000 шаршы метр сауда алаңы бар 100 магазин салынды. Сонымен бірге өзіне өзі қызмет көрсететін 832 дүкен жұмыс істеді.⁽¹³⁾

Батыс Қазақстанда тұрғындарға медициналық қызмет көрсетуге айрықша көңіл бөлінді. 70-жылдардың аяғында Батыс Қазақстанның қалаларында, ауылдары мен селоларында 4,5 мың дәрігері бар 280 аурухана жұмыс жасап, олардың материалдық-техникалық базасы біршама нығайды. Бұл жылдары 10 мың адамға төсек орын 103-тен 120-ға дейін өсті.⁽¹⁴⁾ 60-80 жылдары СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Ауылдағы жалпы білім беретін мектептердің жұмыс жағдайын одан әрі жақсарту жөніндегі шаралар туралы» қаулысына сәйкес (1973 ж. сәуір) мектептер құрылысын кеңінен өрістетуге, оқу-материалдық базасын нығайту, жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлау сияқты өмір күнтәртібіне қойған мәселелерге назар аударылды. 70 жылдардың аяғына таман Батыс Қазақстан облыстарында 54,8 мың оқушылық жалпы білім беретін мектеп үйлері салынып, пайдалануға берілді. Білім беру ісімен бір уақытта халықты мәдени камту қатар жүргізілді. 1972 жылы шілде айында Қазақ КСР Жоғары Советі қабылдаған «Қазақ КСР ауыл тұрғындарын мәдени қызметпен камтуды жақсарту туралы» қаулысы бұл орайда белгілі бір роль атқарды. Батыс Қазақстан аумағында бір миллионнан астам дана кітап пен журнал жинақталған 1238 көпшілік кітапхана, 1200 клуб мекемелері 70-жылдары оқырмандар мен көрермендерге есігін айқара ашты. Олардың материалдық базасы біртіндеп нығайып, жұмыс сапасы мен мазмұны талапқа сай жақсара түсті. Ақтөбе облысы Шалқар ауданындағы Сарбұлақ ауыл клубында тақырыптық кештер, өндіріс озаттарымен кездесулер

ұйымдастырылды. Оларда «Бүгінгі қоғамның адамы қалай?», «Қазақстан – менің туған өлкем» деген қызықты кештер өтті.⁽¹⁵⁾ Гурьев облысында да мәдени шаралар тартымдылығымен көзге түсіп, қатысушыларды бей-жай қалдырмады. Мұнда 70 жылдардың ортасында 15 ұжымы «халықтық» деген атаққа ие болған көркемөнерпаздар қатарында 15 мың адам болды. Көркемөнерпаздар күшімен 57 мыңнан астам көрерменді қамтыған 250-ден астам спектакль мен концерт қойылды. Осы тұста «Жайық қызы» ансамбілінің атағы алысқа кетті.⁽¹⁶⁾ Орал облысының мәдениет қызметкерлері өзге әріптестерінен кем түспеді. Мәдениет Үйлері мен сарайларында жастар бойына адамгершілік, эстетикалық отансүйгіштік сезімдерді сіңіретін әртүрлі мазмұнды шаралар күн құрғатпай өтіп жатты. Көркемөнерпаздар ұжымдарының байқауы, «Өнер күндері» және «Ақындар айтысы» нағыз халықтық мейрамға айналды. Калинин атындағы колхоздың Мәдениет Үйінде халықтың ескі, жаңа салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, үйлену тойлары тағы басқа да шаралар театрландырылған көріністер арқылы беріліп, көрермендердің көңіліне шуақ нұрын ұялатты.

60-80 жылдарда барлық деңгейде жүргізілген әлеуметтік-мәдени шаралар ауыл тұрғындарының денсаулығын қорғауға, еңбек және тұрмыс жағдайын жақсартуға, олардың шығармашылық белсенділігін арттыруға, демалысы мен оқуын мазмұнды да, тиімді ұйымдастыруға бағытталады. Ауылшаруашылығы, оның ішінде малшаруашылығы іштей шайқалады. 1970-1975 жылдары сауылған сүт әр сиырға шакканда 100 килограмға, әр бас ірі қараның орташа салмағы 54, қой 3 килограмға кеміді.

Күрделі құрылыста орасан зор олқылықтарға орын берілді. Оған тоғызыншы бесжылдықта 1,6 миллиард сомның, он бірінші бесжылдықта 2,6 миллиард сомның игерілмеуі айғақ. 1971-1989 жылдары республиканың ауылшаруашылығына 58,2 миллиард сом, оның ішінде өндірістік объектілерге 43 миллиард сом бөлінді. Әйтсе де күрделі қаржы есебінен ауылшаруашылық проблемаларын шешеміз деген әрекет күткендей нәтиже әкелмеді. Қаржының жартысынан көбі -55 пайызы аса қымбат тұратын малшаруашылығына арналған орасан зор кешендер, өзін ақтамайтын суландыру жүйесі құрылысын салуға жұмсалды. Топырақтың құнарлығын арттыруға, фермаларды электр қуатымен жарактандыруға, еңбекті көп керек ететін учаскелерді механикаландыруға, ауылшаруашылық өнімдерін сақтап өндеуге қаржы аз мөлшерде бөлінді. Әлеуметтік салада, ауылдар мен

селоларды көркейту мәселелерінде бұрынғысынша «қалдық принцип» үстемдік етті.

Колхозшылардың, совхоз жұмысшыларының мемлекетке сатып отырған ауылшаруашылық өнімдерінің бағасын өсіру арқылы жағдайымызды түзейміз деген үміті ақталмады. Баға екі есе көтерілгенмен оның есесіне өндіріс тауарларының бағасы 2,5 есе көтерілді. 80-жылдары республикадағы ең өзекті проблема – азық-түлік бағдарламасын жасап орындау болды. Ол бойынша жылына бір адамға 72 кг. ет, 300 кг. сүт, 93 кг. картоп, 130 кг. көкөніс, бақша өнімдері көзделді. Бірақ та бұл да іске аспады, сөз жүзінде қалды. Азық-түлік бағдарламасында азаматтардың жеке шаруашылық меншігі – қосалқы шаруашылыққа үлкен мән берілді. 90-жылдардың 100 отбасына – 225 бас ірі қара малы, 423 қой, 30 жылқы келді. 1990 жылдың басында әрбір ауыл тұрғынының отбасынан қосымша – 275 кг. ет, 1500 кг. сүт, 847 дана жұмыртқа, 129 кг. картоп, 58 кг. көкөніс – бақша өнімі, 7 кг. жеміс-жидек алынды.⁽¹⁷⁾ Мұның өзі халықтың әлқуатына едәуір себебін тигізді. Алайда, бұдан әрі бұл игі іс ойлағандай өрісін таппады, ол іс шаруашылық басшыларының, жергілікті өкімет органдары тарапынан қолдау көрмеді, яғни қосалқы шаруашылық иелеріне материалдық және қаржылай көмек тиісті көлемде көрсетілмеді.

Әдебиеттер:

1. Жумабеков К.Б. Роль общественности в охране окружающей среды. - В кн.: Экологические проблемы Казахстана. А., 1991, с. 17. «Приуралье», 1996, 30 января.
2. Медеубеков К.У. Проблемы экологии в агропромышленном комплексе. В кн.: экологические проблемы Казахстана, с. 22. Народное хозяйство Казахстана в 1981 г.
3. Сонда, 23 бет
4. История Казахстана. Очерк. А., 1993, стр 383.
5. Бюллетень Международного Конгресса, Избратели мира против ядерного оружия. А., 14-26 мая 1990 г. История Казахстана. Очерк, с. 383.
6. Записка об экологической обстановке на испытательных полигонах и прилегающих к ним территориях в Западном Казахстане. - отправленной от имени Западно-Казахстанского областного общественного движения «Нарын» в Кабинет Министров РК, с. 2-3.
7. Сонда, 4 бет.
8. Решения партии и правительства по сельскому хозяйству (1965-1974 гг.), с. 14, 15, 35.
9. Проблемы аграрной политике КПСС на современном этапе. М., 1975, т. 2, с.341.
10. «Приуралье», 1975, 14 января.
11. ГААО, ф. 85, оп. 5, д. 109, л. 19-20.

12. Народное хозяйство Казахстана в 1975 г., с. 207. «Приуралье». 1975, 25 марта.
13. Народное хозяйство Казахстана в 1975 г., с. 182-193. «Приуралье». 1976, 18 февраля.
14. Народное хозяйство Казахстана в 1975 г., с. 243-245.
15. «Путь к коммунизму», 1974, 10 октября.
16. Алдабергенов У. Стирание граней между городом и деревней. А., 1977, с. 101.
17. «Приуралье», 1989, 13 декабря.

В данной статье говорится о экологическом состоянии в агропромышленном комплексе и жизненном уровне сельских тружеников Западного Казахстана в 60-80 годах XX столетия.

This article is devoted to the ecological state of agriculture anal the level of life of rural toilers of West Kazakhstan during go 80 years XX century.

В Западно-Казахстанском государственном университете им. М. Утемисова 16-17 октября 2007 г. состоялась Международная научно-практическая конференция «Послание Президента Назарбаева Н.А. народу Казахстана и задачи высшей школы», посвященная 75-летию ЗКГУ.

В работе конференции принимали участие ученые РК и стран СНГ, НИИ, общественные деятели, преподаватели, аспиранты, магистранты, представители государственных органов и общественных организаций.

На международной конференции были обсуждены следующие научно-практические направления:

1. Конкурентоспособность – ключ к успешной интеграции Казахстана в мировую экономику и сообщество. Проблема интеграции высшего образования и науки в современном Казахстане.
2. Инновационные возможности современного образования. Модернизация высшего образования в условиях глобализации.
3. Казахстанский патриотизм и формирование гражданского общества, как важнейшие факторы развития нового Казахстана.
4. Языковое, историко-археологическое, музыкально-этнографическое культурное наследие – духовная основа нации.
5. Охрана окружающей среды и геоэкологические проблемы, вопросы экологического образования.

Конференцию открыл приветственным словом ректор университета, д.и.н., академик, профессор Рысбеков Т.З. На пленарном заседании выступили Якиманская И.С. – д.псих.н., профессор, член-корреспондент Российской Академии образования (Москва); Сатыбалдин С.С. – д.э.н., профессор, академик НАН РК (Алматы); Абылкасымов Б.А. – д.фил.н., академик, профессор Института языкознания им. А.Байтурсынова; Франк Е.В. – д.э.н., профессор (Самара); Парнинова Г.К. – д.п.н., профессор СГУ им. Н.Г.Чернышевского (Саратов); Инночкин В.А. – начальник

В Западно-Казахстанском государственном университете им. М. Утемисова 16-17 октября 2007 г. состоялась Международная научно-практическая конференция «Послание Президента Назарбаева Н.А. народу Казахстана и задачи высшей школы», посвященная 75-летию ЗКГУ.

В работе конференции принимали участие ученые РК и стран СНГ, НИИ, общественные деятели, преподаватели, аспиранты, магистранты, представители государственных органов и общественных организаций.

На международной конференции были обсуждены следующие научно-практические направления:

1. Конкурентоспособность – ключ к успешной интеграции Казахстана в мировую экономику и сообщество. Проблема интеграции высшего образования и науки в современном Казахстане.
2. Инновационные возможности современного образования. Модернизация высшего образования в условиях глобализации.
3. Казахстанский патриотизм и формирование гражданского общества, как важнейшие факторы развития нового Казахстана.
4. Языковое, историко-археологическое, музыкально-этнографическое культурное наследие - духовная основа нации.
5. Охрана окружающей среды и геоэкологические проблемы, вопросы экологического образования.

Конференцию открыл приветственным словом ректор университета, д.и.н., академик, профессор Рысбеков Т.З. На пленарном заседании выступили Якиманская И.С. – д.псих.н., профессор, член-корреспондент Российской Академии образования (Москва); Сатыбалдин С.С. – д.э.н., профессор, академик НАН РК (Алматы); Абылкасымов Б.А. – д.фил.н., академик, профессор Института языкознания им. А.Байтурсынова; Франк Е.В. – д.э.н., профессор (Самара); Паринова Г.К. – д.п.н., профессор СГУ им. Н.Г.Чернышевского (Саратов); Инночкин В.А. – начальник

отдела архивов и документации ЗКО (Уральск); Катаев Е.С. – директор РГП «Межрегиональный республиканский центр по подготовке кадров технического и обслуживающего труда для нефтегазовой отрасли» (Атырау).

Саяпина Н.Н. – к.п.н., доцент СГУ им. Н.Г.Чернышевского и Курманова Н.Ж. – д.п.н., профессор, заместитель директора Республиканского центра ускоренного обучения государственного языка выступили на пленарном заседании в режиме on-line.

До начала конференции была организована встреча Сатыбалдина С.С., Абылкасымова Б.А. со студентами и преподавателями ЗКГУ. Д.п.н., профессор СГУ им. Н.Г. Чернышевского Александрова Е.А. провела курсы повышения квалификации для преподавателей университета с выдачей сертификатов об окончании курсов.

В работе конференции также приняли участие видные ученые д.ф.н., Мусаев А.М. (Актобе), к.п.н., доцент Тасимова А.А. (Актобе), к.и.н. Тайман С.Т. (Кызылорда), к.г.н. Пашков С.В. (Петропавловск), к.ф.н. Ручин В.А. (Самара).

Для участия в работе конференции было принято более 200 докладов.

По итогам работы пленарного заседания и секций были выработаны рекомендации. Готовится к выпуску сборник по конференции.

Международная научно-практическая конференция «Государственный язык: новые перспективы развития»

29 ноября 2007 года в ЗКГУ состоялась международная научно-практическая конференция «Государственный язык: новые перспективы развития». На пленарном заседании конференции в режиме on-line выступила д.п.н., профессор Казахского национального педагогического университета им. Абая Оразбаева Фаузия Шамшикызы.

Направления работы конференции:

1. Цели и задачи развития государственного языка на новом этапе.
2. Государственный язык и казахская диаспора за рубежом: история и язык.

3. Государственный язык и новые технологии обучения культуры языка.

В работе конференции приняли участие заместитель председателя общества «Қазақ тілі» Московского региона Российской Федерации Утешева Жаркын Конырбаевна, президент Самарского казахского национально-культурного центра «Ақжол» Жунисова Алтынай Хайдоллаевна, председатель Западно-Казахстанского филиала Союза писателей РК Бактыгереева Акуштап Бактыгереевна, начальник Информационно-инновационного отдела республиканского центра ускоренного обучения государственного языка Кусаинова Дина Жаксыгалиевна, заместитель акима ЗКО Сулейменов Серик Кенжебекович, д.п.н., профессор, заведующая кафедрой современного казахского языка и методики преподавания Оразбаева Фаузия Шашныкызы, начальник управления миграции ЗКО, управление развития языков ЗКО Карменов Габдрашит Карменович, высшие и средние специальные учебные заведения, начальник департамента развития языков ЗКО Кыдырниязова Шолпан Батыровна. По итогам работы пленарного и секционных заседаний конференции выработаны рекомендации и готовится к выпуску сборник.

«Фольклор әлемі және фольклортанудың ғылыми кеңістіктегі орны мен жаңа бағыттары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ұйымдастыруымен 2007 жылдың 20-21 желтоқсанында белгілі фольклоршы ғалым, профессор М.М.Тілеужановтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Фольклор әлемі және фольклортанудың ғылыми кеңістіктегі орны мен жаңа бағыттары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Белгілі фольклоршы, этнограф, жинашы, профессор М.М.Тілеужановтың туғанына 80 жыл толуына арналған «Фольклор әлемі және фольклортанудың ғылыми кеңістіктегі орны мен жаңа бағыттары» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты: ғалымның артында қалдырған мол әдеби мұраларын бүгінгі ғылыми көзқарас

тұрғысынан қайта карап бағамдау, оның казак әдебиеттану ғылымына және университетіміздің іргелі білім ордасына айналуына қосқан үлесі туралы жас буынға жеткізу, дәріптеу.

Конференцияның міндеті: профессор М.М.Тілеужановтың казак әдебиеттану ғылымы мен жалпы қоғамдық ойдың әр саласында қалдырған мол мұрасын жинақтау, оларды көрсету, ғалымның жеткен биіктерін насихаттау, ғалымның зерттеу нысанына болған мәселелердің қай кезде де өзектілігін дәлелдеу.

Ақтөбе қаласынан бірқатар ғалым-зерттеушілер келіп қатысты: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті Гуманитарлық зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы Мусаев Алпысбай Мұсаұлы, М.Оспанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік медицина академиясының әлеуметтік ғылымдар кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, ҚР ӨҒА академигі Тайжанов Алтай Тайжанұлы, сондай-ақ жергілікті Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану мұражайының директоры Танабаева Сара Естемірқызы.

Пленарлық мәжілісті университетіміздің ҒЗЖ және ХБ жөніндегі проректоры З.К.Мұхлисова алғысөз сөйлеп ашты. Сонымен қатар пленарлық мәжіліс жұмысына Қазақстан Жазушылар одағының Батыс Қазақстан облысы бөлімшесінің директоры, акын А.Б. Бактыгереева, Матжан ағамыздың ұлы Е.М.Тілеужанов, Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының проректоры, филология ғылымдарының докторы М.Б.Сабыр, Батыс Қазақстан тарих және археология орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Н.Сдықов, т.б. қатысып, ғалымның өмірі мен ғылым жолы туралы көптеген қызықты мәліметтер баяндады. Пленарлық мәжіліске жалпы саны 280-дей адам қатысты.

Сонымен қатар пленарлық мәжіліс өтетін акт залының алдында университетіміздің кітапхана бөлімінің ұйымдастыруымен М.Тілеужанов еңбектерінен көрме ұйымдастырылды.

Конференция жұмысының екінші бөлімі 3 секциялық жұмыстан құрылды.

1 – секция: Батыс Қазақстан фольклоры және әдебиеттану мәселелері.

2- секция: Профессор М.М. Тілеужанов және фольклордағы жанрлық синкретизм (тіл, мәдениет, тарих, дін, халық шаруашылығы).

3 – секция: Профессор М.М. Тілеужанов және казак фольклорындағы этнопедагогика, этнопсихология мәселелері.

Секциялар өз жұмыстарын бекітілген уақытта бастап, ойдағыдай аяқтады. Секциялар жұмысы барысында казак тілі, казак әдебиеті, әдістеме мен шешендіктану ғылымдарының алуан саласы бойынша ғылыми баяндамалар оқылып, талқыланды. Конференция материалдарын дербес жинақ ретінде басуға әзірлік жұмыстары жүргізілуде.



Біздің мерейтойымыз Наши юбиляры



Череватова Нина Константиновна работает в ВУЗа с 1974 года. С января 1974 года работала стажером-исследователем на кафедре химии и в этом же году в сентябре поступила в аспирантуру Института химических наук АН КазССР, которую окончила по специальности «Органическая химия». В 1981 году блестяще защитила диссертацию на степень кандидата химических наук, продолжая свою научно-педагогическую деятельность в Уральском педагогическом институте. В 1978 году получила


звание доцента ВУЗа. Ею опубликовано более 60 научных трудов в областных, республиканских и международных изданиях, среди которых есть учебные пособия по органической химии, электронный учебник «Органическая химия», практикум «Органическая химия» для студентов ВУЗов педагогических специальностей, методические разработки по контролю знаний студентов и др., которые внедрены в учебный процесс.

Череватова Н.К. повысила свою квалификацию в КазГУ им. С.М.Кефова, МГУ им. М.В. Ломоносова, Ленинградском государственном университете (ЛГУ) по химии. В ЛГУ рекомендованы к печати представленные главы учебника по органической химии. Череватова Н.К. написала свой учебник по органической химии для студентов педагогических ВУЗов, главы из которого периодически выходят из печати.

Работая по научной проблеме «Природные ресурсы Северного Прикаспия», Череватова Н.К. прививает навыки научного мышления студентам, обучающимся в проблемных экспериментальных группах, в которых изучаются экологические аспекты Приуралья, действие Караганакского месторождения на биологические процессы в растительных сообществах. Её студенты в 2004 году на международных студенческих конференциях в г. Алматы и г. Новосибирске за свои исследования получили награды.

Череватова Н.К. проявляет активное участие в общественной жизни университета, получила сертификат по обучению стандартизации и сертификации высшего образования РК, является аудитором ВУЗа. Проявляя честность и порядочность, она является членом комиссии по борьбе с коррупцией ВУЗа.

Принимательная, пробавительная, она снижает давление своих коллег, успешно руководила кафедрой химии университета 10 лет, проводит большую работу с молодыми преподавателями. Многие из них продолжают своё обучение в магистратуре и аспирантуре в КазНУ им. аль-Фараби. За свои научные и учебно-воспитательные заслуги Череватова Н.К. получила в 2001 году академическое звание профессора ЗКГУ.





50 жас

Ж. Ж. Майеков 1982 жылы

А.С.Пушкин атындағы педагогика институтының даңқты; біліміне Фурманов ауданы партия комитеті жалдамасымен оқуға түскен.

1972-1982 жылдар аралығында Жаналді Жұмақайұлы жұмысты, көпес армиясы жауынгері, комсомал ұйымы хатшысы ретінде әуелте қайнаппісті.

1983 жылы филология факультеті студенті атанды. Осы жылдар ол топ стажистасы, академик Қажым Жұмалиев атындағы өдеби бірлестік мүшесі, фольклор үйірмесі жетекшісі болып қызмет түсті. Профессор М.М.Тілеужановтың ғылыми жетекшілігімен республикадағы тұңғыш этнопедагогикалық кабинет ашуға өз үлесін қоса білді. 1987 жылдан бастап кафедрада ізденуші, ассистент, оқытушы, аға оқытушы қызметтерін атқарды.

1995-1998 жылдар ішінде ал-Фараби атындағы ҚазМУ аспирантурасына түсіп, 1999 жылы «Әбу Сәрсенбаев лирикасы» атты тақырыпта кандидаттың диссертациясын қорғады. 1999-2002 жылдар аралығында университеттің филология факультетінің деканы болып сайланды. 2004-2006 жылдары қазақ тілі мен өдебиеті факультетінің қазақ өдебиеті және шығыстану кафедрасының методология қызметін атқарды.

Жаналді Жұмақайұлы өз жұмысына серік қарады. Ол кафедраның психологиялық; ал-ақуалының жақсы дағдыға көтерілуіне де өзіндік үлес қосқан білікті маман. Жалдастары арасында беделді, ұжымды ұйымдастыра білу қабілеті жоғары.

Жаналді Жұмақайұлы институт, университет калеміндегі шағаралар баясы араласып отырады. Ол өз саласының іскер маманы ретінде танымал. Ұжым алдында үлкен беделі не Жаналді Жұмақайұлы тәлімгер ұстаз ретінде ғылым айданынан сұғинап жүрген жас талғам өкілдеріне ардағым көмек қатын сазын жүзеді.



МАЗМУНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ҒЫЛЫМИ НАБАРЛАМА

НАУЧНЫЕ СООБЩЕНИЯ

Ержанова Ұ.Р. - Ұлт тілі – ұлт дүниетанымын жеткізетін негізгі құрал.....	3
Ауанасова К.М. - Евразийские идеи в Казахстане и их воплощение на современном этапе.....	7

ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ

Әлібек С.Н. - XX ғасырдың 20-шы жылдарындағы Қазақстанда халыққа білім беру мәселелері тарихынан.....	14
Бердіғожин Л.Б. - Қазақстан мұнайшы мамандары 1960-1990 жылдарда.....	19
Боранбаева Б.С. - Ғұмар Қараштың педагогикалық ой-пікірлері.....	22
Ермұқанов Е.Н. - Ірі шаруа қожалықтарын тәркілеу және оған қарсы халықтың арыз-шағымдары.....	32
Елтезерова Г.С. - Б.Қаратаевтың қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы.....	36
Ешпанов В.С. - Участие оренбургских железнодорожников в мероприятиях по укреплению боеспособности Советской Армии (1941-1945 гг.).....	41
Жумағанбетов Т.С. - Характер и содержание власти древнетюркского кагана.....	48
Ибраев А.Т., Ибраева Э.А. - Начальный период сотрудничества Казахстана и России в области освоения космического пространства.....	57
Ибраева Э.А. - Особенности интеграции в использовании Каспийского моря.....	71
Қылышбай Сүндетұлы - Өлкеміздегі тұңғыш аудандық басылым.....	82
Лукпанов А.А. - История становления и развития экологических НПО в Казахстане.....	91
Махаева А.Ш. - XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ-қырғыз саяси байланыстары мәселесінің қазіргі кездегі тарихнамасы.....	96
Мухлисова З.К. - Феномен глобализации: особенности и противоречия.....	105
Тасмағамбетов А.С. - История формирования и развития организации «Безбожники» в Казахстане в 20-х -30-х годах XX века.....	111

ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМДАРЫ

ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Мұратова Г.Ә. - «Адам» концептісін оның іс-әрекеті арқылы таныту.....	116
Самойлова Г. - Эпиграфы в лирике Д.С.Мережковского.....	124

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

Ажиева А.С. - Трудности адаптации инновационной системы образования в Казахстане.....	130
Муханбетжанова А.М., Иргалиев А.С. – Реализация социально-педагогической деятельности в детской деревне семейного типа.....	135
Калаханова С.Б. - Отбасындағы қарым-қатынастың кіші мектеп жасындағы балалардың интеллект компоненттерімен байланысы.....	144
Қыдыршаев А.С., Мұханбетқалиев Ә.С., Әжіғалиев М.Қ. – Педагог маманның шешендік дағдыларын қалыптастыру шарттары.....	148
Қыдыршаев А.С., Әжіғалиев М.Қ. – Педагогикалық институттағы филолог смес мамандықтарға арналған. Педагогикалық шешендіктану курсының бағдарламалық бағыты.....	158
Молдагалиев Б.А., Жұмасейтова А.Е. - Кредиттік оқыту жүйесіне мектеп оқушыларын даярлаудың мәселелері.....	164
Мендыгереева Э.С. - Проблемы организации психологической помощи в профилактике и коррекции аддиктивного поведения.....	168
Мұқанбетова Ш.Т. - Оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін дамытудың тәсілдері мен нәтижелілігі.....	172
Узахова Ж.Т. - Понятие «интеграция» как научная категория.....	180
Хайруллина А.Б. - 12 жылдық бастауыш білім беру жағдайында оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған оқыту технологияларына қойылатын талаптар.....	184
Кульбекова А.К. - Сущность и содержание самостоятельной работы студентов-хореографов в учебно-творческом процессе вузов Республики Казахстан.....	189
Шатенова А.М. - Некоторые аспекты подготовки педагогических кадров к инновационной деятельности.....	193

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

Шаукенов Ж.А. - Некоторые аспекты социально- экономического развития г. Аркалыка за 2003-2005 годы.....	198
--	-----

Сүлейменов Б.С. - Батыс Қазақстандағы 1946-1970 жылдардағы қалыптасқан экологиялық ахуал және оның ауыл еңбеккерлерінің материалдық-тұрмыс жағдайына тигізген ықпалы.....	204
Ғылыми өмір - Научная жизнь.....	213
Біздің мерейтой - Наши юбиляры.....	218

АВТОРЛАР ҮШІН МӘЛІМЕТ

МАҚАЛАНЫҢ ДАЙЫНДАЛУ ТӘРТІБІ

«БҚМУ хабаршысы» жинағына жариялауға қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде мақалалар қабылдайды, ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстар гуманитарлық, жаратылыстану, экономикалық, өнертану, техникалық ғылымдар, білім мәселелері, сонымен бірге университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметі, аймақтың елеулі экономикалық дамуының мәселелері мазмұнын құрайды.

Журналға бағытталған мақала (компьютерлік мәтін көлемі 8 бет) 3,5 дискетасымен (мәтіннің қолжазба түрінде, 1,5 интервалымен, 16 шрифтсінен кем емес, және бір данасы А4 формат қағазында) берілуі керек.

Суреттегі берілген барлық әріп және сандық белгілер ең басты және сурет астындағы мәтінде түсіндірілуі қажет. Қолжазбадағы суреттері бар беттері мен мәтін беттері нөмірленген болуы керек. Мәтін мұқият тексерілген және редакцияланған болуы қажет. Сканирленген мәтіндер, грамматикалық және техникалық қателері бар мақалалар жинаққа енгізілмейді.

«БҚМУ хабаршысы» ғылыми журналына дайындық кезінде материалдарды жариялауға автор туралы мәлімет көрсетілуі қажет (аты-жөні (толық), ғылыми атағы, дәрежесі, лауазымы, жұмыс орны, мекенжайы, тел.), ӘОЖ нөмірі, ішкі және сыртқы рецензиясы (жариялауға ұсынылған ғылыми жұмыстың ғылым кандидаты және докторларының сын-пікірлері болуы керек), түйін (мемлекеттік тілде жарияланатын мақалаға - орыс немесе ағылшын тілінде, басқа тілде жарияланатын мақалаға - мемлекеттік, орыс немесе ағылшын тілінде), жариялауға төленген түбіртек міндетті түрде болуы қажет.

Мақаланы жариялауға expertтік комиссия бекіткен ғылыми-техникалық Кеңестің expertтік тұжырымдамасы болуы керек.

Материалдар белгіленген тәртіп бойынша сай келмесе, жариялауға қабылданбайды. Қолжазбалар редакция көзқарасын білдірмейді және авторларға кері қайтарылмайды.

К СВЕДЕНИЮ АВТОРОВ

ПРАВИЛА ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЕЙ

Для публикации в «Вестнике ЗКГУ» принимаются статьи на казахском, русском, английском языках, содержащие результаты научных и научно-методических работ в области гуманитарных, естественных, экономических, искусствоведческих, технических наук, посвященных проблемам образования, а также материалы, отражающие деятельность различных структурных подразделений университета, вопросы социально-экономического развития региона.

Статья (объемом 8 страниц компьютерного текста), направляемая в журнал, представляется на дискетах 3,5 (с обязательной распечаткой текста, шрифтом не менее 16, 1,5 интервалом и графики на бумаге в одном экземпляре на формате А4).

Все буквенные и цифровые обозначения, приведенные на рисунках, необходимо пояснить в основном или подрисовочном тексте. Страницы рукописи должны быть пронумерованы, включая листы с рисунками. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован. Сканированные тексты с грамматическими и техническими ошибками не будут включены в сборник.

При подготовке материалов к опубликованию в научном сборнике «Вестник ЗКГУ» обязательным условием является представление сведений об авторе (ф.и.о. (полностью), ученая степень, звание, должность, место работы, адрес, тел.), номер УДК, внутренней и внешней рецензии (публикуемые в издании научные работы должны быть рецензируемы кандидатами наук и докторами), резюме (статья, публикуемой на государственном языке, должно быть на русском или английском языках, статья, публикуемой на других языках – на государственном, русском или английском языках), наличие квитанции оплаты за публикацию.

Решение о возможности опубликования статьи подтверждается expertтной комиссией научно-технического Совета актом expertтного заключения.

Материалы, не соответствующие данным требованиям, к публикации не принимаются. Рукописи не рецензируются и не возвращаются авторам.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫМЕН БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ
ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Редакторы-Редактор:
Р.Р. Құжашева
Корректоры-Корректор:
Г. Шынтемирова

**Материалдарды
компьютерге беттеген
Верстка и изготовление
оригинал-макета**
*А.Абдуллина, Д.Тулеева,
Б. Мустаханова*

*М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті, 2007
090000, Орал, Сарайшық көшесі, 34
т.50-76-52*

Басуға 24.12.2007 ж. қол қойылды.
Офсет қағазы. Көлемі 14 б.т.
Таралымы 550 дана. Тапсырыс № 32
Бағасы келісім бойынша

Подписано в печать 24.12.2007 г.
Формат А4. Бумага офсетная.
Объем 14 печ.л. Тираж 550 экз.
Заказ № 32
Цена договорная

*Западно-Казахстанский
государственный университет
им. М.Утемисова, 2007
090000, Уральск, ул.Сарайшык, 34
т.50-76-52*